Поселившись в Хулун-Буире, хоринцы вначале представляли типичный субэтнос. Но долгое обитание в условиях тотальной зависимости от маньчжуров, плотное иноэтническое окружение, окончательный отрыв от материнского этноса и, как следствие этого, сокращение числа исконных этнических признаков привели к тому,

что у них полностью сменились этническое самосознание и самоназвание. Данное явление предопределило то, что в Хулун-Буире имя *шэнэ барга* осмыслилось хоринцами как их собственное имя, а себя они стали осознавать новым, отдельным и самостоятельным этническим образованием. Этим объясняется тот факт, что к настоящему времени их былая принадлежность к забайкальским хоринцам совершенно забыта. В этом плане весьма показателен подвергшийся перестройке в общественном сознании новых баргутов хоринский генеалогический миф о Хоридой-мэргэне. Теперь в подредактированном тексте мифа, уже соответствующей другим жизненным потребностям новых баргутов, на берегу озера охотится не Хоридой-мэргэн, а Баргу-батор. Он женится на девушке-лебеди и от этого брака на свет появилось потомство. От него образовались новобаргутские роды (V).

Мы также полагаем, что осознание себя новым этносом привело к тому, что новыми баргутами была проведена коренная переструктуризация этнического состава. Прежние хоринские внутриродовые патронимии *кукуры*, ведущие свое происхождение от реально живших предков, были возведены в ранг полноценных родов. Такой же статус был придан примкнувшим к новым баргутам в Хулун-Буире мелким этническим элементам со стороны, которые по собственно хоринской традиции были бы отнесены к числу *кукуров*. В итоге в настоящее время в двух новобаргутских хошунах (Западный и Восточный) живут представители более 60 родов. Приведем список, записанный у старейшего краеведа Хулун-Буира Бодонгута Абиды: даартан, баатууд, хуйцлэг, хурлаад, өзөөн, сартул, хагшууд, хүтгээд, харзал, сахираад, тавнангүүд, зайлхан, еншөөбүү, жорон, униад, хорчууд, их зон, жооргон, шарнууд, урианхан, болойнзон, эмгэнүүд, манхилиг, хонтон, абхан, сээрчин, эрээгэн, сээжингүүд, юнжигөбүүд, хөвдүүд, хуалан, хатигин, сээхэр, сүүжин, мөөөлөн, чонод, далангүүд, чочолиг, эзэд, хөх хайтал, одонгүүд, харгана, худай, боргил, цоохор, чибчин, бажиндар, галзууд, оримос цагаадай, хобхир цагаадай, шарайд, төмөрчин, алагуй, харангүүд, хөхнүүд, халхин, хашинууд, гучид, цагаан ураг, цагаан өргөө, бодонгүүд, тонгойд, номчин, хангин, авгачууд, хатагтай, цахар.

В процессе работы в Хулун-Буире выяснилось, что местное население старых баргутов иногда называет *шившин барга*, что у тех всегда вызывает недоумение. На вопрос, почему их так называют, старые баргуты отвечают, что сами они называют себя просто *барга*. А

откуда появилось имя *шившин барга*, хотя у них имеется род шившин, не знают. В работе по истории баргутов Тубшинимы, вышедшей во Внутренней Монголии, написано, что название *чивчин* (старомонг. написание - *шившин*) связано с именем предводителя бурятского рода Чепчугая (в написании Тубшинимы – Чибчигоя), который погиб в бою с русскими казаками в 1641 г. Автор, видимо, полагает, что гибель Чепчугая (за оказание вооруженного сопротивления он был заживо сожжен в собственной юрте) вызвало бегство его сородичей в Хулун-Буир. Там от имени Чибчигой возникло название *чивчин* (Tubshinnima, 1985: 68).

Отмечая ошибочность выдвинутого предположения, подчеркну, что Чепчугай по своему происхождению был из рода шоно, который является одним из основных в составе западнобурятского племени эхиритов. Поэтому если бы действительно состоялось бегство сородичей Чепчугая к Большому Хингану, то тогда в составе старых баргутов имелся бы род шоно. Но такого подразделения у них нет. Кроме того Тубшиниме следовало учесть, что имя эхиритского князца в форме Чепчугай было записано русскими. По-бурятски это имя звучало иначе – Шүбтэхэй, а не Чибчигой. После гибели Шүбтэхэя, возможно, опасаясь репрессий, некоторые его потомки перебрались в Баргузин и до сих пор живут там, указывая свою этническую принадлежность не иначе как шүбтэхэй шоно.

Дальше Баргузина потомки Шүбтэхэя не ушли. Но даже если допустить их бегство в Хулун-Буир, как полагает Тубшинима, то там они, войдя в состав старых баргутов, называли бы себя либо шүбтэхэй барга, либо шоно барга, либо эхирит барга, однако такие роды в составе старых баргутов отсутствуют. Поэтому имя Шүбтэхэй не могло принять форму *шившин*. Однозначно можно сказать, что два этих слова никакого отношения друг к другу не имеют, следовательно, говорить о бегстве эхиритов в Хулун-Буир нет оснований. Гораздо логичнее провести связь между баргутским именем *шившин* и этнонимом *шившин* у конных тунгусов, который обитал на юге Восточного Забайкалья, в непосредственной близости от Хулун-Буира (Шубин 1973: 107). По своему образу жизни эти тунгусы не отличались сильно от монголов, поэтому их род шившин мог оказаться в составе старых баргутов. С другой стороны, нельзя исключать вероятность обратного процесса, а именно: часть баргутского рода шившин на каком-то этапе своей истории могла инкорпорироваться в состав конных тунгусов и полностью с ними слиться. Но в любом

случае вопрос, в силу каких причин название одного рода шившин, независимо от его этнической принадлежности, стало использоваться окружающим населением в качестве общего наименования старых баргутов, остается загадкой.

Большой интерес представляет вопрос о социальной организации старых баргутов. Они состоят из 18 родов - эргэн, шарнур, хурлат, шившин, гавшут, товшут, хашенут, хартул, дулгачин, бажиндар, жэлхэмэг, урянхан, улят, харанут, шимшид, болингут, хубтул, гуйлгэчин. При анализе внутренних взаимосвязей родов выявлена одна четко сохранившаяся особенность. Роды эргэн и шившин, гавшут и товшут, харанут и шарнур, хашенут и хартул, дулгачин и жэлхэмэг составляют постоянные пары. В каждой паре обе стороны называют друг друга *ах дүү*, что значит «братья». На вопрос, откуда пошло такое название, часто говорят, что его возникновение обусловлено тем, что образующие пары роды имеют общее происхождение и их представителям запрещено вступать друг с другом в брачные отношения.

Но существует и другое объяснение обычая, согласно которому в прежние времена при женитьбе мужчина, например, из рода эреэгэн, вначале присматривал себе достойную спутницу жизни в роде шившин. Если такая там отыскивалась, то тогда он женился на ней, если же нет, то в таком случае он имел право взять себе в жены девушку из любого другого рода внутри старобаргутской общности. То же самое, но в обратном направлении, относилось к мужчине из рода шившин, составлявшего пару с родом эреэгэн. Поэтому члены этих подразделений, как и других взаимобрачных родов, называют друг друга *ах дүү* (VI).

На первый взгляд кажется, что сведения по данному вопросу противоречивы и в силу этого взаимоисключают друг друга. Но внимательное их изучение свидетельствует о том, что в обоих случаях здесь налицо отголоски былой дуально-фратриальной организации, что было характерно для племени. О том, что старые баргуты представляли собой классически оформленное племя, говорят и другие факты. Это строго соблюдавшийся до относительно недавнего времени обычай эндогамии, общая генеалогия, ведущаяся от мифического антропоморфизированного первопредка Бурал-Дайчина, единый язык, единые обычаи и традиции, общее для всего племени сакральное место для жертвоприношения духам - Төв Өлзийт обво. Все они указывают на то, что баргуты, как живя в XIII в. около Байкала, так и ко времени

переселения в Хулун-Буир были консолидированы в племенную общность.

В работах китайских авторов часто утверждается, что истоки этнической истории как старых, так и новых баргутов восходят к общности баегу (в древнетюрских памятниках - байырку), входившей в состав объединения тюркоязычных племен теле и обитавшей на западной стороне оз. Хулун. То есть они считают, что обе группы до появления в Хулун-Буире составляли единое целое. В период Тан баегу переселились на восточный берег Байкала, где стали называться *баргут*. Когда и каким образом от баргутов отпочковались хоринцы, объяснения в работах не дается [Tubshinnima, 1985: 26; Өлзий, 1999: 10; Sundui, 2005: 33].

Напомню, исконным именем новых баргутов было *хори*. В таком случае *баегу* – это китайское написание этнонима *байырку*, которое было первоначальной формой монголизированного имени *баргут* и самоназванием предков старых баргутов. Поэтому мнение, что новые баргуты, т.е. хоринцы, вначале тоже назывались *баегу*, лишено основания. Сказанное подтверждают результаты новейших исследований истории хоринцев, суть этногенеза которых сфокусирована в мифе об их происхождении от птицы-лебедя. Сравнительный анализ фольклора сибирских и других народов показывает, что совпадающий в мелких деталях типологически идентичный миф сохранился в устном творчестве некоторых этнических групп тувинцев.

Принимая во внимание тот факт, что культ лебедя был наиболее сильно развит в Саяно-Алтае и сопредельных районах Северо-Западной Монголии, можно предположить, что там некогда существовала достаточно обширная этнокультурная общность (одним из ее компонентов были хоринцы), почитавшая в качестве общегоtotема лебедя [Зориктуев, 2011: 155]. В составе этого объединения не могли быть предки старых баргутов, у которых не существовало одинакового с хоринцами ни на племенном, ни на родовом уровне мифа о лебедином происхождении и, как следствие этого, четкого и единого представления о тотемическом первопредке. После распада упомянутой общности хоринцы оказались в бассейне Верхней Лены, откуда постепенно перешли в Забайкалье.

Таким образом, бытоющее мнение, что старые баргуты (барга) и новые баргуты (часть забайкальского племени хори) Хулун-Буира некогда составляли единый этнический организм, а их общим предком

было известное по китайским источникам племя баегу, не подтверждается. Названные группы изначально представляли собой два разных самостоятельных этноса. Из них наибольшая генетическая близость к баегу обнаруживается у старых баргутов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Боржимский Ф. (1915) *Краткое историко-географическое и статистическое описание Хулунбурской области* // Известия Восточно-Сибирского отдела Русского географического общества. Т. XLIV. Иркутск.
2. Зориктуев Б.Р. (2011) *Актуальные проблемы этнической истории монголов и бурят*. М.
3. Молдобаев И.Б. (1993) *Устные рассказы о кыргызах у народов Сибири (к вопросу об этногенезе киргизов)* // Этническая история народов Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск. – С. 292-297.
4. Шубин А.С. (1973) *Краткий очерк этнической истории эвенков Забайкалья (XVII-XX вв.)*. Улан-Удэ.
5. Өлзий Ж. (1999) *Барга монголын түүх*. Улаанбаатар. 190 с.
6. Sundui Sh. (2005) *Erten-üй baryu yasutan*. Öbür Mongyul. 208 с.
7. Tubšinnima, Galjud. (1985) *Baryačud-um teüken-ű iireltü*. Öbür Mongyul. 173 с.

Информаторы

- I. Будагэрэл, 1948 г.р., г. Хайлар АРВМ КНР, запись Б.Р.Зориктуева, 1998, 2004, 2008 гг.
- II. Упанов Ж.Д., 1900 г.р., с. Баянгол Баргузинского р-на Респ. Бурятия, запись Б.Р.Зориктуева, 1978 г.
- III. Бямбаа, 1928 г.р., г. Баян-Хурэ АРВМ КНР, запись Б.Р.Зориктуева, 1998, 2000 гг.
- IV. Бодонгут Абига, 1915 г.р., г. Хайлар АРВМ КНР, запись Б.Р.Зориктуева, 1998, 1999, 2000 гг.
- V. Дугаржаб Цо., 1939 г.р., г. Амгалан АРВМ КНР, запись Б.Р.Зориктуева, 2002, 2006, 2011 гг.
- VI. Мэнхша, 1947 г.р., г. Баян-Хурэ АРВМ КНР, запись Б.Р.Зориктуева, 2001, 2002 гг.; Намжуун, 1926 г.р., Эвенкийский хошун АРВМ КНР, запись Б.Р.Зориктуева, 2002 г.

Салғараұлы Қ. Ата ізі Африкада да бар.

ӘОЖ 306.08

АТА ІЗІ АФРИКАДА Да БАР THERE ARE TRACES OF ANCESTORS IN AFRICA

Қ.САЛҒАРАҰЛЫ*

Түйіндеме

Автор мақалада жадымыздан өшүге айналған тым ескі заманның тарихын зерделеуге жазба деректер мен заттық айғақтарға қарағанда үрпақтан үрпаққа жетіп сақталған мифологиялық деректердің, яғни ауызша тарихтың берері маныздырақ екенине баса мән береді. Мифтанушылар тараапынан айтылған тұжырымдарды жайғана сараптап қоймай, мифологиялық аңыз-әңгімелердің тарихтық, тілдік деректері арқылы реңми тарихтың түрік халықтарын «х.э кейінгі VI ғасырда пайда болған» деген тұжырымдарымен келіспейтіндігін айтып, олардың адамзат баласы тарихының бастауында тұрган тым көне халықтардың бірі тұрлі дәлелдермен түсіндіреді.

Кітт сөздер: миф, Ио, Тана, Миной өркениеті, ас және ман халқы.

Summary

The author of the article gives special importance of oral history is disappearing from our memory. Mythology is not only clarify the facts different conclusions stories mythical legends, through linguistic data Turkic people "emerged VI century after X era" they do not agree with such conclusions, explaining that one of the ancient people of humanity is in the early history

Keywords: Myth, Io, Tana, Minoi civilization, nation As and Man.

Көшкінші жүртқа қатысты есте қалмаған ескі замандардың тарихын танып-білуде зерттеушілердің зерттеу аясын тек көз көріп, қолға ұстар айғақтардың «айтарымен» ғана түйіктап, сол арқылы мәлім болған жайдың төңірегін шыырладап, арқандалған аттай айналсоқтай беруді әдетке айналдырып, халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ауызша тарихына тиісті мән бермей келе жатқанын бұрын да талай айтқан едік. Қазір де қайталай айтуға тұра келеді. Өйткені зерттеушілердің жазылмаған заңға айналған бұл әдеті – көмескі беймәлім тұстары көп көне замандардың шындығын ашуға осы күнге дейін ойға тұсау, ізденіске кедергі болып келеді. Осының салдарынан бағзы заман адамдарының наным-сенімін, таным-түсінігін бойына сіңірген халықтық аңыз-әңгімелердің астары ашылып, айтпағы

* филология ғылымдарының кандидаты, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана-Қазақстан.

Candidate of Philology a leading scientific researcher in the scientific research center of Turkology, Astana-Kazakhstan. E-mail: K.Salgara@mail.ru

айқындалмай, олардың бәрі, қазіргі түсініктегідей, мифке, яғни «өтірік», «жалған» деген ұғымға телінген. Бүгінгі таңда көшіліктің «миф» дегеннің өзінің әуелті тұпмагынасының грекше: «сөз», «аңыз», «әңгіме» дегенді білдіретіні ұмыт болып, оны жәй бір қияли бос сөзге балайтыны да содан. Мифке деген осындай сыңаржақ көзқарас салдарынан көне замандардан жеткен аңыз, әңгімелердің берер тарихтық, тілдік деректік мәліметтері айқындалмай, заманында айтушының тыңдаушы назарын өзіне аударып, еліктіру мақсатында жанынан қосып, әрлеген түрлі қияли әсірелеулерінің тасасында қалып, шындық дәні аршылып алынбай қала береді. Соған орай қазіргі таңда, зерттеушінің түйінделер бар ойы нақты жазба дерекке, ол болмаған жағдайда, тек жер қабаттарынан археологтар тапқан материалдық айғақтарға ғана тәуелді. Мысалы, қазіргі тарих ғылымына «Миной өркениеті» деген атпен еніп, «адамзат өркениетінің алғашқы ошағы – Крит» деген ұғымның санага сыналай кіріге бастауы да содан, табылған заттық айғаққа жадыланудан ба дейміз. Өйткені мұндай тұжырымның ағылшынның белгілі археологы Артур Эванстың XIX ғасырда Крит аралынан жазуы бар көптеген қыштақтайшалар (*қыштақшалар*) тауып, оларды зерттең, танығаннан кейін барып пайда болғаны белгілі. Бұл жазулардың арасында көне иероглиф таңбалары да болған және олар мөрлердегі, вазалардағы, қабыргалардағы, медальондардағы жазулардан да кездескен. Сондай-ақ кейбір тақтайшаларда сызықты таңбалармен беріліп, әр таңба бір буынды сөзді білдіретін жазулар да табылған. Бұларды зерттеген ғалымдар оның алғашқы түрін «сызықты «А» жазуы» («Линейное письмо А»), уақыт өте жетілген кейінгі түрін «сызықты «Б» жазуы» («Линейное письмо Б») деп атап, олардың бәріне ортақ «Этеокрит» («Шынайы Крит», басқаша айтқанда *Криттің әуелгі төл тұрғындарының жазуы*) деген ат берген болатын.

Алайда тіл мамандарының тарапынан бұл жазулар түгелдей оқылып, танылғанымен, олардың тілі, қай халықтың мұрасы екені, жазуларда не айтылғаны әлі күнге анықталған жоқ. Шешілмеген жұмбақ күйінде қалды. **«Бір кезде болған, кейін белгісіз себептермен құрып кеткен халықтың магынасы айқындалмаган жазуы»** деген ғылыми тұжырыммен бар тағдыры тұйықтальшы, зерттеу жұмысына нұкте қойылған. Жазу құпиясы ашылмағаннан кейін осы аралдан орындары табылған, өзімізге мектеп оқулығынан таныс миф - Эдип патшаның баласы Тесейдің Минотаврды өлтіретін атақты Лабиринті мен ғажайып сарайлардың да кімдердің мұрасы екені

анықталмай қала берді. Алайда, соған қарамастан, осылардың бәрі тұтаса келіп, зерттеуші ғалымдардың «ежелгі көне өркениет ошағы – Крит» деген тұжырым жасауына мүмкіндік туғызды. Былай қарасаңыз, көзге көрсетіп, қолға ұстараты бар нақты заттық айғағтарға негізделген ғылыми тұжырым-ақ! Құдіктенуге, терістеуге басқа дерегіңіз де жоқ. Бәрі дұрыс.

Бірақ, солай дей тұрып, айтар уәжің, алға тартар нақты айғағың, ұсынар дәйекті дерегің болмағанымен, санаңың бір түкпірінде пайда болған бір түйткілдің осының бәрін, тіпті, ғылымның мойындағанына, мойындағанына қарамастан, тарихи ақиқат ретінде қабылдауға кедергі жасап, басқа бір қыырға жетелейтіні де шындық. Шындығына келгенде, ол түйткілді туғызатын да осы мифология деректері.

Қарап отырсаңыз, әлемнің жаратылышы жөніндегі ықылым замандағы қай халықтың аңыз-әнгімелерін алсаңыз да, солардың бірде-біреуінде «адамзат баласы Арапда жаратылыпты» деген дерек жоқ. Өз басым еш жерден кездестіре алмадым. Оның есесіне, керісінше, мейлі ол ғылымның соңғы жетістігінің нәтижесіне сүйеніп, ғылыми тұжырым жасаған генетик ғалымдардың нақты көрсеткеніндей, Оңтүстік Шығыс Африка болсын, мейлі жер шарының басқа бір нүктесі болсын, әйтеуір адамзат баласының құрылышта пайда болып, сол арадан төрт құбылаға шашырай тарағаны жөніндегі деректер баршылық. Олай болса, ежелгі көне өркениеттің ошағына алғаш от жағушылар да криттіктер, яғни арапдықтар емес, құрылыштағылар болуы керек емес пе?!. Бұл ретте, тіпті, басқаны айтпағанның өзінде, түнерген тұңғиық теңіздің жағалауынан шалғайда жатқан алыс Арапта жету үшін пайдаланар құралды (*ол - сал ма, қайық па, кеме ме – бәрібір*) алдымен ойлап тапқан құрылыштағылар екеніне қандай дау болуы мүмкін. Криттіктер де алғаш арапта соларды пайдалану арқылы жетті емес пе?! Құрылышта өркениетке тырнақ іліктірмеген тоғышар тобырдың теңіз ортасындағы елсіз арапта жетуі, жеткен күннің өзінде басқа құрылышта жоқ салтанатты сарайлар салып, түрлі жазуларды менгеріп кетуі ақылға қонар шаруа ма?!

Біздің пайымдауымызша, бұл орайда, Крит аралына алғаш сырттан келгендердің Жерорта теңізінің жағалауында пайда болған өркениеттің өкілдері екені анық. Олардың сонда, яғни құрылышта жүріп жеткен ортақ жетістікті Критке келген соң одан әрі дамытып, құрылыштағылардан қара үзіп, озып кетулері әбден мүмкін. Өйткені құрылыштағылар билікке, байлыққа таласып, бір-бірімен соғысып,

қол жеткізген игіліктерін өздері қиаратып, бұлдіріп жатқанда, оңаша аралдағылардың бейбіт тірліктің қызығын көріп, қай тұрғыдан да еркін демып, жетілулері табиғи заңдылық қой. Соган орай Криттің ең көне өркениет ошағының біріне айналуы әбден мүмкін. Бірақ табылған заттық айғақтарға қараң, бүкіл Эгей теңізі мен оның жағалауларына ортақ өркениетті бір Критке теліп, содан шығарудың да жөні жоқ сияқты.

Мұны бұлайша ежіктең жатқанымыз, осындай және осы тәріздес басқа мәселелерді зерде елегінен өткізгенде әлем халықтарының ортақ бастау тарихының шындығын ашуға тек жазба деректер мен заттық айғақтарға иек артып, солар арқылы ғана белгілі бір тұжырым жасаудың қателікке ұрындыратынын айқын сезінгендіктен. Әлем халықтарының ортақ бастау тарихының сонау көне заманының басты кейіпкерлерінің бірі - түрік халықтарының тарихынсыз жазылуы, оларды х.э. кейінгі VI ғасырға дейін білмей келуі осының толық айғағы.

Жадыдан өшірілген тым ескі заманының тарихын зерделеуге, егер ақиқатқа жүгінсек, жазба деректер мен заттық айғақтарға қарағанда ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халықтардың өзінің жадында сақталған мифологиялық деректердің, яғни ауызша тарихтың берері маңыздырақ болса керек. Шынтуайтқа келгенде, жоғарыда айтылған «ас» және «мән» халықтары жөніндегі алғашқы мәліметтерді де біз тек осы мифология деректерінен, яғни халықтардың өздерінің ауызша тарихынан ғана табамыз және олардың бәрінің бірдей жалаң қияли әңгіме еместігі де бірден көрініп тұрады. Мысалы, сөз болып отырған мәселеге орай, мифология деректерінде: Күн мен Айға табынған ежелгі адамдардың билеушілерінің өзге тексттерінен ерекшеленіп, өздерін Күн мен Айдың баласы етіп көрсеткенін және солардан өсіп-өніп тараған ұрпақтан «ас» пен «мән» аталатын халықтардың пайда болғаны айтылса, сол дәстүрдің кейінгі замандарда да үзілмей жалғасқанын қазіргі ғылымның өзі де дәлелдеп отырған жоқ па?! Билеушілер тұқымынан пайда болған көшкінші халықтардың кейінгі тарихынан белгілі: «торк» (*torq+ұрық*), «төре» (*tør+ie*); ұндіеуропа халықтары тарихынан белгілі: «царьские скифы» (*патша скифтер*), «царское племя» (*патша тұқымы*) деген халықтық атаулар сол

ежелден бар дәстүрдің кейінгі жалғасуының айғағы емес пе?!¹ Мәселеге осы тұрғыдан келіп, мифология деректеріне жүгінсек, жалпы адамзат баласының бастау тарихының, қалай дегенде де, ас пен мән (ман) халықтарының тарихынан басталатынын пайымдау онша қызындыққа түспейді. Бұларға кейбір зерттеушілер «қай» халықтарын қосады. Олар, тіпті, манды ысырып тастанап, ас пен қайды алғашығарады. Ал бұл екеуінің қайсысы біріншілікке ие дегенге келсек, ол – әлі нақты шешімі табылмаған мәселе қуйінде қалған. Өйткені мифтанушылардың бірі өз зерттеулерінде астан қай бөлінген десе, екіншісі қайдан ас бөлінген дегенді айтады. Мениң өз пайымдауымша, бұлардың ішінде біріншілік ас халықтарының еншісіне тиетін секілді. Оған айтар уәжім: аңыз әңгімелер берер мәліметтер дерегіне қарағанда, қай тайпасының түптегі - теңізге қайық салушылар. Олардың теңіз кезіп, жаңа жерлер ашқан жауынгер тобы «қайбөрілер» деп аталған теңіз қарақшылары² (*тираттар*). Адамзаттың эволюциялық даму жолында теңізді игеруі жерді игеруден көп кейін болған жетістік. Осы негізде теңізге қайық салған қайларды жерге дән сепкен астардан бөлінген болар деп топшылаймын.

Мифтанушы ғалымдар ас халқының Күнді құдай тұтып, күнге табынғанын әйгілейді. Грек мифологиясы Құдай-Ананың (*Богиня-Мать*) Крит аралында босанып, Бала-Құдайды (*Мальчик-Бог*) өмірге әкелгенін, оған Ас-Солнце (*Күн-Ас*) деген есім бергенін айтады. Кейін Критте осы Құдай-Баланың құрметіне «Кұнас» (*Кносс*) ғибадатханасы салынады. Осыған қарап, біраз ғалымдар ас халқының тегін Крит аралынан шығаруға бейім. Мысалы, зерттеуші А. Айзахметов бұл ретте: «Здесь мы должны иметь в виду, по древним легендам, что Богиня-матерь родила на острове Крит мальчика бога, имя которого было связано с солнцем, а местом поклонения был Кносс. В казахском транскрипции слово «кносс» разлагается на словосочетание «күн ас», что означает «ас солнце». Таком случае, по логике вещей, Богиня-Мать родившая мальчика-бога и давшая ему имя «Ас-Солнце», должна

¹ «тор» сөзі: көнетүрікше «білік», «білеуші» деген мағынаны білдіреді. Соңдай-ақ орыс ғалымдарының «турік» пен «торқ» этонимдерін «бір-бірінің баламасы, синоним атаулар» деген тұжырымдарының кате екенін еске саламыз. Қараныз: Салғараұлы Қ. «Түріктер». Астана. 2007. 51-54-б.).

² Қай – көнетүрік тілінде «кебіс» дегенді білдіреді (М. Қашқарі сөздігін қараныз). Мысалы, қайық – «су кебісі» (қай–кебіс, ық–су), құдық (құт–су). Соңдай-ақ қай «жылан» деген мағынаны да білдіреді. Мысалы, «қай», «оранқай» халықтық атауларындағы «қай» осы «жылан» деген ұғымнан шықкан. Бірақ бұлар, мениң түсінігімде, ас атауынан кейін пайда болған тотемдік атаулар.

называться «Матерью Аса», в казахской транскрипции «Ас-Ана». Полуостров, на котором переселившиеся асы нашли себе убежище, получил название Пелопоннес». ... асы, которые нашли себе убежище на Пелопоннесе и заключили там союз с племенами кай. Этот племенной союз получил тогда название – пеласги. Но среди этого племенного союза стало выделяться особо племя асов с царственной родословной. В данном случае я говорю о племени, ведущую свою родословную от той самой Богини-Матери, породившей на Крите Мальчика-Бога и давшая ему имя Ас-Солнце, который и стал родоначальником всех асов и местом поклонения ему был Кносс. Это царственное племя именовалось «Ас-Ана», то есть «Мать аса» (*Айзахметов А. Возрождение тюркского мира. Тараз.2014. стр.74 и 77*), - деп, астардың Криттен Пелопоннес түбөгіне келіп, қоныс тапқанын айтады. Бұл арада ізерттеушінің пайымдауларының жалпы бағытымен келісуге болар. Бірақ оның өз тарапынан жасаған тұжырымдарын нақтыландыруға келгенде қосылмайтын тұстарымыз баршылық.

Алдымен, оның ас халқын Пелопоннеске Крит аралынан келді дегені жайында. А. Айзахметовтың астарды Пелопоннеске Криттен қоныс аударып келгендер етіп көрсетуі Крит аралын мекендеушілерді ең көне халық деп түсінуінен өріс тартатын секілді. Бұл, бізше, қате түсінік. Өйткені астар Пелопоннеске сырттан келгендер емес, ежелден сол түбектің автохтондық құқы бар, байыргы тұрғындары. Әлгі көнегректің ежелгі ақыны Гесиоттың «пеласгилерді қокте әлі Ай пайда болмай тұрганда бар көне халық» десе, сол пеласгидің негізін осы астар құраганы белгілі. Миф аңыздарында көп айтылатын кейінгі кай, ман, омо, агау, тана халықтарының бәрі осы астардан тараган. Түптеп келгенде, Крит аралының астары да бір заманда осы теңіз жағалауларын мекендейген астардан шығып, сонда барғандар. Егер, А. Айзахметов айтқандай, Криттен шыққан астар Пелопоннеске келген болса, онда ол олардың атажүртқа – ежелгі отанына арада көп уақыттар өткізіп барып қайта оралулары ғана болмақ.

Астардың жер шарының біраң өніріне тараган көп санды тым көне халық екенін ежелгі халықтардың біразының мифологиясында бар аңыз-әңгімелердің деректері де айғақтап бере алады. Тіпті, кей халықтардың мифтарында «ас» атауын құдайдың есімі етіп көрсететіні де сол өте көнеліліктің айғағы. Мысалы, скандинавдықтардың мифологиясында «Ас» Один бастаған құдайлар тобының ортақ аты. Оны кейде солардың кейбіреулерінің әкесінің есімі ретінде

қолданатындары да бар. Ал шешендер мен ингуштардың мифінде «Аза» (*Ас-а*) құдай әйел, Күннің қызы [1, 50; 119]. Сол секілді ас тайпалары деңдей мекендеген бір құрылыштың тұластай «Азия» (*Ас-ұя, астың мекені*) деп аталуы да біраз жайды аңғартқандай. Ең ғажабы, генетика ғылымының соңғы жетістігінің бірі – ДНК тәсілімен жасалған зерттеу қорытындыларына сүйенген генетик ғалымдар осы Азия құрылышын мекендеген халықтардың баршасының түптегінің ежелгі түріктектестерден тамыр тартатынын баршага жарияладап отыр. Мұны да есте ұстаған жөн бе дейміз.

Сондай-ақ осы автордың криттіктердің құдай тұтып, «Богиня-Мать» деп тәу еткен әйелін астардың анасы деп танып, оны «Ас-Ана» атауының және оның баласы «Ас-Солнце» дегенді «Күн-Ас» деп алуының негізсіз еместігін құптауға болады. Шындығында да солай болуы әбден мүмкін. Бірақ мұның бәрі тек криттіктер үшін, яғни Крит аралын мекендеген астар үшін ғана солай. Ал басқа жердің астары үшін олай емес. Олардың әрқайсысының осылар тәріздес аталған өз билеушілері-құдайлары бар. Сондықтан зерттеуінің криттік ««Богиня-Мать» дегенді бүкіл ас халқының тұпанасы, «Ас-Солнце» дегенді тұпатасты (родоначальник) деген тұжырымын тарихи шындық ретінде қабылдауға болмайды ғой дейміз.

Біз, жоғарыда, Күнді құдай тұтып, соған табынған жүрттың билеушілері өздерінің тегін «күннен жаратылған» деп жарияладап, «Күн тегі» атанғанын айтқанбыз. Міне, осыған орай сол кездің адамдары «Күн тегі» атанғандар әuletінен шықкан билеушілерді әрі құдай, әрі патша деп қабылдаған. Матриархат дәүірінде қалыптасқан осындағы нағым-сенімнің бесігінен шыққан астардың құрылыштан Крит аралына келген бір бөлігінің билеушісінің «Богиня-Мать» (Құдай-Ана), ал оның баласының «Мальчик-Бог» (Бала-Құдай) аталуы табиғи заңдылық, барлы-жоғы бұрыннан бар, қалыптасқан дәстүрдің жалғасы ғана. Сондықтан Криттен табылған жазуларда осылай аталады еken деп бұлардың бірін («Богиня-Мать» дегенді) бүкіл астардың тұпанасты, екіншісін («Мальчик-Бог» дегенді) тұпатасты ету шындыққа келмейді. Бұл атаулардың басқа астарға, яғни басқа жердің Күнге табынушыларына қатысы жоқ. Криттегідей қағазға түсіп, хатталып кейінгігे жетпеді демесеңіз, олардың әрқайсысының өз билеуші Ана-Құдайлары, Бала-Құдайлары болғаны анық. Мысалы, ықылым заман халықтарының біразының мифологиялық аңыз-әңгімелерінің кейіпкері, Зевс құдайдың ғашығы – Ио да тана халқының адамдары үшін осындағы Құдай-Ана.

Мұның бәрі сөз ретіне орай атылып жатқан пайымдаулар. Біздің негізгі мақсатымыз мифтанушылар тарапынан айтылған тұжырымдарды сараптау емес, мифологиялық аңыз-әңгімелердің тарихтық, тілдік деректері арқылы ресми тарихтың түрік халықтарын «х.э. кейінгі VI ғасырда пайда болған» деген тұжырымдарының қателігін көрсетіп, олардың адамзат баласы тарихының бастауында тұрған тым көне халықтардың бірі екенін дәлелдеу, тіпті, дәлелдей алмаған күннің өзінде көзқарақты оқырманға ой салу болғандықтан, бұл мәселені осымен доғарып, негізгі айтпағымызға көшелік. Бұл ретте бізге Ио туралы мифтік аңыздар дерегінің берер мағлұматы мол.

Жалпы өзгелерге қарағанда Ио туралы мифтік аңыздар баршылық, әрі олардың айтарлары да әр қылыш. Солардың ішінен маңызды мәлімет беретін Овидийдің «Метаморфозы» поэмасы мен Эсхилдің «Прометей прикованный» трагедиясындағы Иога қатысты деректерді жүйелеп мазмұндаған мифтанушы Николай Кунның «Легенды и мифы Древней Греции» атты еңбегімен бірге тарих атасы Геродоттың әйгілі «Тарихындағы» аңыздарды ерекше атаған жөн. Тұптеп келгенде «Мифы народов мира» атты энциклопедиядағы Иога қатысты материалдар да осылардан алынып, қорытылған мәліметтер. Алда айтылар ойдаң түсінікті болуы үшін, алдымен, осы деректердің өзіне кезек берелік.

Николай Кунның мазмұндауы бойынша оқиға былайша өріледі. Кезінде құдайлар анасы Гера өзінің күйеуі Зевстен көп тепіреш көреді. Соның бірі Зевстің ғажайып сұлу қызы Иога ғашық болуына қатысты. Біліп қалса, қызғаншақ Гераның сүйіктісіне қастандық жасайтынын ойлаған Зевс Ионы **ақ танаға** (*белоснежную телку*) айналдырып, көзден тасалауга ұйғарады. Бірақ оның бұл әрекеті Ионы Гераның қаһарынан құтқара алмайды. Зевстің айласын біліп қалған Гера көргеннің көзін тойдырар сүйкімді ақ танаға қызықкан болып, оны өзіне сыйлауын өтінеді. Бермеске сенімді сылтау таба алмаған Зевс амалсыз Ионы Гераға беруге мәжбүр болады. Осылайша Ионы қолға түсірген құдыретті Гера оны жүзкөзді Аргусқа күзеттіріп, қатаң бақылауда ұстайды. Осыдан бастап Ионың қайғылы да азапты күндері басталады.

Қапияда айырылып қалған гашығының қайғырып, қан жұтып, азапта жүргенін көрген Зевс өзінің ұлы, желаяқ Герместі шақырып алышп, оған қалайда ақ тананы ұрлап алышп, бостандыққа шығаруды тапсырады. Гермес жүзкөзді Аргусқа түрлі қызықты әңгіме, ертек айтып, елітітіп, көзіне ұйқы үйіреді. Маужыраған Аргус қалғып кетіп,

Салғараұлы Қ. Ата ізі Африкада да бар.

бір сәт жүз көзін түгел жүмған кезде, соны аңдып отырған Гермес өзінің қайқы (*изогнутый*) қылышымен оның басын қағып түсіреді. Сейтіп Ио бостандыққа шығады.

Бірақ бұл да жанын қызғаныш билеген Гераның қаһарынан Ионы құтқара алмайды. Ионың ұрланғанын біле салысымен, Гера ақ тананың соңына жантүршігерлік екі шанышқақты¹ салып қояды. Шаққан жерінің қанын сорғалатын бұл екі жәндік ақ танаға (*Иога*) тыным бермей, алдана салып еңкілдетіп қуады да отырады. Денесін қызырып қызған темірдей қарыған екі шанышқақтың бізгегінің (*жалосының*) уытына шыдамаған ақ тананың қашып бармаған тауы, баспаған жері қалмайды. Осылай сорлап, шаршап-шалдырып жүріп, скиф даласындағы таудың теріскей шыңдарының біріне шегенделген (*бұгауланған*) Прометейге жолығады. Әбден азып-тозған, жүдеген Ио зар жылап отырып, Прометейден ендігі тағдырының не болатын айтып, көмектесуін өтініп: «О, Прометей! Здесь на этом пределе моих скитаний, открой мне, молю тебя, когда же кончатся мои муки, когда же наконец найду я покой? – деп жалынады.

Оған Прометей: «О, верь мне Ио! Лучше не знать тебе, чем знать. Много еще стран пройдешь ты, много встретишь ужасов на своем пути. Твой тяжкий путь лежит через страну скифов, через высокий снежный Кавказ, через страну амазонок к проливу Босфор так назавут его в честь тебя, когда ты переплываешь его. Долго будешь ты, затем блуждать по Азии. Ты пройдешь много страны, где живут, несущие смерть горгоны; на их головах извиваются щипя, вместо волос. Остерегайся их! Остерегайся грифов и однооких аримаспов; и их ты встретишь на свем пути. Наконец достигнешь ты Библинский гор, с них извергают свои благодатные воды Нил. Вот там-то, в стране, которую орошают Нил, у его устья найдешь ты покой. Там вернет тебе Зевс твой прежний, прекрасный образ, и родится у тебя сын Эпаф. Он будет властовать над всем Египтом и будет родоначальником славного поколения героев. Из этого рода произойдет тот смертный, который освободит меня из оков. Вот что, Ио, поведала о судьбе твоей мать моя Фемида» [2, 68-69].

¹ Н. Кунда: бұл қорқынышты жәндікті «овод» деп атайды. Оводтың қазақшасы «бөгелек». («Бұгелек» деп те айтады). Қазақ ұтмында бөгелек тек жылқыны шағып, берекесін алатын жандік. Ол сиырға онла қауіпті емес. Сиырдың жанын шығарып, есін тандыратын жәндікті қазақ «шанышқақ» дейді. Ескі дастандарда ес-ақылы қалмай, жан-жаққа қашқан жауды: «Шанышқақ тиген сиырдай, қоярга жанын жер таптай» деп теңейтін жолдар бар.

Міне, мифологиялық аңыз кейіпкері Ио туралы дереккөздері берер деректің бірі осындай. Енді осы айтылғандарды талдау арқылы бұлардың түріктекес халықтардың сонау ықылым заманнан бар көне халық екенін анықтауға қандай қатысы барын түсіндіріп көрелік. Онымызды және осы Ионың есімі мен оның шыққан тегін анықтаудан бастайық.

Біздің пайымдауымызша, бұл миф кейіпкері есімінің дұрыс аталуы Ио емес, Иө. Көне халықтардың кейбірінің тілінде Иө «Ай» деген сөздің баламасы, синонимі. Мысалы, қытайлықтар айды қазір де «иө» дейді¹. Грек мифологиясындағы ақ танаға айналып, екі шанышқақтың айдауында бұқіл Греция, Азия² жерін аралап, арыпашып Африкаға жетіп, қайтадан адам бейнесіне түскен жерінде Ионың Ай аталуы да, кейін өзі билік жүргізген ел-жүртінің атауымен бірігіп, «Тана+ай» (*Дана-ай*) аталуы да осы ойымыздың дұрыстығын құптап, Ио есімінің түріктердің тұпататегіне қатысы барын айғақтай тұседі (*Бұл жөнінде сәл кейінірек толығырақ айтамызыз. К.С.*). Бұл Ионың есіміне қатысты.

Енді Ионың шыққан тегі жөнінде.

Байыптаң қарасаңыз, осы тақырыпқа қатысты басқа миф деректерінің бәрінде де Ионы «Аргостың патшасы Инаханың қызы» деп көрсетеді. Демек, бұған бақсақ - Ионың туған жері, өскен ортасы осы Аргос, яғни Ио Аргостың төл тумасы. Сондай-ақ аңыз деректерінен Аргостың автохтондық тұрғындарының ежелден пеласгилер екенін де жақсы білеміз. Олай болса, Ионың әкесі Инаханың осы пеласгилерді билегені, солардың патшасы болғаны да зерде мойындар шындық. Кейін осы пеласгилердің Құнді құдай тұтқандарының өздерін «ас», ал Айды құдай тұтқандарының мән (*ман*) деп аталғанын да айтқанбыз. Уақыт өте келе Айға табынып, өздерін «Айдың бауырлары» санаған мандар әлеуметтік жағдайларына қарай іштей екіге бөлініп, біреуі «аха» (*ага*), «аха-ай» (*айдың агасы*), екіншісі «іні-ай» (*айдың інісі*), «Іні-ай-ман» (*найман*) атанып, өз алдарына жеке-жеке ел болғаны мәлім.

¹ Осы ретте монголдардың, тибеттіктердің, қытайлықтардың, корейліктердің, вьетнамдықтардың генофондын ДНК тәсілі арқылы тексерген генетик ғалымдардың тибеттіктер мен қытайлықтардан және монголдардан ДНК-ның «түріктік» төрт типі (*A,B,C,D*) түгелдей тапқанын да еске сала кеткеннің артықтығы болmas.

² Ол кездің адамдарының түсінігінде «Азия» деген үтим Жерорта теңізінен Сырдарияға дейінгі аралықты ғана білдірген.

Міне, осылардың бәрін халықтың ауызша тарихында мифтік аңыз-әңгімелер деректеріндегідей ықылым заманың ел билеушілерін төл атымен атамай, оның орынына халқының, елінің атауын соның есімі ретінде атайдынын ескере отырып, ой елегінен өткізсек, Ионың әкесі Инаханың да аты оның өзінің төл есімі емес, оның елінің атауына байланысты айтылған деуге негіз бар. Бұган «инаха» сөзінің төркінін (этимологиясын) анықтау арқылы көз жеткізуге болады. Инаха - ежелгі түріктердің уақыттың (бәлкім, басқа тілдердің) ықпалымен сәл өзгеріске ұшыраған «нағыз аха» (самый главный аха) деген мағынаны білдіретін «ең аха» деген сөзі. Басқаша айтқанда, «ең аха» - аха елінің ең жоғарғы билеушісі, яғни патшасы деген ұғымды білдіретін атау. Осыдан шығарып, аңыз кейіпкері Ионың шыққан тегін анықтауға да мүмкіндік туады. Ио (Иө, Ай) – аха елінің билеушісінің қызы, Аргосты мекендерген аха (ахай) жұртының тумасы. Ал аханың ман халқы екенін және олардың ежелгі түріктектес халықтардың аргы ата-бабаларымен қалай тамырласып жатқанын осының алдындағы тарауда арнайы сөз еткенбіз.

Осы орайда жанама дерек ретінде ахалар жөнінде мол мәлімет беретін гректің көне жырауы Гомердің әлемге әйгілі шыгармасын да еске сала кеткеннің артықтығы болмас. Осында ахалардың біріккен күшпен Трояға жасаған шабуылды кеңінен суреттелетіні белгілі. Осы Троя соғысының ахалар жағынан айырықша аталатын батырларының бірі – Одессей. Оның басқа батырлардан ерекшелігі: айла-амалы көп, тапқыр қу адам. Ол сол күлгінен ахаларды жеңіске жеткізеді. Міне, осы Одессейдің елін Гомер өзге ахалардан бөліп «итаха» деп атайды. Түрік халықтары ежелден алдауды, өтірік айтуды, күлкін-сұмдықты жек көрген. Ондай жасаған адамды «ит-адам» (собака-человек), мінезін «ит-мінез» (собачи характер) деп атаған. Мұның солай екеніне Махмұд Қашқаридың, Жусіп Баласагұнидің еңбектері мен батырлар жырын оқыған кез келген адам көз жеткізе алады. Гомердің алдамышы қу, айлакер Одессейдің елін басқа ахалардан бөле-жара «ит-аха» (собака-аха) деп атауында сол ежелгі түріктік түсінік жатыр деп батыл айтуға негіз бар.

Бұл айтылғандардың бәрі, көне аңыз дерегін қалайда түрікке жақыннату мақсатында қылнанан қиоластырган жалаң қияли бопса тірлік еместігін Иоға қатысты келтірілген жоғарыдағы жер-су, ел атауларынан да айқын көруге болады. Құғын-сүргіннің бар азабын бастан өткөріп барып, өліп-талып Африкаға жеткен Ионың сиырдан адам кейпіне айналып, тыныштық тауып тұрақтаған жеріндегі аңызда

айтылатын жер-су аттары (*топонимдер, гидронимдер*) мен халықтың атауларының (этнонимдер) бәрі түріктік атаулар. Олар мыналар: «Библі тауы», «Ніл дариясы», «Тыныс номы», «Тана өзені», «Тана көлі», «Тана жұрты». Түрік халықтарының тілінен хабары бар кез келген адамның бұл атаулардың қай-қайсысын да дәл осы күйінде ешқандай «Тұсіндірме Сөздіксіз-ақ», ешбір ғылыми талдаусызың-ақ әрқайсысының недей мағына беретінін, жеке алғандағы сөздік мәнін бірден ұға алатына сенімді болғанымызбен, тіл білмейтіндердің көңілінде күдік қалmas үшін осы атаулардың бәріне қысқаша болса да арнайы жеке-жеке тоқталып өтелік.

Жоғарыда келтірілген анызда Прометей Иога: «Наконец достигнешь ты Библинский гор, с них извергает свои благодатные воды Нил», - деген еді ғой. Міне, осындағы «Библинский гор» - Библі тауы. «Библі» сөзі көнетүріктің «бібі» деген сөзіне көптікті білдіретін «лі» жүрнағы жалғану арқылы жасалып, «бібісі бар» деген ұғымды білдіреді. Ал «бібі» деп түрік халықтарының тілінде төрелердің, мырзалардың әйелін айтады. Сөздіктерде оған: «Бібі - жена вельможи (представители духовной, дворцовой знати или аристократии)», - деген түсінік берілген [3, 149]. Сонда «Библі тауы» түрікше: «Бібісі бар тау», «Бібісі көп тау» деген ұғымды білдіреді. Қазақтың қарағайы көп жерді «қарағай-лы»; жиедесі көп ерді «жиеделі»; биесі көп ауылды «бие-лі»; түйесі көп ауылды «түйе-лі» дейтіні сияқты. Матаархат заманында таудың былай аталуы ешқандай күдік тудырмаса керек.

Енді осы Библі таудан берекелі мол сұы ақтарылып жатқан Ніл дарияға келсек, оның да атауы түріктік мағынаға ие. Ніл – түрікше ашық көгілдір түстің аты. Түрік халықтары, оның ішінде қазақтар жездің тотығып көгерген түрін де «ніл» дейді. Осында жезі көп жерді «Ніл-ді» деп атайды. Орталық Қазақстанның бір өнірі қазір де «Нілді» деп аталады. Ніл атауы әуелде түстің түрінен, әлде жездің осы түрінің көгілдір-жасыл түсті болуынан шықты ма, ол жағын дәл айту қын, әйтеүір араларында бір ортактастық бары анық. Кешегі жоқшылық заманда аналарымыздың ақ жаулығын кір көтереді деп ақшылтым көгілдір түске бояғанда «нілге салдым» дейтінін өзіміз де талай естіп естік. Мұнда «ніл» бояудың бір түрі. Осыларға қараганда, Библі таудан құйылған берекелі мол сұымен қуаң даланы құлпыртып жатқан арналы дарияның атын көк-жасылданып толқылған сұнының түріне қарап бір кездे Африканы мекендеген арғытуріктің аталары «Ніл» деп

атаған да болар деген ой келеді. Мұны осыған байланысты қабаттасып жатқан мынандай ұғымдар да құптай түсетіндей.

Ежелгі түрік халықтарында дүниенің төрт құбыласын түстің түрімен, мысалы, шығысты «көк», батысты «ақ», солтүстікті «қара», онтүстікті «қызыл», ал осылардың ортасын «сары» деп атайдын дәстүр болған. Сол дәстүрмен ұлken өзен-дариялардың да әр бағытқа тарамдалып, бөлініп аққан ұлken салаларына сол бағыттың түстік атауын әлгі өзен-дарияның негізгі атына қосып атай берген. Мысалы, атақты Еділ дарияның солтүстіктегі саласын «Қара Еділ», батыстағы саласын «Ақ Еділ» немесе Қенгір өзенінің солтүстіктегі саласын «Қара Қенгір», орта саласын «Сары Қенгір» деп аталағының дәстүрінде. Осы сияқты Ніл-дарияның да батыс саласының «Ақ Ніл» (*Белый Нил*), шығыс саласының «Көгілдір Ніл» (*Голубой Нил*) аталуы да дария атауы «Нілдің» сөздік төркіні түрік жүртінан екенін дәлелдеп тұрганын байқауға болады. Өз басым түрлі көне деректерге үзіле жүріп, әзірге түріктерден басқа өзге халықтарда төрт құбыланы бұлайша түстің түрімен атайдын дәстүрді кездестірмеппін.

Осы арада ретіне орай «египет» атауының да, түптен келгенде, түрік сөзі екенін айта кеткеннің артықтығы болмас. «Египет» - түріктің «екі» (*двя*) және «бет» (*лицо, берег*) деген екі сөзінен құралып, өзеннің «екі беті», «екі жағалауы», «екі қапталы» деген ұғымды білдіреді. Африканың құм басқан шөл даласында Ніл дарияның екі бетінен басқа тұрақтан мекендер жері жоқ елдің атауының өзен бойын сағалаған халқының орналасуына қарай беріліп, ерте заманда «Екібет» (*Египет*) деп аталуы табиғи зандалық. Бір өзеннің екі бетін мекендей отырған елді тұтас алғанда: «Екі беттің халқы» немесе «Екі беттің елі» деп, ал жекелеп алғанда «арғы беттің халқы» немесе «бергі беттің халқы» деп атау түрік халықтарының тарихында қазір де көптеп кездеседі. Сондықтан Ніл дарияның екі жақ бетін мекендерген елдің «Екібет» (*«Египет»*) аталуында ешқандай оғаштық жоқ. Ал «екібет» сөзінің уақыт оза келе «екибет – екипет – египет» болып өзгеруі де табиғи жағдай.

Аңыз дерегінде Ионың көп сергелдеңген кейін Африкаға келіп, осында ак танадан (*сиырдан*) бұрынғы адам кейпіне қайта оралып тұрақ тапқан жері - «Тыныс» (*Тинис*) деп аталады. Тасқа шегеленген Прометей әулиенің ақыл сұраған Иога: «в стране, которую орошаает Нил, у его устья найдешь ты покой» дегендегі «**покой**» тапқан жерінің түрік тілінде «Тыныс» аталуын, оның және «покой» сөзінің түрікшеге аудармасындағы бір мағынаны дәл беруін, жай бір кездейсоқтыққа тели

салу қын. Бұл да, өз тарапынан, арғытүріктің осы өңірде бір кездерде болғанын әйгілер, солардан қалған көне бір із, деректі айғақ екенін дәлелдейді.

Қараңызышы, Египет тарихында Ио билік жүргізген қауымдастықтың аты «Тыныс ном» (*ном – көне түріктегі: «қауым», «тайпа», «есім» деген мәғынада. К.С.*) болса, ал халқының аты - Тана. Сондай-ақ бастауын Библі тауынан алғып, созыла ағып жатқан бір өзеннің де, сол өзеннің барып құятын көлінің де атаулары осы халықтың атымен «Тана» деп аталады. Тана халқының қашан матриархат дәүірінің дәурені өтіп, патриархат дәүірі күш алғанға дейін осы Тана өзеннің қос қапталы мен Тана көлінің жагалауын мекендегені белгілі (*бұл туралы алда айтамыз. К.С.*). Ионың «Кұдай-Ана» ретінде танылуы да, мифтанушылардың «(она) почиталась в Египте по имением Исида» [1, 547] дейтіні де, оның Ай, Тана-Ай (*Дана-ай*) деген есімдермен аталатыны да Африкаға келіп, осы тана халқына билік жүргізген, құдай-ана атанған кезі. Басқаша айтқанда Ионың сиыр «танадан» халық тананың бір мүшесіне айналған кезі. Бұл - зерттеуші А. Айзахметовтың айтуынша: христиан эрасынан бұрынғы алтымыншы жылдардың шамасы.

Осындағы әрі халықтың (*этноним*), әрі өзен-көлдің (*гидроним*) ортақ атауы ретінде танылған «тана» сөзі де түрік тілінің төл тумасы. Мысалы, түрік халықтарының бірі - қазақтар сиыр малының төлінің өсіп-жетілуін жас мөлшеріне қарай: жаңа тұганын «бұзау» деп атап, одан арғысын өсу сатысына қарай: торпақ - баспақ – **тана**¹ (*еркегі: тайыниша*) – құнажын (*еркегі: құнан*) – дөнежін (*еркегі: дөнен*) – сиыр (*еркегі: бұқа*) деп атайды. Тана, бейнелеп айтқанда, сиыр малының бойжеткен «қызы». Аңызда ғашық болған қызын қызғаншақ әйелі Гераның қастандығынан сақтау үшін Зевс құдайдың Ионы сиырға айналдырып жіберетіні мәлім. Осы оқиғаны баяндаған мифтанушылар Ио-сиырды орыс тілінде «корова» демей, «белоснежная телка» деп алыпты. Мифтанушылардың мұндағы «белоснежная телка» деп отыргандары, міне, осы – Тана. Африканың бір өңіріндегі жер-су атауларының: (*Библі, Ніл, Екібет, Тана (өзен мен көл аты), Танай (халықтың атауы), Тыныс, Тыныс-ном,*) – бәрінің

¹ Тана - екі жастағы сиырдың атауы. Әдетте бұл жаста тана бұзауламайды. Егер күтімі жақсы болып, ерте жетіліп, бұқадан шығып кетсе, оны «қашар» деп атайды. Ондай сиыр малын кейін «қашарында бұзаулаган» деп еркепелеп жатады. Осындай жағдайдан болар кей аймақтарда «тана» атауының орынына «қашар» деп те атайды.

Салғараұлы Қ. Ата ізі Африкада да бар.

дыбысталуының да, ұғымдық мағынасының да түрік тілінің қорындағы сөздермен бұлайша бірдей болуы – осы өңірді тым ерте заманда түріктекtes халықтардың ата-бабаларының мекендерегенін айғақтап тұрғандай, тіпті, Африкадағы ең көне ежелгі жер-су және ел атауларының бұлайша түрік тілінде сөйлеуі - осы өңірдің алғашқы тұрғындары түріктекtes халықтардың арғы ата-бабалары болған деуге де мүмкіндік беретін секілді ме, қалай?!

Енді осы айтылғандардың бәрін ой таразысынан өткізіп, бірін-бірімен сабактастыра зерделесек, Ио есімі мен тана атауының өзара байланыс негізін танумен бірге миф авторларының Ионы басқа жануарлардың біріне емес, неге Зевске тек сиырға айналдыртқанының да, сондай-ақ неге оны басқа жерде емес, тек Африка жеріне, тана халқының ортасына келгенде ғана қайтадан адам қалпына келтірлгенінің де мәнін түсіну онша қыындық туызбайды. (*Көне мусінишлердің әйел құдайлар бейнесін жасағанда сиыр басты етіп жасаітындарын еске алызыз*). Ал бұл деректер, өз тарапынан, Зевс пен Ио туралы аңызды өмірге келтірушілердің «тана» деген халықтың болғандығын және оның сиырдың екі жасар кезіндегі атауынан алынғанын жақсы білетін түріктің арғы ата-бабаларының бірі екенін дәлелдей алады.

Ио осы тана еліне келіп, құдай-анаға айналып, баршаға бірдей танылған кезде оны «Тана-Ай» (*Танай*) деп атаған. Бұл бүгінгі тілдік қолданыс заңдылығына орай айтқанда, «Айдың танасы», «Ай басқарған тана елі» деген ұғымдарды білдіреді. Уақыт өте келе ауыздан ауызға көшіп, айтылу барысында «т» дыбысы «д» дыбысына өзгеріп, «танай» атауы кейін «данайға» айналған. Мифтанушы галымдардың тана халқының х. э. дейінгі төртмұңының жылдары Африкадан Арғосқа қоныс аударған кезінің оқиғаларын баяндағанда оларды «данай», «данайлықтар» (*данайцы*) деп атайдыны да сондықтан.

Бұл оқиға, яғни таналардың Африкадан Арғосқа қоныс аударуы - мифтанушы ғалымдардың анықтауынша Ионың ақ тана (*белоснежная телка*) кейінде құғында арып-ашып жүріп Африка жеріне келгенінен кейін екі мың жылдан соң болған. Халықтың ауызаша тарихына, яғни миф дерегіне негізделіп жазылған, «tragédia жанрының атасы» атанған гректің атақты ақыны әрі драматургі Эсхил (*шамамен х.э. дейінгі 525–456 жылдар*) өзінің «Умоляющие» атты трагедиясына осы оқиғаны арқау етіп алған. Мұнда оқиға бірден Данай мен данайлықардың Арғосқа келген кезінен басталады.

Сондықтан бұл оқиғаның неден басталғаны жалпы оқырманға түсінікті болуы үшін аз да болса, сәл шежірелік шегініс жасауға тура келеді.

Ио Африкаға келгеннен кейін Зевс оны сиырдан қайтадан адам кейпіне түсіріп, оған үйленеді. Екейін балалы болып, өмірге Эпаф атты ұл келеді. Кейін ол Прометей айтқандай, бүкіл Египеттің билеушісі болады және оның ұрпақтарынан аңыздың атақты батырлары шығады. Солардың бірі – әйгілі он екі ерлік жасап, аты аңызға айналған, Прометейдің өзін азаптан құтқарған атақты Геракл¹. Осындай батырлардың түпнатасты болған осы Эпафтың Бел деген баласынан, яғни Зевс пен Ионың немересінен Египт және Данай атты екі бала дүниеге келеді. Эсхилдің трагедиясы, міне, осы Египт пен Данайдың балаларының арасындағы тартысқа құрылған.

Миф дерегі бойынша: осы екі баланың Египтінің 50 ұлы, Данайдының 50 қызы болады. Ұл өсіп ержеткен соң, қыз өсіп бойжеткен соң, Египт өзінің елу ұлына Данайдың елу қызын әйелдікке алып беруге әрекет жасайды. Бірақ Данай бұған келіспейді. Арада осыған байланысты жанжал туындал, ақыры Египттің ұлдарының тегеурініне шыдамаған Данай қыздарын ертіп, өздерінің атабабасының ежелгі атамекені Аргосқа қашады.

Қашып келгендерді, қалай дегенменде түптегі бір туыстар ғой, Аргостың патшасы Пеласг (*бұл да патшаның төл есімі емес, халқының аты. К.С.*) шынайы ықыласпен жылы қабылдайды. Көп ұзамай қашқындардың артынан іздете қуып, Египттің құғыншы елшісі жетеді. Ол Аргостың патшасынан Данайды қыздарымен бірге кері қайтаруды талап етеді. Бірақ Пеласг елшінің талабын қабылдамай тастанды. Пана ізденеп келген данайлықтардың енді өзінің қамқорлығында болатынын айтады. Ақыры Аргос патшасын ешқандай ымыраға көндіре алмаған елші «Данайдың қыздарын күшпен тартып аламыз, соғысамыз» деп дәңгайт жасап, еліне қайтады.

Елші кеткеннен кейін Аргос патшасы елінің халқын жинап, не істеу керегін ақылдасады. Халқы патшасын қолдап, пана сұрап келгендерді жауларының қолына қайырып бермеуді ұйтартып, «осы үшін, соғысатын болса, соғысайық» деген пәтуаға келеді.

Содан көп күттірмей, египеттіктерде жетеді. Екі елдің арасында қыргын соғыс басталады. Нәтижесінде аргостықтар жеңіліп, Пеласг елінен қашып кетуге мәжбүр болады.

¹ Татардың белгілі ғалымы М. Закиев «геракл» дегенді түрік сөзі «жер ақыл», «жердегінің ақылдысы» дегенді білдіреді деп дәлелдейді.

Бар шарасы таусылған Данай амалсыз қыздарын Египттің ұлдарына беруге келіседі. Осы оқиғаның нәтижесін И. Тронский өзінің «История античной литературы» деген еңбегінде белайша түйіндейді: «Сыновьям Египта удалось добиться брака, к которому они стремились, но данаиды в первую же брачную ночь умертвили своих мужей. Лишь одна из данаид Гипермnestra, увлекшись своим мужем, пощадила его; и эта чета стала родоначальницей последующих царей Аргоса» [4, 118].

Бұл оқиғаның толық нұсқасы былай: пана тұтқан Аргос патшасы соғыста жеңіліп, бас сауғалап қашып кеткен соң, басқа жасар қайраны қалмаған Данай Египт балаларының талабын орындаپ, қыздарын оларға әйелдікке беретін болады. Бірақ қыздарының Египттің ұлдарымен отасқанын қаламаған Данай балаларымен оңаша келісіп, олардың әрқайсысына өзінің еншісіне тиғен Египттің ұлдарын амалын тауып, түнде төсекке жатқан жерінде өлтіруді тапсырып, әр қызының қолына бір-бір пышақ ұстаратады.

Үйлену тойы тарқап, әрқайсысы өз күйеулерімен оңаша үйде жеке қалған Данайдың қыздары әке тапсырмасын мұлтіксіз орындаپ, Египттің ұлдарының бәрін бір түнде қырып салады. Тек өзіне зор құрмет көрсетіп, мейірін төге аялаған жас жігітті өлімге қия алмаған Данайдың Гипермnestra есімді бір қызы Египттің Линкей атты бір ұлын өлтірмей, оның сол түні еліне қашып кетуіне көмектеседі. Аман құтылған Линкей артынан елінен әскер әкеліп, аргостықтармен қайыра соғысып жеңіске жетіп, Гипермnestraға үйленеді. Ликей Аргостиң патшасы болады.

Осы арада нақтылық үшін басын ашып айта кетер бір мәселе, миф дерегінде Ликейдің Аргосқа патша болғаны айтылғанымен, оның қалай патша болғаны ашық айтылмайды, Гипермnestra ажалдан құтқарғанинан кейін іле патша бола қалғандай әсер қалдырады. Дұрысында олай болмаған. Ликейдің патша болуы оның өз еліне барып, әскер әкеліп, африкалықтар мен аргостықтар арасындағы қырғын соғыстан кейін жүзеге асқан секілді. Біздің бұлай ойлауымызға Гипермnestraның Ликейге жазған хатындағы мына жайлар мол мүмкіндік береді. Хатта: «Брату, который один уцелел из недавно столь многих, павших от женской руки, шлет Гипермnestra письмо. Держат меня заперти, сковали цепью тяжелой; за благочестье мое так наказали меня. В горло тебе железо всадить рука побоялась,- вот и казнят; а убей мужа я, - стали б хвалить. Лучше уж казнь, чем волю отца такую исполнить!» делінген [5, 135]. Бұдан

Гипермнестраның әке тапсырмасын орындамай, Ликейді өлтірмей аман алыш қалғаны, сол үшін жазаланып, шынжырланып қапаста жатқаны, сонымен бірге еліне кеткен Ликейден хабар болмай, хат жазып отырғаны анық аңғарылады.

Миф дерегі кейін Аргос пен Микеннің бұқіл патшалары осы Гипермнестра мен Ликейдің ұрпақтарынан болғанын және олардың, яғни Аргостың тұрғындарының бәрі данайлышқтар (данайцы) аталғанын және олардың кейінгі патшаларының бәрі данайлышқтардан шыққанын алға тартады. Ал бұл, өз тарарапынан, ел билігіне Линкей мен Гипермнестра келгеннен кейін Аргос патшалығы тұрғындарының, тіпті, бәрі болмағанымен, басым көпшілігінің таналар, яғни тана-ай (данай) қалқы құрағанын көрсетсе керек.

Екінші бір мәселе - Данайға қатысты. Біз жоғарыда Ио тана еліне келгеннен кейін құдай-анаға айналып, баршаға бірдей танылған кезде оны «Тана-Ай» (*Данай*) деп аталғанын айтқанбыз. ««Тана-Ай» дегенинің бүгінгі тілдік қолданыс заңдылығына орай айтқанда, «Айдың танаасы», «Ай басқарған тана елі» деген ұғымдарды білдіреді дегенбіз. Мұнда «Танай» (*Данай*) қалай айтылса да, әйел, Құдай-Ана. Ал қазіргі баяндалған миф дерегінде: Данай-еркек, елу қыздың әкесі. Былай қарағанда, бұл Данайдың Иоға тікелей қатысы жоқ, тек оның шөбересінің аты сияқты. Неге бұлай?

Бұл сұраққа жауап беру үшін, біздің пайымдауымызша, ең алдымен, ауызша тарихтың дерек берудегі өзіне тән ерекшелігін ажыраты білу керек. Содан соң оқиғаның болған кезеңі және сол кезеңдегі адамдардың таным-түсінігі ескерілуі қажет. Сонда тана мәселенің байыбына жетіп, өткеннің шындығын тануға жол ашыламақ.

Айтылыш отырған жайға осы тұрғыдан келсек, Ионың Африкаға келуі мен Ионың шөбересі болып келетін Данайдың қыздарымен Аргосқа қашуы – екеуі екі кезеңнің оқиғалары. Алғашқысы, яғни Ионың Құдай-Ана атанып, тана елін билеп, Танай (*Данай*) есімімен танылған кезі, миф зерттеушілерінің анықтауынша, х.э. дейінгі алтымыннышы жылдар. Бұл - аталықтан аналықтың үстем болып, матриархаттың дәуірлеп тұрған шағы. Ал Данайдың елу қызымен Аргосқа қашатыны бұдан екі мың жыл өткеннен кейінгі оқиға. Бұл кезде аналық билік әлсіреп, аталықтың дәурені жүре бастанған. Аныздағы Данайдың елу қызының Египттің елу ұлынан қашып Аргосқа баруы осының анық айғағы. Бұл орайда зерттеуші А. Айзахметовтың Эсхилдің шығармасына сүйеніп: «Трагедия «Умоляющие» переносит нас в отдаленные времена седой старины,

когда происходил переход: от группового брака к индивидуальному» [6, 87]. - деп тұжырым жасаудың жаңсақтық бар ма дейміз. Бізше, бұған некенің еш қатысы жоқ, Бұл - екі жүйенің матриархат пен патриархаттың шарпысы, аталық биліктің ұстемдік алуды. Данай қыздарының Египеттің ұлдарын қырғынға ұшыратуы – аналық биліктің соңғы тұяқ серпуі, Ликейдің патша болуы, кейінгі патшалардың бәрі соның ұрпақтары болуы аталық биліктің орнығуы.

Данайдың әр аңызда бірде әйелдің, бірде еркектің есімі болуы да осы аналық жүйе мен аталық жүйенің алмасуына байланысты. Мартриархаттың дәүірлеп тұрған тұсындай ол – әйел, патриархаттың заманында ол – ерек. Бұл, мысалы, айға табынушылардың Айды ерек деп танып, әйелдері түн ішінде тоғыз жолдың торабына шығып, «кел, ай», «кел, ұмай» деп, жалынып жылап жүрсе, арада мындаған жылдар өткеннен кейін шығыс халықтарының сол ұмайды әйел бейнесінде «Ұмай–Ана», «Ұмай–Ене» деп атап, тәу етіп жүргендегі сияқты жағдай. Естеріңізде болса, біз жоғарыда Ионың төл есімі Ио. Иөнің баламасы – Ай, кей халықтар айды әлі де «иө» деп айтады, мысалы, қытайлар айды күні бүгінде «иө» дейді деген едік. Міне, осы қытайлардың мифологиясы да Данайды әйел құдай деп таниды. Көнекіттайлықтар оны «Данай Фужэнъ» («патшайым Ұлы Ана») деп атайды. Қытай мифологиясында ол «Госпожа Великая Бабушка», «покровительница царства» және «чудесная благодетельница человечества» [7, 172]. Сондай-ақ Данайды грек мифологиясы да әйел құдай деп біледі. Онда Данай (Даная) Аргос патшасы Акрисия мен Аганиппаның қызы атақты мифология батыры Крит аралындағы Персейдің аласы. Ал Персей болса, Зевс пен Данайдың ұлы (*Ио-Данай да Аргос патшасының қызы, ол да Зевстен Еней атты батыр ұл туган болатын. Қ.С.*).

Ал Данайдың бірде әже, бірде шөбере болып берілуі ауызша тарихтың айтушының түсінігіне қарай алысты жақындастып, жақынды алыстасып жіберетінінен болса керек. Қалай болғанда да, таналардың да, танайлардың (*данайлардың*) да аңыздардағы Құдай-Ана Ио (*Ио, Ай*) мен оның ұрпақтары басқарған елдің халықтары және олардың бір кезде Африка жерін мекендереген түріктектес халықтардан екенін одан әрі нақтылай түсетін секілді.

Енді Геродоттың атақты «Тарихындағы» Иога қатысты деректерге үніліп көрелік.

Тарих атасы өз еңбегінде Ио туралы жоғарыда сөз болған көнегрек аңызынан мән-мазмұны мұлде бөлек, парсылар мен

финикиялықтардың аузынан өз құлагымен естіген дерегін алға тартады. Геродот Ионың Аргостан Египетке келуіне қатысты парсылар айтуындағы оқиғаны былайша баяндайды: «По словам сведущих среди персов людей, виновниками раздоров между эллинами и варварами были финикияне. Последние прибыли от так называемого Красного моря к нашему и поселились в стране где еще живет. Финикияне тотчас же пустились в дальние морские путешествия. Перевозя египетские и ассирийские товары во многие страны, они, между прочим, прибыли и в Аргос. Аргос же в то времена был самым значительным городом в стране, которая теперь называется Элладой. Когда финикияне прибыли как раз в упомянутый Аргос, то выставили свой товар на продажу. На пятый или шестой день по их прибытию когда почти все товары уже были распроданы, на берег моря среди многих других женщин пришла и царьская дочь. Ее имя было Ио, дочь Инаха, так же называли ее и эллины. Женщины стояли на корме корабля и покупали наиболее приглянувшиеся им товары. Тогда финикияне по данному знаку набросились женщин. Большая часть женщин, впрочем, спаслась бегством, Ио же с несколькими другими они успели захватить. Финикияне вташили женщин на корабль и затем поспешно отплыли», - деп, аяқтайды. Содан соң оқырмандарға өздерің салыстырып ой түйіндер дегендей, осы оқиғаның финикиялықтардың айтуындағы нұсқасын да ұсынады.

Онда: «О похищении же Ио финикияне рассказывают иначе, чем персы, вот что. Именно, по их словам, они вовсе не увезли Ио насильно в Египет. Так как она уже Аргосе вступила в любовную связь с хозяином корабля. Когда почувствовала себя беременной, то от стыда перед родителями добровольно уехала с финикиянами, чтобы скрыть свой позор. Так рассказывают персы и финикияне, что до меня, то я не берусь утверждать случилось ли это именно так или какнибудь иначе [8, 1-2].

Көріп отырғанымыздай, мұнда да әңгіме Аргостың патшасы Инаханың қызы Иоға қатысты. Бірақ мұнда баяндалатын оқиғаның әуені де, ішкі мән-мазмұны да жоғарыда айтылған мифология деректерінен, тіпті, белек, мұлде басқаша. Мұнда құдайлардың араласуымен болып жатқан адам сенбес ғажайыптар да, есінді алып, еліктір мифтік әсірелеулер де жоқ. Бәрі өмірде болған, болатын жайлар. Барлық-жоғы көне заманның көпке белгілі бір тарихшысы бір кезде болған оқиғага қатысты парсы және финикия жүртіның

оқиғадан хабары бар өкілдерінен өз құлағымен естігендерін сол күйінде, ешқандай қоспасыз, қайталай баяндап берген. Енді осы деректерді, яғни парсы мен финикиялықтың әңгімелері берер мәліметтерді бұған дейін айттылған жайлармен сабактастыра салыстырып, тарихи шындықтың дәнін табуға талаптанып көрелік.

Бұл арада басын ашып айттар мәселе: біз үшін Геродот келтірген оқиғаны айтушылардың айтқандарының қайсысының дұрыс, қайсысының дұрыс екендігінде емес. Ол – басқа тақырып. Ал бұл жерде біз үшін керегі – оқиғаның, қандай жағдайда болсын, мейлі ол парсылар айтқандай ма, жоқ, әлде финикиялықтар айтқандай ма, – бәрібір, әйтеуір оның нақты өмірде болғандығында, сол өмірде болғандығының арқасында бұл оқиға халықтың жадында сақталып, Геродоттың қаламы арқылы бізге жетіп отырғанында. Осы арқылы біз жоғарыда айттылған Иога қатысты әңгімелердің бәрі бірдей қияли бос сөз емес, солардың қай-қайсысының да өзегінде тарихи шындықтың жатқандығына сене бастаймыз. Егер бұл оқиғаның болғаны шындық болмаса, бір-біріне қатысы жоқ екі халықтың өкілі: парсы мен финикиялық Ионың Аргостан Африкаға кетуінің эллиндер мен жабайылардың (варварлардың) қырқысуына себеп болғанын екеуі бірдей дәл айта аламас еді. Мұның сыртында қай дерекке болсын сын көзімен қарап, оған өз көзқарасын ашық білдіріп отыратын кәнігі тарихшы Геродоттың өзі де: «Так рассказывают персы и финикияне, что до меня, то я не берусь утверждать случилось ли это именно так или какнибудь иначе» деп, айтушылардың сөзінің дұрыстығына кепілдік бермейтінін айтқанымен, жалпы оқиғаның болғанына тарихшы ретінде ешқандай күдік келтірмейді. Тарихи факті есебінде ұсынады. Сондықтан Геродот дерегін аңыз дерегі емес, өмірлік негізі бар тарихтың дерек ретінде қабылдаған жөн болмақ.

Сонымен, айттылғандарды қорытындылай келіп, бәрінен ортақ ой түсек, қалай болғанда да, естен өшірілген ескі замандарда Ио есімді адамның өмірде болғанына және оның Аргостан Африкаға қоныс аударғанына кім-кімнің де күдіктенуіне негіз жоқ сияқты. Сондай-ақ Ионың Аргостан Африкаға өз еркімен емес, белгілі бір оқиғаның ықпалымен кеткені де анық байқалады. Өйткені аңыз дерегіндегі ақтананы шанышқақтың қуалауы да, финикиялықтардың Ионы үрлап әкетуі де, Ионың некесіз екіқабат болып қалып, елінен қашуы да, осында тұжырым жасауға мумкіндік береді. Сонымен бірге Ио үрпактарының кейін Аргосқа оралуы да тарихи шындықа келеді. Ауызша тарихтың дерек беру дәстүрінде Данайдың елу қызының

Египттің елу ұлынан қашып Аргосқа келуі осы шындықтың айғагы іспетті. Африкадан осылайша Аргосқа ауып келген тана халқы араға мындаған жылдар салып барып, Евразия кеңістігінен төбе көрсетеді. Олар мұнда қашан, қалай келді? Оны айғақтар мифологиялық та, тарихтық та дерек сақталмаған. Бірақ оның есесіне тана халқының Ұлы Далада болғанын дәлелдер нақты із сайрап жатыр. Қысқаша қайырсақ, ол із: Дон өзенінің Азау (Азов) теңізіне құяр оң жағалауындағы көне заман тарихшылары жазатын Тана қаласы (х.э. дейінгеге III ғ. – х.э. кейінгі V ғ.), Тана өзені (*қазіргі* Дон, грек жазбаларында: «*Танаис*» деп аталады. K.C.).

Ол із: тана халқының жоғалып кетпегенін, ұрпақтарының бірден бірге жалғасып бүгінге жеткенін дәлелдер қазіргі түріктектес қазақ, башқұрт халықтарының құрамында жүрген «Тана» деп аталатын іргелі тайпалар.

Ол із: созыла аққан Тобыл өзенінің екі қапталын жайлайған данайдың (танайдын) қос тайпасы мекендеуінен «Қос-танай» атанды, керіліп жатқан кеңбайтақ тұтас бір өнір.

Иә, із сайрап жатыр. Тек сол сайрап жатқан ізді жаңғыртып, өткенді бүгінмен жалғастырар шынайы тарихтың жоқтығы ғана өкінішті.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. *Мифы народов мира*. Энциклопедия.
2. Кун Н. *Легенды и мифы Древней Греции*. Ал. изд. «Жалын». 1985.
3. *Қазақша-орысша сөздік*. Ал. 2001.
4. Тронский И. *История античной литературы*. Москва. «Высшая школа». 1988.
5. Публий Овидий Назон. *Элегии и малые поэмы*. Москва. 1973.
6. Айзахметов А. *Возрождение тюркского мира*. Тараз. 2004.
7. *Мифологический словарь*. М. 1991.
Геродот. *«История»*. М. 1989.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

ӘОЖ 958.4

**БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ОНДАҒЫ
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Ш. ЕРГӨБЕК*

Түйіндеме

Бөкей ордасы Қазақ хандығының мемлекеттігі жойылған дәуірдегі саяси-құқықтық ойдың дамуы мен эволюциясының айқын көрсеткіші ретінде белгілі болған. Бұл қазақ хандарының біртіндеп Ресей әкімшілігі шенеуніктеріне айналу процесін көрсетті.

Хандар тарихтың бұл кезеңінде ел билеушісі емес, Ресей әкімшілігінің өкілі ретінде өзгеріп, отаршылдық жүйенің қазақ даласындағы жүзеге асырушысына айналды. Орда билеушілері ұлттық мұддені қорғайтын мемлекеттік билік өкілдерінен Ресей билеуші аристократиясына айналды. Осылайша, билік өкілдерінің ұлттық мұддеден алшақтаап, әлеуметтік топтық мұдделердің қорғаушысы мен Ресей элитасының бір бөлігіне айналуы далалық қатынастардың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне алып келді.

Кілт сөздер: реформа, элита, Ресей саясаты, отаршылдық жүйе, Бөкей ордасы, саяси-құқықтық ойлар.

Summary

Horde Bokey was known for the evolution and development of the idea of political rights in the age of the Kazakh Khanate. This process shows the transformation of the Kazakh khans Russian officials. The rulers have turned the hordes of representatives of the government in protecting the interests of the Russian aristocracy of the nation. So the rulers of the power drawn away from the interest of the nation and this has helped to rise to a new level of relations in the steppe is one of the Russian elite.

Keywords reform, elites, Russian policy, the colonial system, horde of Bokey, thinking of policy rights.

Қазақ қоғамында, әсіресе, отаршылдық саясат деңдеп енген Кіші жүзде саяси процестер ерекше тез жүрді. Ресей империясының ықпалының нәтижесінде Кіші жүз хандарына халық тарапынан сенімсіздік пайда болды. Кіші жүздегі саяси процестерді уысынан шығарып алмауға тырысқан Ресей әкімшілігі өзінің позициясын нығайтуды мақсат етіп, хандық билікке деген сенімсіздікті күшайтуге тырысты. Хандардың ішкі саясатына наразылық Есім хан мен Айшуақ тұсында ерекше өрбіді. Төре тұқымдарының билікке таласы Кіші жүздегі тұрақсыздықтың қайнар көзі болатын. «Борьба феодальных

* Заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Аккредитация, рейтинг және саланы басқару орталығының директоры, Алматы-Қазақстан. PhD in law, Al-Farabi Kazakh National University, director of the Center for Accreditation, Rankings and Quality Assurance, Almaty-Kazakhstan. E-mail: Shyngys.Ergobek@kaznu.kz

группировок наложила свой отпечаток и на разрешение земельного вопроса. ...Один из сыновей Нурагы, султан Букей, не имевший никаких шансов добиться звания хана в младшем жузе обратился к императору Павлу I с просьбой позволить ему переселиться с подчиненными ему общинами в Нарын – пески на «вечное жительство» [1, 323].

Бұл жағдайды икемді пайдалана білген Ресей әкімшілігі хандықтың ішіндегі тұрлі партия өкілдерін қолдана отырды. Хандық таққа талас барысында оппозициялық топ толыққанды қалыптастып үлгерді. Олардың белді өкілдері Қаратай, Орман мен Бекей болатын. Қаратайдың хандық билікке таласы ұзақ жылдарға созылышп, қызуқанды төрениң белгілі дәрежеде билікке қол жеткізуімен аяқталды. Орманның қайраткер ретінде жеткілікті тәжірибесінің болмауы халықты бұл төрениң маңайынан аластартты. Шиеленісken жағдайда Ресей әкімшілігінің жалғыз-ақ жолы Бекей ордасын құру болатын. Ресей үкіметінің тағы бір ойы - мал шаруашылығына ыңғайлыш, алайда қалмақ тайпалары көшкеннен кейін қараусыз қалған Еділ мен Жайық аралығында хандық құра отырып, Ресей саясатына қарсы белсенділікті азайту болатын. «Образование Внутренней Орды не только углубило государственный упадок Младшего жуза, явившись по существу одним из этапов его политического распада, но и усиливало хозяйствственные трудности для казахов, оставшихся в Зауральских степях: для них зимние пастбища на «внутренней» стороне теперь были потеряны, те две проблемы, которые стремился разрешить батыр Срым: возрождение казахской государственности и расширение пастбищ, после подавления его движения не только не были разрешены, но в первые два десятилетия XIX в. земельная теснота возросла, углубился и развал казахской государственности» [1, 323-324].

Қазақстанның Ресейге қосылу дәуірінде пайда болған бұл хандық Ресей әкімшілік жүйесін енгізуде тәжірибе аймагына айналуы керек болатын. Тұракты салық жүйесі, жерге меншік құқығының енгізілуі секілді европалық реформалардың хандыққа қандай ықпал ететіндігін айқындау - Ресей әкімшілігінің қазақ даласындағы саяси процестерді ішкі саясат нарығына көшіру дайындығы деп қарастырган дұрыс болар. Оның үстіне жүздің ішкі ыдыраңқылығы ресейлік тәртіптің кең қанат жаюына кері ықпалын тигізді.

Бекейдің бөлек хандық құруы Кіші жүздің ханы Айшуақты да қанағаттандыратын. Ишкі тартыстардан шаршаған кәрі хан өзінің саяси

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

қарсыласының өз иелегінің болуына толық қолдау көрсетті. Бұл ішкі саяси процестердің қайтадан ханның билігіне өтуіне ықпал етуі керек еді. Алайда бұл окиға Айшуақ саясатына қарсы наразылық акцияларына жаңа дем бергендей болды. Айшуақтан кейін хан болған Жантөренің саяси қарсыластарынан қаза табуы осы жәйттің дәлелі болса керек. Бөкей ордасының пайда болуын Кіші жүздің ішінде орын алған терен саяси процестерді сарапалаудан туындаған шара ретінде қарастыру қажет. «Необходимо отметить, что образование отдельной от Младшего жуза, самостоятельной Внутренней Орды отвечало так же интересам царизма. Во-первых, царское правительство было заинтересовано в расширении торговли с казахской степью; во-вторых, оно получало возможность через посредство ханско-феодальной верхушки Внутренней орды влиять на политику хана Младшего жуза» [2, 70].

Ресей әкімшілігі өз саяси өктемдігін жүзеге асыру үшін жаңа одақтас ретінде ойластырылған, белгілі дәрежеде осы тарихи миссиясын толық жүзеге асырған Бөкей ордасы Қазақ хандығының мемлекеттігі жойылған дәуірдегі саяси-құқықтық ойдың дамуы мен эволюциясының айқын көрсеткіші ретінде белгілі. Бұл қазақ хандарының біртіндеп Ресей әкімшілігі шенеуніктеріне айналу процесін көрсетті.

Хандар тарихтың бұл кезеңінде ел билеушісі емес, Ресей әкімшілігінің өкілі ретінде өзгеріп, отаршылдық жүйенің қазақ даласындағы жүзеге асыруышына айналды. Орда билеушілері ұлттық мұддені қорғайтын мемлекеттік билік өкілдерінен Ресей билеуші аристократиясына айналды. Осылайша, билік өкілдерінің ұлттық мұддеден алшақта, әлеуметтік топтық мұдделердің қоргаушысы мен Ресей элитасының бір бөлігіне айналуы далалық қатынастардың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне алып келді.

Феодалдық қатынастардың дамуы ресейлік сценарийдің негізінде жүзеге асырылды және белгілі дәрежеде I Петр реформаларына ұқсастығы байқалды. Ол реформалардың күшпен жүргізілуінен де, реформалардың жүзеге асырылуының жоғарыдан болуы да, оның негізгі мақсаттары да, ұлттық артта қалушылығын жою, жаңа қатынастарға жол ашу, модернизациялық процестердің кең қанат жаюына жағдай жасау маңызы да бірдей болғанымен, жүзеге асырылу көлемі жағынан да, терриориялық аймағынан да, терендігі тұрғысынан да ондай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермеді. Қайта,

ресейлік қатынастардың Қазақстанның ішкі элементіне айналуға ықпал етіп, отаршылдық жүйенің кеңеюіне жағдай жасады.

Орда билеушілерінің саяси-құқықтық ойлары

Тарихы 1801 жылдан бастау алатын Бөкей ордасы өзіндік орны бар, маңызды саяси құрылым болатын. Хандық негізін қалаушы Бөкей хан Еділ мен Жайық аралығындағы шүйгін жерлерді халық шаруашылығы үшін пайдалануды көздейді. Бөкей ордасы Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында белді орын алды. Бөкейден кейін Жәңгір 1824 ж. ортасында император I Александрдың арнайы жарлығына сәйкес хандық билікке ие болды. Ол Ресей империясымен тығыз қатынастар құра отырып, бірқатар прогрессивті реформаларға жол ашады. «Жәңгір хан билігін кеңейтіп, Ордадағы басқару жүйесін орталықтандыру арқылы далалық хан билігін қүшеттуде Ресей самодержавиелік басқару үлгісін ұстанды» [3, 109].

Мұндағы басты мақсат қол астындағы халықты жаңа заман сарынына сәйкес отырықшылыққа үйрету болатын. Ең алдымен Жәңгір ханның саяси реформаларына көз тігейік. Жәңгір хан Бөкей ордасында Қазақ хандығында бұрын-соңды болмаған абсолютті монархиялық дәстүрлерді енгізді.

«Алғырттан тарғырт ел дарқан,
Патшадан халық қонысын кең тапқан.
Қараңғыда кампас көрмей жөн тапқан,

Қарбаласта халық жинамай сөз тапқан» [4, 366] - дейді Алаша Байтоқ жырау Жәңгірдің абсолютті билігін көрсету үшін. Халық өкілеттігінің шектеліп, биліктің бір орталыққа шогырлануына жағдай жасады.

Бұл сол кездегі заман талабы болатын. Ресейдің басқа аймақтарына қарағанда Қазақстанда феодалдық қатынастар баяу дамыды. Бұл бірқатар факторларға байланысты еді.

Алдымен, көшпелі мал шаруашылығы жағдайында толыққанды билікті орталықтандыру мүмкіндігі шектеулі. Оның үстіне ханды көтеру дәстүрі ханды орталық билікті толыққанды пайдалануын шектеп, элитаға тәуелді етіп қойды. Осыны түсінген Бөкей атадан балаға қалатын, орталықтанған аппараты бар, жергілікті феодалдарға тәуелсіз, монархиялық билік жүйесін құруга тырысты.

Содан соң, феодалдық қатынастардың дамуына кедергі келтіретін негізгі фактор феодалдық экономиканың негізі болып табылатын жерге жеке меншіктің болмауы еді. Мұны түсінген Жәңгір әкесінің жолын

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

кушп, орталықтағы билікті нығайту мақсатында Орда иелігіндегі жерлерді жеке меншікке берді [3,109].

Бұл қатынастардың дамуы қоғамда біртекті қатынас тудырмады. Жәнгір хан өзі Астраханда орысша оқып, монархизм рухында тәрбиеленеді. Экономикадағы дворяндық бағыттың дамуы осы Жәнгірдің ішкі саясатының негізгі қозғаушы күші еді. Мәдени салада жаңа ағымдарға жол ашып, ғылым, білімнің дамуына негіз жасады. Дамыған хандыққа сапалы шенеуніктердің қажет болуы жаңа типтегі мектептердің ашылуына септігін тигізеді. «Ол хан ордасында қазақ балаларына арнап тұнғыш рет дүниелік жалпы білім беретін мектеп ашты, оның тұсында қазақ жастары Орынбордағы Неплюев кадет корпусында білім ала бастады. Жәнгір қазақ халқының тұрмыстық заттарының және мәдениет тарихының музейлік коллекцияларын Қазақстандағы алғашқы құрушылардың бірі болды, Қазан университеті жанындағы ғылыми қоғамның құрметті мүшесі болды» [3, 109].

Осылайша Жәнгір өзінің басты миссиясын классикалық түсініктегі орталықтанған абсолютті монархиялық мемлекет құру деп біледі. Мұны Алаша Байтоқ жыраудың Жәнгір хан дүниядан қайтқан соң айтқан келесі сөздері дәлелдейді:

«Құдай үшін салдырған
Құлазып қалды ақ мешіт.
Ақ мешітті сақтаған
Хан сәләмат күнінде
Бұқара байтақ халық үшін.
Бағанасын лағыл тастан қақтырған
Төбесін һәм алтынмен жаптырған» [4, 366].

Қазақстан тарихында Жәнгір ханның сіңірген еңбегі зор. Бөкей мен Жәнгір хандардың негізгі мақсаты - артта қалған халықты жаңа жолға итермелей болатын. Осы мақсатта мемлекеттік аппарат пен қоғамдық реформалар Қазақ даласындағы қатынастарды жаңа сапалық деңгейге көтеру миссиясын атқарды. Жердің жеке меншікке берілуінен туындаған қатынастар қазақ баласына оңай соққан жоқ, көшпелі мал шаруашылығынан отырышы шаруашылық жүргізуіндің тиімділігі айқындала бастады. Салық реформасының нәтижесінде тұрақты қазына пайда болды. Бұл да қарапайым халық тарапынан дұрыс бағаланбады. Құқықтық реформаның нәтижесінде меншікке қарсы жасалған қылмыс қатаң жазаланатын. Қазақ жер қатынастарында айтарлықтай жаңа ұғым - сервитут қалыптасты. Мұнда малын жаюға бара жатқан адамдар өткені үшін алым төлеу-төлемеу мәселелері терең

қарастырылады. Жәңгір ханның мақсаты жәй абсолютті монархияны құра салу емес, оның мақсаты өркениетті, білімдар монархия құру болатын. Бұл мәселенің жүзеге асыру үшін мешіт, т.б. діни-агартушылық мекемелерді кеңінен ашу тәжірибесі қалыптасады.

Жалпы саяси-құқықтық тұрғыдан қарар болсақ Жәңгір ханның реформаларының прогрессивтік мәнін түсіну қын емес. Бұл реформалар Бөкей хандығын жаңа формацияға: классикалық түсініктегі абсолютті монархияға негізделген феодалдық мемлекетке алыш келді деп тұжырымдауға болды.

Бөкей Ордасының негізін қалаушы туралы мәліметтер аз болғанымен, оның Әбілқайыр ұрпағы екендігі айқын. Кіші жүздегі хандық жүйенің реформалануы нәтижесінде қалыптасқан билікке қарсы бой көтерушілердің бірі ретінде белгілі.

Бөкейдің негізгі саяси мақсаты - Кіші жүздегі билікті тартып алу болғандығы белгілі. Ол белді саяси қайраткер, күшті билеуші ретінде кеңінен танылады. Бөкей сұлтан Кіші жүздегі саяси билікке қол жеткізе алмаған жағдайда, өзінің жеке ордасын құрып, қалай болғанда да хандық мансапқа, атаққа қол жеткізуі көздеді. Бұл істе Бөкей өзінің інілері Қаратай мен Орманның, басқа да ықпалды сұлтандардың күшіне сүйенеді.

Алдымен Есім, соңан соң Айшуақ, ал одан кейін Жантөре хандарға ықпалды оппозиция құра алған Бөкей өзінің тұп мақсатына жету үшін Оралдың аргы бетіне көшеді. Нәтижесінде, Қазақстанның саяси картасында жаңа саяси күш Бөкей немесе Ішкі орда пайда болады. Бұл хандықты құруда Ресей Үкіметінің де, Бөкей билеушілерінің де өз мақсаттары болды.

Саяси-экономикалық тұрғыдан Мәскеумен тығыз байланысты хандықтың пайда болуы саяси экспансияға жол аштындығы белгілі. Бөкейді хандық билікке көтергенде ежелден келе жатқан барлық дәстүрлердің сақталғандығын ерекше атап өткен жөн.

Осы уақыттан бастап Кіші жүзде бір-бірінен тәуелсіз екі хандық орнады деуге болады. Кіші жүз шенберінде екі хандықтың пайда болуы экспансиялық саясаттың емес, Кіші жүз ішіндегі алауыздық пен саяси қарсылықтың нәтижесі деп қарастырады. Хандық билікке тән барлық дәстүр нормаларын сақтап отырған Бөкей хандығын да шынымен ерекше бедел мен ықпалға ие болғандығын айта кетейік. Алайда Кіші жүз көлемінде көптеген тайпалар Бөкей сұлтанды занды билік иелеріне қарсы күресуші тұлға, Жантөре ханның өліміне қатысты тұлға ретінде белгілі болғандығын айта кеткен орынды. Осы

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

орайда жаңа хандықтың пайда болуы және оппозицияның белді тұлғаларының Бөкей хандығының маңайында шоғырлануы - Кіші жүзде саяси тұрақтылық факторына айналды.

Хан ішкі және сыртқы саясатты тәуелсіз кейіппен жүргізуге тырысқанымен, шын мәнінде, толыққанды тәуелділік сақталды деп айтуға болады. Бөкей ордасының тұңғыш ханы Бөкейдің саяси-құқықтық көзқарастары әдет-ғұрыптық шеңберден шыға қоймайды. Бұған қосымша өзінің билігінде Ресей империясына арқа сүйеген Бөкей Ресей нормаларын бағыт етіп ұстады деп қарауға болады.

Жалпы, Бөкей көп жағдайда дәстүршіл билеуші, тәжиірбелі басшы ретінде белгілі. Оның ұлы Жәңгір далалық дәстүрлі билікке талас режимінде өскен қайсар мінезді, прогресшіл, Ресей ықпалында өскен белді қайраткер, адудынды билеуші ретінде болатын. Жәңгірдің хандық билікке келуімен Ресей басшылығы тарапынан хандықтың ішкі саясатын бақылау мен қадағалау тоқтатылып, жаңа басшылыққа толық сенімділік білдірілді.

Жәңгірдің біртұтас шаруашылық құруға тырысқандығы байқалады. Ресейдің ірі феодалдық иеліктерін шаруашылықтың ең үлкен шыны деп қабылдаған Жәңгір Бөкей ордасын біртұтас шаруашылық кешенге айналдыруға тырысты. Оның үстіне Шығайдай оппозицияны жеңген Жәңгірдің саяси арқасүйері Ресей империясы тарапынан жақсы одақтас іздеуі де заңдылық. Жәңгір билікте дәстүрлі жолдарды сақтамаған, Ресейдің билік жүйесін ұстанғанын, экспансиядан одақтас тапқанын прогресс қажеттілігі деп ұққан жан.

Бөкей ордасындағы хандық биліктің қалыптасуына ықпал еткен екі кезеңді бөліп қарастыру қажет. Бірінші кезең – (Бөкей кезеңі) – ол даға билеушілерінен ерекшеленбейтін кезең. Орта жүз билеушілері секілді хандық билік әлсіз, ал мемлекет ыдыраңғы болатын. Ал, екінші кезеңде (Жәңгір кезеңі) хандық билік нығайып, абсолютті монархияның барлық дерлік қасиеттеріне ие бола бастады.

Екінші кезеңде патшалық Ресейдің ішкі саясатқа араласпау саясатын қолданған Жәңгірдің тұсында орын алғандығын айта кетуі керек. Ресей империясымен қатынастардың жақсаруы Бөкей ордасының билеушісінің позицияларын нығайтып отырды. Жәңгірдің тагы бір мақсаты - Қазақ хандығы мен Ресей империясының арасында дәнекер болу еді. Сондықтан, сауда-экономикалық қатынастарын дамыту үшін, бірқатар ірі жәрменкелер, мектептер ашылып, мәдени қатынастар нығайды. «Ханның біршама ішкі дербестігі болды. Ол дербестік қаржы-салық, жер бөлу, рулық-территориялық басқару,

халықты шаруашылық жағынан орналастыру түрінде жүзеге асты» [5, 85].

Оның белгілеген салықтарының негізгі бөлігі қарапайым халыққа түсken ауыртпалық болатын. Бел қайыстырган жағдайлардың қарсылық туғызбауы мүмкін емес еді. Сондықтан, қазақ даласындағы бірқатар ірі көтерілістерге Жәңгір ханың саясаты себеп болды. Қазақ хандығының ұзын ыра жолында біртіндеп қалыптасып келе жатқан феодалдық қатынастардың тез орнауы, тарихи заңдылық тұрғысынан да күрделі болатын.

Жәңгірдің ішкі саясаттағы тұрақтылығы рубасылардың билігін шектеу арқылы ғана жүзеге асты десек те болады. Жердің жеке меншікке берілуі, салық жүйесіндегі өзгерістер, дәстүрлі дала демократиясының институттарының ыдырауы, қоғамдық қатынастардың құрт өзгеруі, қазақ қоғамындағы эволюциялық принциптердің орнын Махамбет пен Исадай бастаған революциялық көтеріліске алып келгендігі де заңдылық. Бұл Жәңгір ханың кемшилігінен пайда болған көтеріліс емес, қоғамның кейбір күрделі құбылыстарға дайын болмағанынан туындаған көтеріліс. Өзінің ішкі саясатындағы одақтастарына байлықты аямастан төгетін, қарсыластарын аяматай езетін Жәңгір қазақ абсолютизмінің шырқау шегіндегі тұлға, қазақтың тұңғыш әрі соңғы абсолютті билеушісі!

Ресей абсолютизмінің қазақ даласындағы ең жақын одақтасы болып табылған Бөкей ордасы шын мәнінде толыққанды отар болды.

«Біреуден қызын-қыстау іс көрсе,

Патшаға жүз көрісіп,

Арызын өзі айтуда жол тартқан» [4, 366] - деп жырлайды Алаша Байтақ жырау.

Классикалық түсініктегі билік институттары енгізіліп, бұрын биліктің орталықтану деңгейінен де жоғары дәрежеге жетті. Ханың жанында консультативтік функцияларды жүзеге асыратын хандық кеңес қызмет атқарды. Бұл кеңеске Жәңгір хан өзінің ең жақын жақтастарын тағайындалап отырды. Яғни, бұл бұрынғы дәстүрлі хандық кеңестен елеулі өзгерістерге ұшыраған, әлсіз әрі ханың «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» ұстайтын консультативті органды ретінде ғана қалды. Іс жүзінде хан кеңесі хандық абсолютизмінің қолшоқпary болып қалыптасты. Бұл туралы көрнекті заңгер, академик С.З. Зиманов былай деп жазады: «Джангир-хан, опираясь на поддержку правительства, стремился к единовластию во внутренних делах. В его руках была сосредоточена высшая административная,

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

судебная и законодательная власть в ханстве. Он сам разбирал судебные дела, считался судом второй инстанции по делам, решенным родовыми начальниками и ханскими биями; устанавливал новые налоги, ввел телесное наказание, новые виды штрафов за неуплату долгов, понятие «ослушания воли начальства» [6, 106].

Классикалық түсініктегі монархияның ішкі атрибуттарының барлық қасиеттеріне ие болуға тырысқан Жәңгір хан ең жоғарғы сот билігін де, заң шығарушы билікті де өз қолында шоғырландырды.

Ру басылардың шешімдеріне апелляциялық инстанция ретінде қалыптасқан хандық сот, соңғы кезеңде ең жоғарғы инстанцияға айналуын Ресей әкімшілігі тарапынан Жәңгірге артылған үлкен сенім ретінде қарастыруға лайық. Себебі, тәуелді хандықтың үстінен қарайтын бірқатар мемлекеттік органдардың, ханның шешімін өзгертуге ықылас білдірген кездері болмады деуге негіз бар.

Жәңгір хан Бөкей ордасындағы өзінің шексіз билігін пайдалана отырып, бірқатар салық реформаларын жүзеге асырғандығы белгілі. Мұнда тек көшпелі халықтарға тән салықтарға ғана емес, толыққанды мұсылман мемлекетіне тән басқа да көптеген салықтар енгізілгендігі салық жүйесін кемелдендіруге ықпал етті. Яғни, Жәңгірдің тұсындағы хандық биліктің реформалану үрдісі мен өзгерісі Жәңгірді шығыстық элементтері бар деспотиялы, орталықтанған билік институттары қалыптасқан, абсолютті монархияның барлық элементтері сақталған қазақ даласында бұрын-соңды болмаган прогрессивті мемлекет құруга ықпал етті. «Власть в ханстве была централизована. Прежняя самостоятельность султанско-бийских владений была ликвидирована, а сопротивление старой родовой знати, тяготевшей к независимости внутренней политике, сломлена» [6, 106].

Ішкі егемендіктің сақталуы хандықты заң жүзіндегі тәуелділіктен құтқармады және хан билігін белгілі дәрежеде шектеп отырды. Бұл Жәңгірдің саяси-құқықтық ойларының белгілі дәрежеде орысшыл бағытта болғандығын айқындайды. Ресейден білім алғанымен ішкі саясатта тек ислам дініне арқа сүйеген Жәңгір өзінің ішкі саясаттағы тірекі ретінде діни элитаны пайдаланып отырды. Сондай-ақ дінді өзінің тірекіне айналдырығысы келген хан жүргізген саясатының негізгі элементі ретінде діни оқу орындарын қолдау мен дін позицияларын қоғамда нығайтуға дең қойды.

«Хиуадан келген Қабыл хан,
Ыстамболдан келген Сейіл хан,
Қырымнан келген қырық әжі,

Қырық әжіге бір қазы,
Намазға күнінде қырық мың шәкірт жиылған,
Баршасы бір имамға ұйыған,
Залымдар жауыз істен тыйылған» [4, 366].

Бұл жалпы жергілікті әкімшілік тарапынан қажетті кадрлар дайындау қажеттігінен таралды. Оның үстіне өзінің Ресей империясымен тығыз қатынастарын тиімді пайдаланған Жәңгір тұсында Ресей қалаларына бай балаларын оқытуға жіберу дәстүрі қалыптаса бастады.

Мәдени-экономикалық қатынастардың дамуы қазақ даласындағы отырықшылық дәстүрді туғызды. Шын мәнінде Жәңгір өзінің билік құрған тұсында Ресейді қуатты етіп көрсеткен саяси жүйені Қазақ даласына енгізу арқылы Қазақ даласын әлеуетті күшке айналдыруға тырысқандығы байқалады. Осы тұрғыдан Жәңгірді европашыл деп те қарастыруға болады. Себебі, хан өзінің ішкі реформаларының негізгі мақсаты деп Ресей империясы мен Батыс мемлекеттерінің саяси жүйесін қабылдады. Хандық биліктің орталықтануы бұл реформаларды жүзеге асыру үшін маңызды тетік деп білді. Қазақ даласында орын алған бұл реформалар хандық билікті нығайтып қана қойған жок, феодалдық қатынастардың дамып, қазақ мемлекеттігінде бұрын орын алмаған мемлекеттік билікті жаңа биік сатыға көтеруге ықпал етті. Қазақ хандығының тұсында бұрын-соңды болмаған мемлекеттік, бюрократиялық институттардың дамуына ықпал еткен бұл процесті бір жақты бағалауға болмайды. Шын мәнінде мемлекеттік билік институттарының кемелденуі мен дамуына ашылған кең мүмкіндіктер хандық биліктің классикалық түсініктे орталықтанып, Бөкей ордасының хандық биліктің шырқау шегінің көрсеткіші болғаны айқын. Қазақ мемлекеттігінің дамуы мен қалыптасуында Бөкей ордасының орны ерекше. Бұған ықпал етіп, мемлекеттік дамуда ерекше еңбек сінірген Бөкей мен Жәңгір хандардың саяси-құқықтық ойлары мен мемлекетке деген пікірлері екендігінде ешқандай дау жоқ. Орине, бұл процестердің мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздіктен айрылып, Ресей ықпалы күшейгенде орын алғандығы орыс ықпал ету факторын күштейтеді. Алайда, Жәңгір хан реформаларының айтарлықтай тәуелсіз ішкі саяси жағдайда орын алуы, құқықтық тұрғыдан және басқа да жағдайларда ислам дәстүрлері мен қазақ ғұрыптарына арқа сүйеуі бұл мемлекеттік құрылымдардың қазақы болуына ықпал етті.

«Бұ ханнан соң хан да жоқ,

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

Қазаққа енді бұрынғыдай кеңдік заң да жоқ,
Атамыз Адам сілбінен

Мұндай болып өткен пенде жоқ» [4, 366 б.].

Жырауды толғандырып отырған мәселенің ең маңыздысы шектеулі болса да, ішкі тәуелсіздікті хан өлімінен кейін де сақтап қалу. Яғни, мұнда жаңа мемлекеттік құрылымдардың пайда болуына қарағанда ескі құрылымдарды заман талабына сай өзгерту, икемдеу деп қабылдауға болары сөзсіз.

Хан билігінің кеңеюі ру билеушілерінің билігінің шектелуімен бірге жүрді. Енді рубасылар жекелеген руладың билеушілерінен, хан билігінің өкілдеріне айналды. Бұл процестер билер тарапынан наразылық тудырып отырғандығы және белгілі.

Жалпы тұрмыс пен шаруашылық жүргізудің күрделенуі халық пен ескі билеушілер тарапынан қарсылық туғызды. Бұл қарсылықтың ең ірі көріністерінің бірі - Махамбет пен Исадай көтерілісі болды. Көтерілістің ең айқын себептері - жаңа жер қатынастары, дәстүрлі шаруашылық пен билік принциптерінің өзгеруі, далалық элитаның жаңа билік жағдайларына икемделе алмауы, олардың дәстүрлі өкілеттіктерінің шектелуі, т. б. болатын. Жаңашылдық халыққа да оңай тимеді. Тұрақты салықтардың енгізілуі мен оның тұрақты түрде ұлғайып отыруы халық тарапынан наразылық туғызды. Бұл қақтығыстарда Жәңгір жаңа ықпалды элитаға арқа сүйегенін ескерсек, қазақ қоғамындағы реформаларға деген пікірдің біржакты болмағандығын байқаймыз.

Дәстүрлі қоғам жаңа заман талаптарын толық игере алмады. Оның заман талабына сай өзгеруіне ықпал ететін реформалар бірден халық қолдауына ие болуы екіталай еді. Өз заманының озық ойлы өкілдерімен тұрақты, жақсы қатынаста болған Жәңгір халықтың артта қалуының себептерінің бірі білім беру жүйесінің кемелсіздігінен деп білді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін мұсылманша дәріс беретін бірнеше оку орындары ашылды. Бұл оқу орындарында шаригат пен әліпбиден басқа бірнеше маңызды базалық дәрістер берілді.

«Байтаққа патша хан болған,
Қараңғы үйге шам болған,
Дүнияга қылған ісі даң болған,
Әділ бір туған ақ сұңқар,
Байтағың енді бір көрерге зар болған» [4, 367]!

Мұнда ханның тек әділдігі гана емес, білім беріп, халықты қараңғылықтан құтқарғандығы айтылады.

Ресейге окуга жіберілген окушылардың рухани азғында мауы үшін бұл діни дәріс беру орталықтарының маңызды болғандығы және айқын. Мәдени қатынастардың тереңдеуі қазақ қоғамында қайшылықтар тудыруы ықтимал еді. Сондықтан мұсылман дәстүрлеріне негізделген мектептер - заман талабы. Оның үстінен дінді өзінің ішкі саясатының тірекі ретінде қолданғысы келген Жәңгір кейбір ислами ғұрыптарды құшпен енгізуге мәжбүр болды. Діни қызметкерлер мен қожалардың көбеюі орданың діни негіздерін нығайту мақсатынан туған. Ресей мәдени құндылықтарына қарсы қолданатын діни бағыт халық тараپынан қолдау тапты. Бұл кейін қазақты шоқындыруға қарсы діни оянуыштыққа ұласты.

Мемлекеттің негіздерін ұлғайту үшін ең маңызды факторлардың бірі - аймақтық рулық элитаны әлсірету миссиясын да хан тиімді жузеге асыра алды. Осылайша халықты ру мен тайпа шенберінен шығарып, тұтастандыру процесін жүргізді.

Хан өзінің билігінің негізгі тірекі ретінде жаңа элитаны қолдағандығы белгілі. «В усилении ханской власти имело значение и то обстоятельство, что в результате передачи лучших земельных участков во владение отдельных категорий знати, освобождения части местной знати от несения общих повинностей и налоговых сборов путем присвоения звания тархана и представления на награждение русскими чинами части знати хану на определенном этапе удалось создать более или менее стабильную социальную опору власти» [6, 106-107].

Ханның шекаралық шенеуніктерге тәуелділігіне қарамастан ішкі саясаттағы тәуелсіздік ішкі ресурстарды жұмылдыруға тамаша ықпал етті.

Қазақ қоғамындағы келесі бір күшті әлеуметтік топ төрелердің тарихтың бұл кезеңінде өзінің бұрынғы ықпалынан айрыла бастаған кезі болатын. Бекей ордасындағы сұлтандардың негізгі бөлігі Бекейді қолдан Кіші жүзден қол үзіп қалған төрелерден тұратын. Бұларды орналастыру үшін Жәңгір қолынан келген көмекті аямады.

Өзінің күшті негізі болатынын түсінген Жәңгір элитаның бұл тобымен үнемі кеңесіп отыратын. Бұл неформальды орган хандық билікке ықпалының күші жағынан алғашқы орындарды иеленетін. Бұл орган формальды болмағандығына қарамастан ішкі саясатқа қарасты сұраптардың бәрі дерлік осы орган шенберінде талқылаудан өтетін. Хан Бекей де, Жәңгір де бірінші сұлтан, сұлтандардың қорғаушысы болып табылатын. Төрелердің санының көп болуы бірқатар

Ергобек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

қыншылықтар тудырғандай еді. Алайда, өздерінің әлеуметтік қорғанысын қамтамасыз ететін сұлтандардан қызмет аямаған әкелі-балалы екеуі ең өтімді қызметтерді төрелерге берді. Олардың ішінде ең беделді, ықпалды топ Нұралы ханнан тараган ұрпақ болатын. Әбілхайырдан тараган басқа ұрпақтармен қатынасы күрделі екеуі өздерінің басқа туыстарынан қол үзіп қалмауға тырысқандығы белгілі.

Ақсүйектер рөлінің күшеюі, бұқарадан шыққан элитаны ығыстыруға тырысуы әлеуметтік қақтығыстарға да алып келеді. Бұл текетірес Бөкей ұрпақтарының женісімен аяқталды.

Ішкі саясаттағы өзгерістердің тез орнығуы - орданың Қазақ даласының тарихында толыққанды феодалдық қатынастар қалыптасқан, абсолютті монархиялы мемлекет болғандығының дәлелі! Ал Жәнгір мен Бөкей хандар осы мемлекеттің негізін қалап, дамуындағы ең биік формацияға көтерген тұлғалар ретінде тарихта қалары да белгілі. Осы тұрғыдан қарастырап болсақ, қазақ тарихындағы бұл прогрессіл тұлғалар өз орнын әлі де толық алмағанын айтамыз. Алда бұл саладағы зерттеулер аталағыш ұлы тұлғаларға әділ баға беретіндігіне сенімдіміз.

Махамбет шығармашылығындағы саяси-құқықтық ойлар

Махамбет Өтемісұлы қазақ тарихында белді орын алғатын дарын иесі: ақын, қоғам қайраткері, халықтың мұңын жоқтаған ойшыл, ұлттың азаттығын аңсаған батыр. «... его стихи звали к борьбе против алчных ханов, султанов, обиравших народ, как волчьи стаи» [7, 58].

Махамбеттің саяси - құқықтық ойлары Бөкей ордасында болып жатқан қоғамдық-саяси өзгерістермен тығыз байланысты туындағаны хақ. Жәнгір хан реформалары қарапайым халыққа оңай тимеді. Жердің жеке меншікке үлестіріліп берілуі, жаңа феодалдық қатынастардың орнығуы халықтың тұрмысын ауырлатты. Бұл жағдайда жастайынан либералды ойларымен белгілі ақын бұл мәселелерге жәй қарап тұра алмады. «В период восстания казахских шаруа Внутренней (Букеевской) орды интересы народа совпадали с интересами старшин, возглавляемых Исадаем и Махамбетом, так как борьба была направлена против высшей феодальной знати (ханов, султанов)» [8, 87].

Махамбеттің саяси-құқықтық ойларының іргетасы - еріктілік, теңдік, бостандық, сондай-ақ жаңадан туып келе жатқан қанаушылыққа қарсы тұру болатын. Бұл жырау поэзиясындағы ең маңызды проблема болып табылады.

«Корлықта жүрген халқыма

Бостандық алып берем деп,

Қырық бір жасқа келгенде,
Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырган
Айбатыма шыдамай,

Хан баласы жылады-ай» [4, 180],- деген ақын өзінің күресінің негізгі мақсаты қорлықта жүрген халқының еркіндігі екендігін айқын айтады. Осы орайда Махамбет заманында феодалдық қатынастардың айтарлықтай дамығандығын айтуга болады. Осы формациямен бірге келетін бірқатар құбылыстар маңызды рөл атқарады. Мұндағы қорлықтың туындау себебі - жаңа қоғамдық құрылым. Ал мұндай заман құбылыстарына қарсы тұрудың бір ғана амалы:

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі наиза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей
Ашаршылық, шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып, ет жемей,
Ер тесектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Тұн қатып жүріп, тұс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Ку толағай бастанбай,

Ерлердің ісі бітер ме?» [9, 35-36] – деп толғайды ақын. Яғни, жыраудың монархияға қарсы күш қолдану тәсілін ұсынуы бұрын тарихта болмаған оқиға. Мәселе саяси ой өркендей келе, басты мәселе - билік мәселе. Мәселе төрелердің қалыптасқан монополиясын жою. Осы тұрғыдан Махамбет ойлары белгілі француз ойшылы Жан Боденмен сәйкес келеді. Мұндағы басты принцип - биліктің халықта болуы. Бұл билікті халық өз арасынан таңдаған бір адамға береді. Ол адамның тіпті төре тұқымынан болуы міндетті емес:

Халық үшін қан төгем деп,
Қараны ханға теңеп берем деп,
Ол мақсатқа жете алмай,
Дегенімді ете алмай,

Көр болдық-ау, Махамбет шырақ-ай, – дейді. Яғни мұндағы билік басындағы тұлға кез-келген патриот адам болуы мүмкін. Бұл адамға абсолютті билік тапсырылуы керек. Халықтың жағдайы мен мұн-мұқтаждықтарына - көңіл аудармаган билеушіні тақтан тайдыру қажет. Бұл құқық толықтай халық қолында. Мұны Махамбеттің:

«Жүйрік аттың белгісі
Тұрады құйрық-жалында-ай.
Айтып-айтпай, немене,
Халық қозғалса,
Тұра алмайды хан тағында-ай...»[4, 168]

немесе:

«Алтын тақты хандардың
Хандығынан не пайда,
Қаріп пенен қасірге

Туралық ісі болмаса» [10, 58], - деп тұжырымдайды. Мәселе, адамның кім, қандай текten екендігінде емес, оның халыққа деген ықыласында! Дегенмен, Махамбет - дәстүршіл жырау. Хандық дәуір жыраулық улгісінің жалғасы. Дәстүршілдік Махамбеттің ойы бойынша өткеннен үйрене отырып жаңа ойларды жинақтауға, топтастыруға көмектеседі, үрпакаралық сабактастықты қамтамасыз етеді.

Махамбет Өтемісұлы саяси дербестік пен тәуелсіздіктің жыршысы. Оны Ресей империясының отарлық саясаты қинайды, толғандырады:

«Тептер үшін тебістік,
Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғыш үшін қырылдық,
Тендікті малды берmedік,
Тендіксіз малға көнбедік» [4, 174].

Мұнда Махамбеттің тек отаршылдарға ғана емес, ішкі реформаларға да қайшылығын байқауға болады. Бұрыннан қасиетті болып келген жерге жеке меншіктің орнауы, оның азаматтық-құқықтық қатынасқа тауар ретінде қатысуы ақынның жанын ауыртқандығы сөзсіз. Махамбет көзқарасы, тарихтың сол бір кезеңі үшін ерекше озық көрінеді. Оның Орынборда болған жылдары

патшалық үкімет тарапынан теперіш көруінің өзі саяси ой егесінің тіпті Ресей империясының ішкі саясатына қауіп төндіргенін байқаймыз. Махамбеттің түсінігінде тәуелсіздікті жоғалту одай болғанымен, ол үшін құресіп, қайтарып алу қынға соғады:

«Беркініп садақ асынбай,
Бірінде жауды қашырмай,
Білтеліге қол салмай,
Қозы жаурын оқ алмай,
Қорамсаққа қол салмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жауына
Қанды көбік жұтқызыбай,
Халыққа тентек атанбай,
Ерлердің ісі бітер мे?» [4, 166]

Бұл өлең жолдары бізге Махамбеттің қоғамға деген көзқарасын айқындалап береді. Ұлы мұрат – мақсаттар құрбандықсыз болмайды. Осыған қарағанда Махамбеттің революционерлік бағыттағы саясаткер екендігі анғарылады. Қоғам өзінің құндылықтары үшін құресуі керек. Құш қолданусыз қоғамдағы әділеттіктің орын алуы қын. Тек, жау қашып, билік өзгерсе ғана халық өзінің мұратына жетеді. Бұл сыйндарлы ойлар Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» атты өлең жолдарында да айқын көрініс тапқан. Қазақ халқының негізгі мақсаты үшін адам кез келген қындылыққа бара білуі керек. Тек осындай әдіспен келген құндылықтар баянды болады. Ең маңызды мәселе - осы құндылықтарды жауларап алу ғана емес, бұл құндылықтарды сақтап қалу. Демократиялық құндылықтарға қол жеткізген қоғам өзінің негізгі мақсат-мұраттарын ұмытпауы үшін бұл құндылықтарға қалай қол жеткізгендігін ұмытпағаны жән. Осы мұрат үшін бәрі де құрбандық. Батырлық ақынның қанында бар. Оның билеуші тап өкілдеріне қоятын бір сауалы бар. Ол сауал: Неге бай мемлекеттің, шұрайлы жердің иелері болып табылатын халық нашар өмір сүруі керек? Жаңа жүйе ұсынып отырған хан Жәңгір неге халық қамын ойламайды? Оның Жәңгірге деген ашу-ызасына келесі сөздері мысал бола алады:

«Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Достарың келіп табалап,
Дүшпаның сені басқа ұрсын!

Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің, аярсың,
Айыр құйрық шаянсың» [4, 167]!

Бұл өлең жолдары Махамбеттің тек Жәңгірге деген позициясын анықтап қоймай, жалпы хандық билікке көзқарасын айқындейдьы. Мұндағы ең маңызды мәселе хандық билікті Махамбет негізгі қайнар көз – қалыпты саяси жүйе ретінде мойындаиды. Бөкей ордасындағы монархияның спецификасына көз жеткізеді. Біріншіден, ол монархия ежелгі дәстүр бойынша сайланбаған. Яғни, бұл биліктің дала дәстүрі бойынша легитимді болуы қыын. Екіншіден, атадан балаға мұра болып қалатын бұл биліктің Ресей отаршыл әкімшілігі тарапынан берілгендейін мойындауға мәжбүрміз. Яғни, бұрынғы халықтың хан сайлау құқығының Ресей әкімшілігінің хан тағайындау құқығымен алмастырылғандығын байқау қыын емес. Бұл, көзқарастың негізіне көз жүгіртер болсақ, Жәңгірдің хан болып отырғандығы дәстүрлі тұрғыдан толыққанды мойындалған, легитимді монархия деп айтуда болмайды.

Оның үстіне, Жәңгірдің феодалдық қатынастарды дамыту мен билікті орталықтандыруға бағытталған реформаларының барлығы дерлік көшпелі қоғам тарапынан туындаған қарсылыққа тап болады. «Патша қалыптасқан заттар ретін өзгеріссіз қалдырмай, оны өзгерткенде өзінің аса құдіреттілігін танытамын деп ойласа, онда монархия құлайды. Монархия патшаның біреулерге занды турде тиесілі қызметтерін өз қалауынша басқаларға алыш берген жағдайда, патшаның өз ерік-жігерінің шешімінен гөрі өз қиялышының шешімдерін ұнатқан жағдайда құлдырауға ұшырайды.

Патшаның барлығы тек өз жеке басына қатыстырып, мемлекетті өз астанасына, ал астанасын - өз сарайына, ал сарайын - өз жеке тұлғасына теңестірер болса, монархия өледі» [11, 138 б.].

Көшпелі қоғамдағы негізгі байлықты мал деп қарастырганмен, экономиканың негізі мал шаруашылығын жүргізу үшін шүйгін жайылымдық жерлер екендігі бесенеден белгілі. Ал, бұл жерлердің бұрыннан иесі қазақтың жекелеген ру-тайпалары болатын. Ханың жерлердің бәрін өзіне алыш, жақтастарының арасында бөлуі, жерге деген меншіктік көзқарастың қалыптасып, хан қолына шогырлануы қазақ көшпелі қоғамының қарсылығын тутызғандығы хақ.

Осы, тұрғыдан Бөкей ордасындағы ішкі қайшылықтар Махамбет пен Исатай секілді тұлғаларды тарих аренасына алыш шығуы – табиғи, тарихи зандылық. Ал, Махамбеттің қалыптасқан, жағдайдан шығудың

жолын халықтың билікке негізделген билік формасынан іздеуі де заңды. Бұл, тек адамдардың құқық пен мемлекет алдындағы тенденция жағдайында ғана орын алатындығын түсінген Махамбет әділетті өмір дәстүрін – дала демократиясын енгізуге тырысады.

Махамбеттің бұл ойлары Томас Мордың утопиялық ойымен сабактасып жатады. Жерүйік ізdep өткен Асан Қайғыға қарағанда, Махамбеттің ойлары Жерүйіктың күрге бағытталған. Махамбеттің ойынша, Жерүйік орнаған жер жоқ. Алайда, оны орнатуға болады. Ол үшін әділетті билік орнату керек. Ол билік жеке адамның билігі емес, халықтың билігі болуы керек. Билік кедейлерге қорған болып, шаруашылық жүргізуге жағдай жасауы керек.

Махамбеттің ойын таптық түрғыдан қарастыру дұрыс емес. Себебі, ол нақты бір әлеуметтік топқа қарсы бағытталған көтеріліс емес, заң мен мемлекет алдындағы тенденцидікке, яғни әділетсіздікке қарсы бағытталған көтеріліс деп қарауға болады. Жеке биліктің халықтың жағдайын жасай алмайтындығына көз жеткізген ақын халықтың билік орнатуға ынталы. Ол ханға халық билігінің өкілі ретінде емес, тіпті қазақтардың Ресей империясымен қатынастарын реттеуші тұлға емес, империяның жендеті деп қарайды. Жеке адамның билік институтындағы ұстанымдарының жеткіліксіздігі бүкіл билікке сенімсіздік тудырып отыр.

Махамбет пен Исарайдың Жәңгір ханмен болған жеке қақтығысы халық көтерілісіне алып келгендей көрінгенімен, халықтың наразылығының мұнда ерекше күші мен маңызы сезіледі. Бұл жәй, билік үшін талас емес, күрылған мемлекеттік билік жүйесіне қарсы құрес екендігі анғарылады. Махамбет шығармашылығында халық қамы ең басты орында. Жаңа қоғамдық қатынастарға икемделмеген халықтың жағдайының жақсарапы екі талай. «Жәңгірдің ісі» өлеңі ақынның жаңа қатынастарға үйрене алмаған қазақ халқының Орынборга крепостной, басыбайлы шаруа ретінде кетіп бара жатқандығын суреттейді:

«Міне алмаған алаға-ай,
Шыға алмаған дағаға-ай,
Қара қазақ баласын
Атаңа нәлет Жәңгір хан
Көзінен тізіп жіберді-ау
Орынбор деген қалаға-ай» [4, 171 б.]!

Бұл өлең жолдарының Ресейдің рухани-мәдени экспансиясының кеңейген дәүірінде жазылғандығы байқалады. Жаңа туындаған

Ергөбек III. Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси-құқықтық...

қатынастарды реттейтін жаңа кадрларды қажет еткендіктен, қазақ балаларын Орынборға жіберіп, батыстық білім алуға жағдай жасайды. Өрине, дұрыс ниетпен жасалған бұл қадамның теріс жағы да бар. Ресейлік құндылықтарға негізделген өмір аңқау қазақ балаларын ата жолынан аудырып, жаңа рухани әлем ашар еді. Қазақ жеріне өз билігін орната алған Ресей әкімшілігі енді қазақ қоғамының рухани құндылығына қол сұға бастаған болатын. Оның үстіне көтеріліс кезінде Жәңгір Орынборды бекініс ретінде пайдаланып, ол жерде өз жақтастарын ұстағандығы белгілі.

Махамбет әділетті басқару идеясын дәстүрлі қоғамнан іздегені ҳақ. Ол легитимді сайланбаған, Ресей үкіметі тарапынан таңылған Жәңгірге оппозиция болуы да сондықтан. Махамбет қазақ көшпелі қоғамының негізгі қайнар көзі болып табылған әдет-ғұрып нормаларына қайта ден қою, оралу арқылы әділетті қоғам орнату идеясын ұсынады. Ресей әкімшілігінің жүзеге асырып отырған реформалары халықты түп-тамырынан ажырату деп ұқсан Махамбет, бұл реформалар дала демократиясының, дәстүрлі институттарының жүйесін бұзғандығына қатты налиды:

«Карт бұғыдай билерден
Ақыл сұрап құн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атанаң
Ризалықпен жайласып,

Қолын алар күн қайда?» [9, 38] - дейді ақын. Шын мәнінде де Ресей ықпалымен қазақ даласында, әсіресе Бөкей ордасында жүзеге асырылған реформалар қазақ халқын дәстүрлі құндылықтар мен принциптерінен айырып отыр. Жоғарыда көрсетілген бірқатар құндылықтардың өзара қайшылыққа ұшырап отырғандығын байқау қыын емес. Мысалы, адамдардың тенденциясынан мен төрелердің билігіне қарсы тұру. Қара халық пен далалық аристократияны әдет-ғұрып нормаларының негізінде татуластыру мен теңестіру аса қыын мақсат екендігі айқын. Дегенмен, дала демократиясында заң алдындағы тенденция, сайланбалы хандық секілді билік институттарының болғандығы, дала демократиясының өкілдері билер мен жыраулардың ықпалының күштілігінен хандық биліктің шектеліп отыруы, оның үстіне қоғамның еркін мүшелеріне берілетін құқықтар мен бостандықтардың сақталуын жіті қадағалаудың орнатылуы бұл принциптердің әлі де кең қолданылуына ықпал етеді.

Дәстүрлі қазақ қоғамын әділетті қоғамнан алыс деп қарастыруға болады және оған негіз де жоқ емес. Алайда, әлі пісіп жетілмеген монархияның абсолютті принциптерінің енгізілуі әрине қоғам тарапынан қарсылық туғызбауы мүмкін емес. Жаңа қолданылатын принциптерге қарағанда, дәстүрлі принциптердің біріншіден көшпелі дала өміріне икемді екендігі, екіншіден әлде қайда әділетті екендігі айқын. Оның үстіне биліктің атадан-балаға қалуы қазақ қоғамындағы дәстүрге тән емес. Қазақ хандығында әдетте, билік, сайлау арқылы ханның жақын туыстарына, олардың ішінде аға-інілеріне бұйыратын. Қазақ хандығы дәүіріндегі туындал отыратын билікке таластың орын алмауының басты себебі осы.

Абсолютті, атадан балаға қалатын монархия, бұл режимге қарағанда прогрессивті мәнге ие болғанымен, абсолютті монархия үшін жағдай пісіп жетілмеген-ді. Оның үстіне, Махамбет ескі әдет-ғұрып нормаларын көсіз қолдана бермей, жаңа жағдайға сәйкестендіруді көздейді. Қазақ дәстүрлі элитасының патшалық Ресеймен ауыз жаласқанынан, оның тиімсіз ішкі саясатынан, қазақ халқын ыдыратуға бағытталған саясаттың қолшоқпaryна айналған төрелерден көнілі қалған Махамбет биліктің касталық жолмен берілуіне қарсы. Ол хан институтына қарсы емес. Тіпті белгілі дәрежеде авторитарлы басқаруды қолдайды. Ханның төре тұқымынан болуы Махамбет үшін маңызды емес. Касталық жүйе дұрыс билеушінің билікке келуіне кедергі келтіреді. Сондықтан, ханды қарапайым халық өкілдерінен де сайлауға болады. Тек қана болады емес, солай болуға міндетті. «Адамдар тумысынан тең құқықты» қағидасын, Махамбеттің келесі өлең жолдарынан байқауға болады.

«Жақсыдан туған жаман бар –
Күндердің күні болғанда
Жарамды бір терігे алғысыз,
Қасына адам барғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар –
Атасын айтса нанғысыз!» [4, 170], -

немесе:

«Ханинан қырық туғанша
Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы,
Артымыздан біздердің
Ақырып тендік сұрарға!» [4, 189], -

немесе:

«Ақсүйектің баласын
Қара ұлына тенгердім,
Қоңыраулы найза өңгердім.
Жетімдерге жер бердім» [4, 182].

Шынында да жоғарыдағы жыр жолдарынан тендік, касталық бөлінбеушілік идеяларын айқын аңғарамыз. Оның үстіне демократиялық бастаулары бар бұл идеяның негізінде халық қамы жатқандығын байқаймыз. Биліктің негізгі көрсеткіші - халық жағдайы. Өділдіктің негізгі көрсеткіші - заң мен сот алдындағы тендік.

Тағы да бір байқағанымыз, Махамбет билікті тармақтарға бөлмейді. Биліктің бір орталыққа шоғырланғанын қолдайды. Биліктің табиғаты халық мұддесінде жатыр. Соны кез келген билеуші түсінуі керек, әйтпесе, халық көтеріліске шығып билікті жояды. Бұл Ұлы француз буржуазиялық революционерлері принциптерінің батырдың көзқарасымен сәйкесіп, қазақы демократиялық ілімдегі жаңа бағыттың айқындалғанын көрсетеді. Халық сеніміне ие болмаған билік өзін-өзі бүлдіреді, өзін-өзі жояды. Мұнда да қарана-қайшылықты байқауға болады. Қазақ секілді дәстүршіл халықтың өз әдет-ғұрып нормаларынан бас тартуы аса қатерлі нәрсе. Жәнгірдің қателігі де сонда. Ақынның тілімен айтқанда:

«Атаңа нәлет Жәңгірдің
Қан жылатқан заңы үшін...» [10, 106]

Онда бұл әдет-ғұрып нормаларын қандай құжат реттеуі керек? Оның толыққанды сақталуы үшін не істеу қажет? Қандай жаңа нормалар халық жағдайын жасап, жаңа өзгерістерге жол ашады? Осы сұрақтарға жауап ізделп көрелік. Ақын өлеңдерінің бірінде:

«Адамзат басы құралса,
Мәшурат кенес сұралса,

Мәшурат берер ер едік» [12, 55], – делиңген. («Мәшурат» - Конституция, демократиялық заң деген мағынада. Бұл сөзді ғылыми әдебиетте алғаш қолданып, анықтамасын берген С.Әзбекұлы.) Ақынның бұл сөздері келесідей тұжырымдарға әкеледі:

Біріншіден, Махамбет шектеулі болса да бас заң, Ата Заң идеясын қолдайды. Ол нормативті-құқықтық акт қазақ қоғамындағы туындаған барлық дерлік сұрақтарды шешуге бағытталуы қажет.

Екіншіден, бұл заңның толыққанды жүзеге асуы үшін сайлау өтіп белгілі алқа қалыптасуы керек. Ондай болмаған жағдайда, бұл құқықтық актілердің заңдық күші шектеулі болатындығы хақ.

Ушіншіден, бұл алқалы орган ешкімді алаламайтын негізде, өзінің басты қызметін жүзеге асырып, осы нормалардың қалыптасуы мен ықпал етуіне жағдай жасауы керек. Бұдан туындайтын қорытынды, Махамбет хандық билікті қайта құру үшін уақытша үкімет құрып, соған қоғамдағы ең маңызды мәселе, Ата Заң қабылдауды жүзеге асыруы қажет – дейді. Ата Заң арқылы әділеттік орнайтындығына сенімді ақынды қазақ далалық демократиясының принциптерінің негізін қалаушы деп тану орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вяткин М. *Батыр Срым*. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.
2. Бекмаханов Е.Б. *Присоединение Казахстана к России*. – М.: АН СССР, 1958. – 343 с.
3. Сұлтанов Т. *Қазақ хандығының тарихы*. – Алматы: Мектеп, 2003. – 160 бет.
4. *Жетіғасыр жырлайды*. 2 томдық. Құрастырган: Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 1 том. – 400 бет.
5. Маймақов Ф. *Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы*. – Алматы: Фылым, 2000. – 176 бет.
6. Зиманов С.З. *Россия и Бужеевское ханство*. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 171 с.
7. Муканов М.С. *Из исторического прошлого*. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 160 с.
8. Бекмаханов Е.Б. *Присоединение Казахстана к России*. – М.: АН СССР, 1958. – 343 с.
9. *XIX ғасыр әдебиеті*. Алтыншы кітап. Құрастырган: Х.Сүйіншәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 224 бет.
10. Махамбет. *Жыр семсер*. – Алматы: Жазушы, 1979. – 152 бет.
11. Монтескье Ш.Л. *Зандар рухы туралы*. – Алматы: Үш киян, 2004. – 784 бет.
12. Өзбекұлы С. *Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері*. – Алматы: Білім, 2004. – 128 бет.

(Жалғасы. Басы еткен санда)

УДК 004:027.7 (094)

**XIX ҒАСЫР ЖАЗБА ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ОРТА
АЗИЯЛЫҚ ТҮРКІЛЕРДІҢ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫң ВИРТУАЛДЫ КІТАПХАНАСЫ**
VIRTUAL LIBRARY HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC
COLLECTION CENTRAL ASIAN TURKS IN WRITTEN SOURCES IN
XIX CENTURY

Э.АЛЬЖАНОВА^{*}
А.КАСЫМБЕКОВ^{**}

Түйінде

Макалада XIX ғасырдың жазба дереккөздеріндегі орта азиялық түркілердің тарихи-мәдени мұрасына қатысты сирек кездесетін материалдарды жинақтау, талдау және жүйелеу негізінде ғылыми құндылықтарға еге құжаттардың электрондық каталогтары мен арнайы мәліметтер базасын жасау қарастырылған. Сонымен қатар деректерді тиімді іздестіру мен өндіреу әдістері және алгоритмдеріне негізделген бағдарламалық кешенді қолданып, тарихи-этнографиялық коллекциялардың халықаралық коммуникативтік форматтарда сипатталған виртуалды кітапханасын күру мәселе сі қойылған.

Кітап сөздер: Автоматтандырылған кітапхана жүйесі, арнайы деректер базасы, виртуалды кітапхана және корпоративтік желі, әдістер, алгоритмдер және бағдарламалық кешен, тарихи-этнографиялық коллекциялар.

Summary

The paper deals with the creation of electronic catalogs and specialized database of rare books and manuscripts in written sources of the cultural heritage of Central Asian Turks in the XIX century on the basis of data collection, analysis and systematization of materials that have scientific value; Shows the formulation of the problem building a virtual library of historical and ethnographic collections, focused on international communication format based on methods and algorithms for optimal search and processing of data using software package.

Keywords: automated library systems; specialized database, a virtual library and a corporate network; methods, algorithms and program complex; historical and ethnographic collections.

*тарих ғылымдары кандидаты, «Тарих» кафедрасы. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті, Туркістан-Қазақстан.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Department of "History", International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, Turkestan-Kazakhstan, Elmira.Alzhanova@iktu.kz

** техника ғылымдары кандидаты, «Компьютерлік ғылымдар» кафедрасы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті, Туркістан-Қазақстан. Candidate of Technical Sciences, Associate Professor Department of "Computer Science". International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, Turkestan-Kazakhstan, abbazbek.kasimbekov@iktu.kz

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлемнің бәсекеге қабілетті 50-ел қатарына ену Стратегиясының алтыншы басымдығында атап көрсеткендей: «Біз орта азиялық түркілердіңғасырлар бойы дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтап әрі дамыта отырғанымызben қатар, ұлтаралық және мәдениаралық бірлікті, ынтымақтасқан Қазақстан халқының ілгерілеуін қамтамасыз ету деміз», шетел мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен елдің тарихы мен мәдениетіне қатысты қоғтеген мұрағат құжаттары алынды. Ғылыми-тарихи құндылыққа, тарихи-мәдени мұраға ие мұрагаттық құжаттарды кешенді зерттеу, оны оқу үдерісіне енгізу – күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі саналады. Соңдықтан, бұл көзқарас осы XIX ғасырдың іргелі ғылыми еңбектерін заманауи тарихи шындық мен құндылықтар жүйесі шеңберінде ой елегінен өткізу және де сол сараланған мәліметтердің баршага қолжетімділігін қамтамасыз ету – «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық» және де т.б. сол сияқты Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі мақсаттарын қамтиды. «Орта Азия түркілерінің XIX ғ. жазба дереккөздеріндегі мәдени мұрасының виртуалды кітапханасы» тақырыбы бойынша, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тарарапынан ұсынылып отырған ғылыми жобаның нәтижелерін, жоғарыда аталған бағдарламардың іске асырылу барысында жасалған байсалды қадамдардың бірі деп санауга болады.

Себебі, Түркістан өлкесінің өткен шағы туралы құнды материалдарын өзіне жинақтаған дербес арнайы мәліметтер базасын құруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысында жүргізілетін ғылыми зерттеулердің деңгейін арттырып қана қоймай, өлкемізге тиісті мәдени мұраларымызды жинақтап бірізділедіру, жүйелеу бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді үйлестіріп, тұтынушыға шынайы ақпараттық ресурстарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Алдын ала өткізілген ғылыми зерттеулерге жасалған ретроспективалық шолулардың нәтижелері көрсеткендей, Орталық Азия халықтарының мәдени мұрасы болып есептелетін, ішінде бірегей және толық мәтінді материалдар көлтірілген XIX ғ. жазба дереккөздері посткеңестік кеңістік, жақын және алыс шет елдердің кітапханалары мен мұрагаттарында сақталған.

Бір-бірінен уақыт өтімі мен міндеттері жағынан алшақ осы коллекциялар Орталық Азия жазба дереккөздеріндегі мұраны түрлі

аспектілер тарапынан талдауға мүмкіндік береді. Осы көріністерді салыстыру Түркістан өлкесіндегі жағдайың ерекшеліктерін анағұрлым бедерлі түрде жаңғырытп, Қазақстан мен жалпы Орталық Азия республикалардың сол кезеңдегі жазба дереккөздеріндегі мәдени мұра құрылымдық элементтерінің тарихын аңғаруға мүмкіндік береді.

Солардың қатарында XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан және Орталық Азияның басқа да республикалары туралы жарияланған түпнұсқалық құжаттар мен фотосуреттерден жинақталған құнды ақпараттар мазмұндалған «Түркістан жинағы» мен «Түркістан альбомы» аталады.

“Түркістан альбомы”, 1871-1872 жылдары Түркістан генерал губернаторы жобасы бойынша Санкт-Петербург университеті шығыс тілдері факультетінің түлегі А.Кун құрастырған [1]. Мұнда отаршылдықтың қасіret қамытын киген Түркістан өңіріндегі қазақ жүртynың тыныс-тіршілігі, өмір сұру үлгісі, Сырдария аймағындағы көне қалалар, мазарлар, Ахмет Ясауи кесенесіндегі жәдігерлер өз бояу-өрнегімен берілген. Альбомда, Бұқіл түркі жүртynың алтын бесігі аталған киелі Түркістан өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Ұлы Түркі Елінің бір бөлігі – қазақ даласы тарихының жаңа беттері анықлады. “Түркістан альбомы” атты кітап-альбомда туған жердің тарихы мен мәдениетін қадірлей білетін баршаға ұмытылmas бағалы сыйлық болатындей, берер тағылымы, көрсетер үлгісі бөлек суреттерден тұрады.

А.Левшин, И.Андреев, Ф.Ратцель секілді Түркістан аймағын, қазақ халқын жан-жақты зерттең зерделеген, соның нәтижесінде арттарына мол мұра қалдырған ғалымдардың мақаласы альбомда үш тілде қатар берілген. Онда қазақтың салт-дәстүрі, әдел-ғұрпы, ел мен жер атаулары туралы жазғандары көп жайдан хабардар етеді. Әсіресе, орта азиялық түркілердің мір ерекшелігі тайға таңба басқандай анық көрініс тапқан. Алуан түрлі суреттерден ұлттымыздың сол дәуірдегі түр-түсінен, киім киісінен, қазақтың қараша үйінен оның ішіндегі жасауларынан, ұлттық үлгілерінен, өмір сұру дағдыларынан сыр шертеді. Әсіресе Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіндегі алуан түрлі жәдігерлер, бұйымдар әдемі бейнеленген. Жалпы, бұл альбом арқылы бүгінгі өркениетті дамуымызға сондай қылыш кезеңдерден өтіп барып жеткенімізді бағамдауға мүмкіндік беретін рухани дүниеміздің көне құндылықтарының бірі екендігі анық.

Біз үшін, әлбетте, қазан төңкерісіне дейінгі Орталық Азия түркілерінің XIX ғ. жазбаша дереккөздеріндегі тарихи-этнографиялық

ресурстарға арналып жазылған кітаптар, мақалалар, жазбалар, карталар, кестелер мен суреттердің топтамасы келтірілген «Түркістан жинағы» [2] қызығушылық тудырады. Онда көптеген әр түрлі саяхаттар мен экспедициялар материалдарында өлкенің табиғи жағдайлары туралы ғана емес, сонымен бірге оның тарихы, экономикасы, этнографиясы, археологиясы, құқықтары, статистикасы жөніндегі шын мәнісіндегі (жолказба, очерк, есеп формасындағы) қызықты мәліметтер келтірілген.

Жинақта Түркістан өлкесінің, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның жекелеген бөліктерінің тарихы, қазақ хандары мен сұлтандары туралы материалдар; Түркістан өлкесінің Ресейге қосылуына, Бұқара, Хиуа және Қоқан (мұнда Бұқара әмірлігіне, Хиуа хандығына және т.б. бағынышты осы Орта Азия иеліктерінде әмір сүрген қазақтар туралы мәліметтер де аз емес) хандықтарына қарсы әскери әрекеттердің жеңісіне арналған кітаптар мен мақалалар бойынша біршама материалдар ұсынылған. Әр түрлі тарихи басқыштардағы қазақ даласының әкімшілік құрылыштары, Жетісу қалалары тарихы, қазақ даласына енгізілген басқару туралы Ережелерге қарсы туындаған қазақтар арасындағы толқулар келтірілген.

«Түркістан жинағында» қоныс аударушылар мәселесі бойынша көптеген әдебиеттер бар: қоныс аударушылардың тарихы мен олардың көшіп-қону барысы, қоныс аударылған орыстардың экономикалық жағдайлары; орыс шаруаларын қоныстандыруға қажетті жердің мүмкіндігінше мол қорын табу және олардың егіншілік үшін жарамдылығын анықтау, қазақтардың жер пайдалану нормаларын белгілеу, осылардың нәтижесінде қазақтардың «артық жерінің» көлемін анықтап, онан қоныс аудару қорын құру туралы да деректер келтірілген. Сонымен қатар, көшпелі қазақтардың жекелеген рулары, олардың таралуы және рулық өзара қарым-қатынастардың шекаралары жайлы жазылған авторлардың жұмыстары да үлкен қызығушылық тудырады.

«Жинаққа» көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың кеңінен белгілі жұмыстарын, ағымдағы оқиғалар туралы көптеген түсініктеме берушілердің әр түрлі жазбалары мен мақалаларын кіргізе отырып, В.И.Межов және оның ізбасарлары Орталық Азия түркілерінің тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен өнегелі істері, түрлі салт-дәстүрлөрі мен әдет-ғұрыптары (үйлену, кісіні жерлеу) туралы мол мәліметтерді, жоқтау

мәтіндерін, ұлттық ойындарының мазмұнын ашатын ойын аттарын көрсететін барынша кең кескіндеме (полотно) жасап шығарған.

Ә.Диваевтің, И.А.Кастаньенің, Г.Н.Потаниннің және т.б. этнография (атап айтқанда, қазақтың наным-сенімдері, ырымдары, жорамал-жоралғылары) бойынша, қазақтың ауызша тараған халық шығармашылығы (батырлар жырлары, жыраулық қиссалары, эпостары, мысал әңгімелері, аңыздары, өтірік өлеңдері, ертегілері, мақал-мәтелдері, поэмалары мен басқа да төрт түлік малға, жыл, ай аттарына арналған жыр шумақтары мәтіндері, оларға берілген түсіндірмелер) туралы, сондай-ақ қазақ оқымыстысы Ш.Уәлиханов, қазақ агартушы ақындары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларының аудармалары жөніндегі еңбектерінің барынша толық тізімі келтірлген.

«Жинақта» қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның сот құрылсызы, қарапайым құқықтары, жер-су құқықтары жайлы статистика, жекелеген облыстарының демографиялық мәліметтері, ауылшаруашылығы статистикасы жөніндегі жұмыстары да ендірілген.

Кітапта тарихшылар үшін республиканың халық шаруашылығы туралы да көптеген қызықты материалдар бар. Онда жергілікті халықтың және басқа жақтан қоныс аударған тұрғындардың жер және мал шаруашылықтары жағдайын көрсететін материалдар кездеседі, жергілікті билік тарапынан көрсетілген қысымдар, сондай-ақ, көршілес Ресеймен пошталық, телеграфтық байланыстарын орнату, жол қатынастары, өлкенің су шаруашылығын реттеуге бағытталған кейір іс-шаралар да арқау болған.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның өнеркәсібі тек жекелеген аз ғана иеленушілер арқылы көрінетіні белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндейтін кішігірім зауыттар ғана болған. Табиғи ресурстарға өте бай өлкенің тау-кен өнеркәсібін пайдалануға, Түркістан-Сібір темір жолы құрылсысын жобалауға қатысты деректер де келтірілген. Сонымен қатар, жинақта өлкенің медициналық қызметі мен халыққа білім беру саласының жағдайын көрсететін материалдар да баршылық.

Төңкеріске дейінгі зерттеушілердің көп томдығында біз үшін тарихи үлкен маңызы бар карталардың орын алғандығы да қуантады. Бұл тарихи, геологиялық, археологиялық, этнографиялық карталар, қазақтың жерін пайдалану картасы, Орта Азияның және оның жекелеген бөліктерінің, оның ішінде Қазақстанның картасы. Библиограф мамандар түсіндірмесімен берілген суреттер өлкенің

өмірін әр түрлі жақтарынан ашады: Шымкент қаласының, Ембі бекінісінің, Түркістанның және т.б. пейзаж болмысыменен жазылған суреттемелері, жекелеген тұрмыс құралдары – үй құралдары, ат әбзелдері, күймелі арба, киіз үй жабдықтары; портреттік топтар – қазақтардың жерленген адамдар басына орнатқан сағаналары, кесенелері, балбал тастар, жерлеу рәсімдеріне қатысты құрылыштар және т.б.

«Түркістан жинағына» енгізілген шет елдік әдебиеттер материалдарына жасалған шолулар көрсеткеніндей, Түркістанның далалы өлкесінде болған шетелдік саяхатшылардың жазбалары да орын алған [3,4]. Бәрінен бұрын, бұл жұмыстар жолжазбалық сипатқа ие, ондағы тарихи, этнографиялық және статистикалық мәліметтер бірқатар географиялық суреттемелермен жанамалай келтірілген. Кейбір кітаптар мен мақалалар жеке (климаты, ауа райы, жануарлар әлемі және т.б.) мәселеге арналып жазылған. Бұдан басқа Жинақта біздің отандастарымыздың шет тіліне аударылған еңбектері де бар.

Жинақ материалдарын зерттей отырып, біз өлкениң барлық өмірін – әлеуметтік-экономикалық даму жағдайынан бастап өндірістік күшіне, бай ресурстарына дейінгі қал-ахуалын, бұрын болжаған өткен тарихи зерттеулерін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, өнегелі істерін көз алдымызға елестетіп, қайта қалпына келтіруге; Н.М. Пржевальский, И.В. Мушкетов, Н.А. Северцов, Н.А. Маев, В.Ф. Ошанин, А.П. Федченко және т.б. сол сияқты аса көрнекті географтардың, этнографтардың, тарихшылардың зерттеу еңбектерімен, ғылыми экспедициялық жазбаларымен танысуга болады.

Бүгінгі күндегі қалыптасқан жағдайда, бұл құндылықтарды іргелі түрде зерттеу үшін мүмкіндіктер жеткілікті, яғни оларды біріздендіріп жүйелеу және каталогтандыру үшін қажет болған материалдардың сандық форматтағы нұсқалары бар. Мұндай түрдегі мәліметтердің үлкен қорлары, қайта өңдеу мен жүйелі талдауды қажет етеді және оларды халық игілігіне пайдалану үшін, тұтынушыларға ынғайлыш түрде ұсыну керек.

Бірақ, бұл аталмыш жинақтағы ақпараттық деректер түрілерінің сан алуандылығы мен көлемінің үлкендігі және құрылымдық кейіпінің ретсіздігі соншалықты, оларды зерттеу үшін қолданыстағы дәстүрлі әдістер мен құралдардан пайдалану жеткіліксіз. Қажетті релевантты материалдарды жедел түрде іздестіріп тауып, оларды өңдеу, жүйелі талдау және құрылымдау үдерісі негізінде қалыптастырылған

электрондық кітапханалардан пайдалану үшін заманауи технологияларға негізделген бағдарламалық кешендер қажет [5,6].

Тарихи-этнографиялық ресурстардың сипаттамаларының виртуалды коллекцияларын, әсіресе сирек басылымдар мен қолжазбаларды, құруды қамтамасыз етуде, зерттеулер өткізу мен әдістерді және қолданбалы бағдарламалық кешендерді дайындау, корпоративтік компьютерлер тарабында жұмыс істейтін ақпараттық жүйе құрамындағы арнайы «Түркістан жинағы мен альбомы» деректер қоры мен ондағы өлкесінің тарихына, мәдениетіне, ғылымина қатысты көне қолжазбалар мен сирек кездесетін ақпараттық ресурстарына қашықтықтан қолжетімділікті қамтамасыз етуші бағдарламалар кешені, жобаның жаңалығы болып табылады.

Арнайы мәліметтер базасы мен бағдарламалық кешенниң қолданыстағы аналогтарымен салыстырында: әмбебап құрылымды библиографиялық ақпарат сипаты (MARC, DUBLIN CORE) халықаралық стандарттарға бағытталады; соңғы қолданушылар (оқытушы, ғылыми қызметкер және т.б.) арнайы білімсіз ақпарат көзіндерін (оқулық, мақала және т.б.) енгізуге және сонымен қатар, корпоративтік желіде істеуге; зерттеушілерге электрондық ресурстарға онлайн қолжетімділігін, электрондық каталог арқылы түрлі ақпараттық ресурстардың толық және тиімді іздестірілуіне, зерттелінетін тақырыптың ақпараттылығын арттыруға; виртуалды тарихи-этнографиялық коллекция жасақтауда автономды режимде және корпоративтік желіде жұмыс істеп, олардың орналасқан жеріне байланыссыз қажетті ақпараттармен шұғыл қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын ерекшеліктерін атап өттеге болады.

Ғылыми жобаны орындау барысында зерттеудің келесідей негізі әдістері мен формалары: тарихнама, деректану, мұрағаттану, ақпараттық қамсыздандыру нысандарының жүйелі талдануы, мәліметтерді іздестіру мен өңдеу; графтар теориясы; онтайландырудың математикалық амалдары мен заманауи Web-технологияларды қолдану қарастырылған.

Күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық нәтижелер келесі мүмкіндіктерді береді: стохастикалық және айқын емес ақпараттық орта жағдайында қын тұжырымдалатын есептерді шығару класының мүмкіндіктерін айтарлықтай елеулі дәржеге арттыру, сондай-ақ ғылыми-білімдік ақпараттарын іздестіру кезінде стохастикалық заңдылықтарды айқындау; ғылыми ақпараттардың виртуалды ортасындағы іздестіру мүмкіндіктерін және қатысушылар

арасындағы мәліметтерді алмастыру тиімділіктерін көңейтуді беретін корпоративтік автоматтандырылған кітапханалар жүйесі құрамындағы бағдарламалық кешенде зерттеу нәтижелерін іске асыру; қолданушыларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету және автоматтандырылған корпоративті кітапханалық тораптарда сұраныстарды тұжырымдауды интеллектуалданыру және тиімділеу есебінен олардың релеванттылығын арттыру, іздестіріліп отырған ақпараттардың толықтығын арттыру нәтижесінде жергілікті және регионалдық қолданушыларға ақпараттық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға мүмкіндік жасалынатын болады. Бұлар, өз кезегінде ақпараттық ресурстардан және электрондық кітапханалардан пайдаланушылар қауымының шеңберін көңейтіп, әлеуметтік салаға әсер ететін ақпараттық қызмет көрсету түрлері мен сервистерін көңейту мүмкіндіктерін береді.

Стохастикалық және айқын емес бұлыңғыр ақпараттық орталардың бұрын зерттелмеген бағыттардағы салалары үшін ғылыми-білімдік ақпараттарды іздестіруді және өңдеуді интеллектуалданыру деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар және бағдарламалдық өнімдер жасалып; халықаралық талаптарға жауап беретін стандарттар бойынша электрондық окулықтар, диссертациялар, ғылыми мақалалар, мультимедиалық (оку кино-, мультипликациялық фильмдер, музыкалық шығармалар және т.б.) мәліметтер базаларын кіріктіре отырып, толық мәтінді ғылыми-білімдік ресурстар қалыптастырылатын болады. Сондықтан бұлардың салдары релевантты ақпараттарды іздестіру, өңдеу және тарқатып беру шапшаңдығын арттыратын көраторативтік тораптардағы сұраныстарды тұжырымдауды жеңілдетуді интеллектуалданыру есебінен ғылыми зерттеулер мен технологияларды дамытуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз.

Ғылыми жобаның зерттеу нәтижелерін келесі: корпоративтік ақпараттық-кітапханалық тораптарда ғылыми-білімдік ақпараттарын іздестірудің және өңдеудің стохастикалық заңдылықтарын зерттеу үшін; айқын емес бұлыңғыр сұраныстар бойынша мәліметтерді іздестірудің және өңдеудің қын тұжырымдалатын есептерін шешу үшін; ғылыми-білімдік мәліметтері базасында мәтіндік ақпараттардың ұқсастарын іздестірудің қолданбалы есептерін интеллектуалданыру; сондай-ақ, стохастикалық және айқын емес ақпараттық орталар жағдайындағы ғылыми-білімдік ақпараттық ресурстар туралы

мәліметтерді қалыптастыру, іздестіру және өндіу процестерін интеллектуалдандыру бағыттар бойынша қолдану мүмкін.

Зерттеулер барысында алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары: ғылыми зерттеу және білім беру мекемелері; электрондық кітапханалардың ғылыми-білімдік ресурс мәліметтерінің базасын жасауға, жетілдіруге және іске асыруға мамандандырылған коммерциялық мекемелер болулары мүмкін. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары, PhD-докторанттар, магистранттар, студенттер мен ҚР БЖФМ жүйелеріндегі басқа да мекеме қызметкерлер қауымының өкілдері пайдаланулары мүмкін.

Сонымен, қойылған мәселелерді қорытындылай келе, өлкесінің тарихы мен мәдениетін зерттеуші ізденушілер тарапынан, аталмыш дереккөздердегі қажетті материалдарды жүйелендіріп, мәліметтерді тиімді іздестіру мен өндіу нәтижесінде виртуалды тарихи-этнографиялық коллекциялар құру мүмкіндігін беретін заманауи бағдарламалық кешендер мен арнағы мамандандырылған мәліметтер базасын қалыптастыруға деген нағыз шынайы қызығушылық пен орасан зор қажеттілік туындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Межов В. И. “*Туркестанский сборник*”. Систем. указатель сочинений статей на русском и иностран. языках. Т. 1-591. Санкт-Петербург, 1878-1917гг.;
2. «*Туркестанский альбом*» // составитель А.Кун, I-IV часть 1-10 том, Ташкент: Типография при главном штабе Туркестанского военного округа, 1871-72гг.;
3. *Le Recueil turkestanais de Mežov: l'utopie d'une somme exhaustive des connaissances sur l'Asie centrale, in Études Asiatiques* (sous la dir. d'Anke von Kügelgen), 2011, LXV, № 3, p. 625-659;
4. *Private Collections of Russian Turkestan in the Second Half of the 19th and Early 20th Century*, ANOR-15 (Institut für Orientalistik, Halle, Mittelasienwissenschaft Humboldt-Universität, Berlin, and University of Lausanne), Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004, 205 p.
5. Kasimbekov A., Alzhanova E. *Some search features of electronic resources in information systems in the International Conference Science: Integrating Theory and Practice Bozeman, MT, USA February, 23-24, 2014.* p. 213-215;
6. Технология создания и использования научно-образовательной информации в сети электронных библиотек: Ежегодный сборник/ По редакцией М.А. Рахматуллаева. – Ташкент: E-LINE, 2013. – 130 с.

СЫН

ӘОЖ 818. 992 71

АЛАШ РУХЫ АҢГАРЫЛАДЫ...

(Сыншы, ғалым профессор Құлбек Ергөбектің «Сарасөз» аталағының мәселелеріне арналған еңбегі хақында)

А. ДОСЫБАЕВА*

Түйіндеме

Мақалада сыншы, ғалым қазақ сынына сүбелі үлес қосып келе жатқан профессор Құлбек Ергөбектің «Сарасөз» аталағының мәселелеріне арналған еңбегіне ғылыми талдау жасалған.

Кілт сөздер: Сарасөз, сыншы, рух, шығармашылық портрет.

Summary

The article makes a critic analysis of the book, devoted to critical issues Sarasoz, criticism, research professor Kulbek Ergobek.

Keywords: Sarasoz, criticism, critic spirit, creative portraits.

Қазіргі қазақ сынына сүбелі үлес қосып, ең бастысы осы жанрдың ауыр жүгін адаптациялап келе жатқан қажырлы сыншының жарық көрген еңбектері – қазақ әдебиетінде өз орнын анықтаған дүниелер. Ең бастысы қырық жылдай өмірінің өн бойында тынымсыз ізденіс пен таза еңбекке ғана арқа сүйеген сыншының қазақ оқырманына ұсынған сын жинақтары аз емес. Қ.Ергөбектің осындай еңбектерінің бірегейі – «САРАСӨЗ» атты зерттеу еңбегі қазақ әдебиеттану ғылыминың, әдеби сынның өсіп өркендеудің айырықша үлес қосқан ірі-ірі қайраткерлердің рухани мұрасы жайлы. Еңбек «Сынғұмыр», «Сынтуғыр» деген екі болімнен тұрады. Сын – қазақ әдебиеттануындағы ең бір курделі жанр. Курделі болғандықтан да, жауапкершілігі басым. «Әдебиет, оның ішінде сын жайлы жазу қын. Қазакта бір сөз бар: «Оқымысты наданды түсінеді. Өйткені, бұрын өзі надан болған. Надан оқымыстыны түсінбейді, өйткені ол бұрын оқымысты болмаған» деген. Сол сияқты сынның жайын сыншы болмасаң түсінбейсің» – дейді сыншы. Алғашқы «Сынғұмыр»

* филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Туркология ғылыми-зерттеу институтының ага ғылыми қызметкері, Шымкент/Қазақстан.

International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi, Research Institute of Turkology, Candidate of Philology, Senior researcher, Shymkent / Kazakhstan.

бөлімінде – әдебиеттанушы, сыншы ғалымдар Б.Кенжебайұлы («Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы»), Е.Ысмайылов («Рухы сынбаған ғалым»), М.Қаратаев («Дүние шіркін, дүркін-дүркін, етеді бір күн»), З.Ахметов («Көшбасшы»), Т.Қожакеев («Шымыр жаңғақ»), С.Қирабайұлы («Бақытты ғұмыр»), М.Базарбайұлы («Кекіреліден басталған жол»), Т.Кекішұлы («Аманат арқалаған азамат»), Ш.Сәтбаева («Қазақтың білімдар қызы»), А.Қыраубайқызы («Тұған әпкемдей болған жан»), С.Қасқабасов («Абырой болар шын ғалым аты»), Ш.Елеуkenov («Министрдің қабылдауында»), С.Әшімбаев («Армысыз, Сағат аға?!») секілді әр буын әдебиет сыншыларының шығармашылық портретін жасайды. Портреттік мақалалар бір-біріне ұқсамайды. Бастауы да тосын, бағалауы да басқаша. Бір-біріне ұқсамайды. Ұқсамауы заңды. Өйткені, шығармашылығы сөз болған әдебиетші, сыншы ғалымдар қалыптасу, жазу мәнері жөнінен бірін-бірі қайталамайды. Демек, сыншы әдебиетшілердің портретін жасағанда олардың еңбегіндегі өзіне ғана тән ерекшеліктерге ден қоя біледі. Әдебиетші ғалым, сыншылардың бойындағы сол ерекшеліктерді тауып, оны талдай ашып көрсетеді. Олардың шығармашылық тұлғасына сыншының келуі де әрқылы. Бірінде тақырып, келесісінде тағдыр, тағы бірінде архивтік материал, сыншының ендігі бірі өзінің күнделігі, хаттары арқылы ашылады. Сыншы-ғалым осылайша ұлттымыздың өткені мен бүгініне, кемел келешегіне қатысты көкейтесті мәселелерге қозғау салады. Мәселеге нақтырақ келсек, «Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы» әссе-зерттеуде Б.Кенжебайұлы тұлғасы оның қазақ әдебиеті үшін басын бәйгеге сан рет тіккен күрескерлік рухы арқылы ашылады. Бейсенбай Кенжебайұлы әдеби мұраларын барынша ашып, жарқыратада көрсетіп журуі сыншы Қ.Ергөбектің ерекше еңбекқорлығы мен ұстаз-әкеге деген шексіз махаббаты, ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілігі. Томдап кітаптар мен қолжазбаларды, газет-журналдарды, архивтерді ақтара жүріп, материалының мінсіз шығуы үшін тынбай ізденуінің жемісі дер едік. Ол Б.Кенжебайұлының әр жылдарда жазған зерттеулері мен мақалаларын жинастырып «Жылдар жемісі» (1984) «Әдебиет белестері»(1986), «Асау жүрек»(1987, 2004 ж.), «Түрік қағанатынан бүгінгө дейін...» (1994, 2004, 2014 ж.), «Тымпи» (2003) деген атпен кітап етіп жарыққа шыгарды. Шын мәнінде Б.Кенжебайұлының өз аузынан естіген терең мазмұнға толы естеліктерін тәптіштеп теріп, жинақтап, осынша мол мұрасын төгіп-шашпай, елеп-екшеп, жинап бастыруда, ұстаз ұлағатын ұрпаққа

жеткізудегі сыншы еңбегі ерекше. Қ.Ергөбек бұл орайда халық даңалығында айтылатын анаңдан кейін ұстаз қарызын өте деген қағидаға берік шынайы шәкірт. Қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі белді өкілдерінің бәрі де кезінде белгілі тұлғалардың тәлімін алды, шәкірті болғанына дау жоқ. Бірақ, солардың ешқайсысы да Құлбектің өз ұстазы профессор Бейсембай Кенжебайұлына жасаған шәкірттік адапт еңбегін өз ұстаздарына жасай алған жоқ. Құлбек марқұм профессор Бейсембай Кенжебайұлының архивін ақтарып, бар қолжазбасын сүзгіден өткізіп том-том кітаптарын жарыққа шыгарудан бастап ұстазды туралы «Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланы», «Заманқапа» атап арнайы еңбектер жазды. Б.Кенжебайұлы осындай құрметке лайықты ма еді?

Профессор Бейсембай Кенжебайұлы ұлы Абайды, асау жүрек ақын Сұлтанмахмұтты, Ана тілімізді, «Едіге батыр» жырын, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын, Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалын», Мағжан Жұмабайұлын, Смағұл Садуақасовты, Жұсіпбек Аймауытұлын коммунистік режимнің сыртқа тебуінен әр жылдары сақтап қала білді. Бірі тірідей, кейбірі өлідей құғындалып, атылып кеткен, окулықтан алынып тасталған кезде соларды ақтау үшін аянбай күресті. Қазақтар біз де ұлы түріктің бір бұтағымыз: азаматтық тарихымыз ұлы «Түрік қағанатынан», руханият тарихымыз - әдебиетіміздің жазба тарихы «Түрік қағанаты» кезіндегі руна жазуларынан бастау алуға тиісті деген реформаторлық пікір айтқан да Б.Кенжебайұлы. Әрқайсысы бір-бір ғылыми-зерттеу институтына жүк боларлық ұлы идеялар айтқаны, түріктік ортақ арнаға тартқаны үшін коммунистік партия да Б.Кенжебайұлын қызметтен қуып, үй қамағында ұстады. Тіпті 1953 жылы атуға да дайындағы. Бақытына қанды қырғын авторы, бас коммунист И.В.Сталин дүние салып (1953) әупірім-тәңірмен аман қалған ұлы ғалым. Ол қанша азап көрсе де қазақ әдебиетінің тарихы өзге түрік халықтарымен бірге «Орхон-Енисей руна жазуларынан басталады»-деген пікірінен қайтып көрген емес. Сол сияқты бар ғұмырын әлгі аталған ұлы тұлғаларды ақтауга, сақтауга, рухани мұрасын зерттеуге бағыштады. Б.Кенжебайұлы (1904-1987) сынды бір тұлғаның осыншама курескерлік рух танытуы, коммунистік режимге қарамай ұлтшылдық рухта қайтпай, қайыспай жұмыс істеуі – қалай айтсаң да, қанша айтсаң да жарасарлық құбылыс. Бұл - әдебиеттану ғылымындағы ұлылық!

Кезінде профессор Б.Кенжебайұлының ұлт мұддесі үшін ұрысқан да, тұрысқан жан қиярлық еңбегін бірді-екілі кісі болмаса, ешкім де дұрыс

түсіне қойған жоқ. Жұрттың бәрі коммунистік қоғам мәңгі тұрады деп ойлады. «Жасасын Советтер Одағының мәңгілігі жасасын!»-деп ұрандады. Жұрттың баршасының көзін коммунистік идеология шелі басқан басыр (соқыр) еді. Сондай тұманды жылдар, күмәнді күндерде ұлт келешегін, қазақ елінің болашағын ойлап еңбек еткен қыранжүрек ғалым Б.Кенжебайұлының рухани ерлігін, адами өрлігін замандастары «надандыққа», «көр әдебиетшілікке»(Қ.Жұмалиев) балады. Көре алмады, көргісі келмеді. Тани алмады, танығысы келмеді. Мойындай алмады, мойындағысы келмеді. Өйткені, олар коммунистік идеология иектеген, құлдық сананың адамдары еді.

Біз профессор Бейсембай Кенжебайұлының ілкімді ұлтшыл ұлы істері мен ұлағатты ғылыми-рухани ерліктері жөнінде Құлбек Ергебектің қолымыздагы «САРАСӨЗ» (сарапалаушы сөз мағынасында) аталатын еңбегінен қанығып отырған жайымыз бар.

Қ.Ергебек еңбегіне қаныға келе түйгеніміз Б.Кенжебайұлы ұлы Ахмет Байтұрсынұлынан кейінгі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ерен тұлға. Бізді сол пікірге жетелеген Қ.Ергебек еңбегі әдебиетші ғалым туралы жазылған бүрін-сонды еңбектердің қай-қайсысынан да мойны озық тұрған әдеби құбылыс дерлік, формасы тың, жазылу мәнері бөлек дүние.

Ғалым Қ.Ергебек «Дүние шіркін, дүркін-дүркін, өтеді бір күн» мақаласында 1937 жылы өзі де «жаяу» іздең қателескен, өзі де «жаяу» қатарында азап шеккен тұлға Мұхамеджан Қаратасевты дүниетаным қайшылығы шенберінде тани білген, сыншы болмысын тыңнан таныта білген пайымды, ойлы дүние дер едік. Ұстазын ақтау да, ақтай отырып 1937 жылғы сталинизм сарынына түсіп, жағе басқан қадамын сары майдан қыл суырғандай әдпі, әдемі сынау да бар. Үр да жық социологиялық сын емес. Сөздің шынайы мағынасындағы көркем әдеби сын үлгісі.

Қ.Ергебектің «Рухы сынбаган ғалым» атаган мақаласы Е.Ісмайловтың шығармашылығына қатысты. Е.Ісмайлов 1937 жылы Ж.Арыстанов, Х.Есенжанов сынды замандастарын НКВД-ға көрсетіп беріпті. Оны сыншы жасырып, жауып отырған жоқ. Сыншы ғалымның сол осалдығын айта отырып, оның өзінің тағдырының елуінші жылдары қырын сабакталғанын, жиырма жылға сотталып (оны да біреулер көрсеткен ғой), азап көргенін, азап көре жүріп те қазақ әдебиеті тарихын ұлт мұддесі тұрғысынан зерттеп, тексеруін, зерттеуінің нәтижелі екенін айттыпты. Қ.Ергебек қандай қаламгер тұрасында жазса да жетістігімен бірге кемшілігін де аралас айттып

отыруды, өмірі мен шығармашылығын қос өрім етіп қамшының өріміндегі біте қайнастырып – бірге талдауды мұратына айналдырған әдебиет сыншысы. Біз Е.Ысмайловты да, М.Қаратаевты да Құлбектің талдауында бүкіл жетістігі мен, бүткіл кемшілігімен танимыз.

Тағы бір көлемді зерттеу, тындырымды талдау - «Армысыз, Сағат аға?!» мақаласы. Мақалада С.Әшімбаев философиялық ойға бейім сыншы ретінде тұлғаланып, жалындаған жастық шағынан бастап, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі үшін күресі, Қазақстанның егемендігі және демографиялық есім, ұлтаралық қатынастар мен тіл мен діл мәселесі, республиканың экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани саладағы көптеген проблемалары батыл айтылып, талқыланған «Парыз бен қарыз» хабарының дайындалуы һәм естелік, һәм талдау болып ортаға түседі. Сыншы Сағат Әшімбаевтың адами аңсары, әдеби арманы, рухани мұрасы туралы оқырманмен сырласа отырып талдайды, талдай отырып сырласады. Сыншы Қ.Ергөбек тұтастай алғанда «Парыз бен қарыз», «Демократия және бюрократия», «Жариялыштық жайлы ойлар», «Қайта құру және интеллигенция», «Ұлттық сана мен рухани бірлік», «Ұлт тілінің тағдыры» – Сағат Әшімбаевтың терең де білікті ойлай алатын, қай пікірін болмасын дәлелдейтін публицист-сыншы екендігін нақты дәйектермен жеткізеді. Сыншы бұл орайда белгілі бір фабула құрып та алады, әңгімелешілдік стильді сынни енбекке қызмет еткізе де біледі. Қызығып оқисын, жалындағы өсіп келе жатып, жалт етіп өтіп кете барған С.Әшімбаев тағдыры жайында қызық әңгімеге кенеліп, қызынып та аласың.

Т.Қожакеев («Шымыр жаңғак»), М.Базарбаев («Кекіреліден басталған жол»), С.Қирабаев («Бақытты ғұмыр»), Т.Кәкішұлы («Аманат арқалаған адам»), С.Қасқабасов («Абырой болар шын ғалым аты»), Ш.Елеуkenov («Министрдің қабылдауында») секілді «Сынғұмыр» (бөлім аты) тұлғаларын әр қырынан келіп, әдемі ашады. Әңгімелей талдау, оны бастау, шарықтату, шегіне апарып түюі жөнінен осы шығармашылық портреттің қай-қайсысын да «филологиялық әңгімелер» сипатында қабылдауга әбден болады. Әйтпесе, «сыни әңгімелер» (К.Чуковский) дерлік.

Ш.Сәтбаева туралы, А.Қыраубайқызы туралы жазылған «Қазақтың білімдар қызы» және «Тұған әпкемдегі болған жан» деп атаған көлемді мақалаларында қазақтың аяулы ғалым қыздарының адами және ғылыми әлемі ашылып, талданады. Олардың қазақ әдебиеттануына сіңірген еңбегі, ұстаздық болмысы мен қаламгерлік қарымы туралы, қазақ әйелінің жан-жаратылышының барша ерекшелігі тұнған адамдық

қалпын мейлінше шынайы бағалай отырып, жеке тағдыры, адами келбеті туралы терең ойлары мен толғанады. Құлбектің әңгімелеуіне қарағанда Алма Қыраубайқызының өмірі бақытты сабакталып, бақытсыз түйінделген екен дейсің өкінішке дес беріп.

Қ.Ергебек осылайша, ғасырдан ғасырға өлмейтін, өміршең мұралар қалдырыған ұлылардың ерекшіліктерін ұлттық қасиет, құндылықтармен тығыз байланыста сөз ете отырып, жалпыадамзаттық кеңістікке көтере біледі оларды. Жекелеген тұлғалардың өмір жолдары мен шығармашылықтары арқылы қазақ әдеби сынының өткен тарихынан сыр шертеді. Бүгінін талдайды. Ертеңіне аландайды. Қ.Ергебек осындай орнықты зерттеулері арқылы да аса білімділік пен құштарлық танытып, оқырманның санасына, ойлау жүйесіне ізгілікті де парасатты, адамгершілік ойлар қалдыра біледі. Қ.Ергебек сомдаған «сынғұмырлардың» қай-қайсысы да ұстаздық мінберден көрініп, әр кезеңдердегі әдеби сынының дамып көркеюі үшін, халқы үшін, қазагы үшін аянбай еңбек етіп халқының тағылымды адаптациялайтын бола білген жандар. Әрқайсысы қазақ әдебиетінің бір-бір шоқтығына айналып, сынни-эстетикалық дүниетанымымыздың қалыптасуына ерекше ықпал еткен жандар. Сондай жандардың адами өмірі мен шығармашылық тағдыры бүгінгі эстетикалық ой биігінен қарап, саралау сипатында, талдау арнасында қарастырылуы басты рухани олжа дер едік. Тұлға – халықтың перзенті. Өз перзентін өзі құрметтеп, еңбегін ағынан айту, адалынан талдау - парыз. Осы тұрғыдан келгенде, Құлбек Ергебек қазақ халқының қуаныш ететін, мақтан тұтатын азаматтарын құрметтеу мен ардақтаудың озық ұлгісін қалам қуаты арқылы көрсетіп жүрген ғалым.

Екінші бөлімін «Сынтығыр» атап, онда қазақ әдеби сынының қалыптасуынан («Жанр жүріп өткен жол»), сынның жылдық нәтижесін қорытуға («Қазақ әдебиеті» - қадірлі тақ, қасиетті мінбер», «Жылдар мен жемістер»), жанрдың асылы мен жасырын саралау («Жауапкершілік мінбесінен», «Бір кітап және бірегей серия»), сын жайындағы баспасөз бетіндегі айтысқа араласу («Жазушы мен сыншы ынтымағы қажет»), сын кітаптарын сынау («Тұлғалау ма, сұлбалалу ма?») табысты туындыны талдау («Қос өрім», «Санадағы жаралар») толғақты мақалалар орын алған. Мақалалардың дені кезінде Қазақстан Жазушылар одағы әдеби жыл қорытындысында жасаған баяндамалар. Баяндамаларда батыл-батыл ойлар айтылған. **“Көрнекті жазушымыз Ә.Нұрпейісов бір мақаласында Шәкәрім Құдайбердиевті атап өтті. Орталық “Литературная газета”**

қорықпай-ақ жариялады. Ғалым М.Магаун Мәдениет министрлігінің “Литературный альманах “Казахстан”” деген атты атап шығып келген “Полиграфика” компаниясының қаржысынан шынышында 15 ғана атап отырган, бірегей жабулы жатқан қаламгерлердің атын естігеннен ат-тонын ала қашады. Сонда біреуін ғана атап отырган, бірегей жабулы жатқан қаламгерлерді кім ашып, ақ-қарасын кім ажыратады?” (210 бет) – депті сыншы 1980 жылы 15 қазан күні жасаған баяндамасында. Кеңес үкіметі тарамай тұрып айтылған батыл сөз. Сыншы Қ.Ергөбек бойынан сол батылдық кезінде табылды. Сондай-ақ, абырай, атақтан кем де емес талай бедел иесін аямай-ақ сынап отырыпты. Фылым Академиясы бір топ ғалымы жазған “Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті” (1983) аталағын еңбек жарамсыз туынды ретінде аңызы сыналған. С.Ордалиевтің “Сөз зергері” (1982), Ә.Нарымбетовтың “Қалижан Бекхожин творчествосы” (1983), С.Тәжіғұловтың “Хамит Ергалиев” (1983), Т.Бейісқұловтың “Қанатты қаламгер” (1983), Ә.Шәріповтың “Сыrbай Мәуленов творчествосы” (1983) (бәрі де белгілі бедел иелері) аталағын бір топ сын, зерттеу еңбектерін қатты сынап, тас-талқан еткен десе болады. Мақаланың “Тұлғалау ма, сұлбалалау ма?” – деген атына сай сынайды. Кемшілікке оқырманның көзін жеткізе дәлелдейді. Эстетикалық өрелілікке үндейді. Нақтырақ айтсақ, «Сыр сандықты ашып қарағанда...» деп аталағын мақаласында сыншы С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Ш.Айтматов, Қ.Нұрмаханов хат, күнделіктілерін назарға ала отырып мемуардың осы бір ішкі жанры жайында толғанады. Айтпақ ойлар, жазбақ шығармалар, сырқатқа байланысты мүжілу, қоғам дертіне байланысты қүйіну... соның бәрі де бар еken қаламгерлер күнделігінде. Күнделік те бір қарағанда түрмисстық жанр. Түрмисстық жанрдағы күнделік жазбаларын жазушы, ғалым, сыншының адами табиғаты, әдеби әлемі, шығармашылық қызығушылығы деген мәселелермен сабактастырып бағалы, мағыналы дүние шығарады. Күнделік қалай жазылуы керек, күнделік қандай болуы керек? Әдебиет нақты рецептивен жасалмайды. Соған қарастыңында күнделік әдебиет дүниесі ретінде құнды болмақ? Міне, ғалым сыншының басты назар аударған мәселелері. Сондай-ақ күнделікті түрмисстық жанрдан әдебиет жанрына көтеріп, оған жанрлық түрғыдан түнғыш рет баға беріп, талдайтын сыншы да Құлбек Ергөбек. Нақтырақ айтсақ, «Сыншы күнделігінен сабакталған тағдыр» деп аталағын көлемді мақаладагы сөз болатын жайлар отыздан аса бере о дүниелік болған Қалжан Нұрмаханов сонына қалдырған азын-аулақ күнделік

жазбалары, Ш.Айтматовпен жазысқан хаттары арқылы ашылады. Кезінде «Парасат поэзиясы» аталған сыншы мақаласы «Лениншіл жас» газетінің екі номерінде жарияланғаны мәлім. Сын тақырыбы, сыншы тағдыры жайында аса бір тебіреніспен жазылған Қ.Ергөбек мақаласына “Осы ретте жас сыншыларымыздың этикасы мен эстетикасындағы жақсы бір нышанды бөліп айтқымыз келеді. Болашақта бұл нышан дәстүрге айналып жатса құба-құп болар еді. Ол кейбір жас сыншыларымыздың аға ұрпақ – алдыңғы ұрпаққа деген байсалды көзқарасы, оның ішінде өмірдің қатал заны откен шақпен атауга мәжбур еткендердің толымды творчествосы туралы жылды ілтишатпен жазған мақалалары, атап айтқанда Қ.Ергөбековтың “Лениншіл жас” газетінің /21-23 июль, 1979 ж./ екі номерінде белгілі сыншы Қалжан Нұрмаханов туралы жарияланған “Парасат поэзиясы” деген парасатты мақаласы білімділікпен, адамгершілік рухпен жазылған.» – деп Сағат Әшімбаев сексенінші жылдың басында жоғары бағалаған екен.

Ал, енді кітапқа енген «Қос өрім» Рымғали Нұрғалиев, «Жауапкершілік мінбесінен» («Жалын» журналының 1987 жылғы № 1,2,3-сандарында жарияланған әдеби – сын материалдарына шолу, «Бір кітап және бірегей серия» - «жұмбақтау ғұмыр кешкен, тосын талант» - Т.Әлімқұлов, «тілді сыншы» - Төлеген Тоқбергенов жайында (1994), «Санадағы жарагалар» (1994) Тұрсынбек Кәкішев, «Кешеге іні, бүгінге ага Керекен...» Керімбек Сыздықов, (2001), «Абыз ақынды сағындырған еңбек» (2001) Ә.Мұсакұловтың кітабына алғысөз, «Дәлел мен дәйек» (2009-2013ж.) шолу, талдау мақалалардың арқауында жатқан кіндік мәселелер негізінен откен жылдар прозасының, поэзиясының тақырыптық, жанрлық, стильдік ізденістерін қамтып айтуға арналған сыншының ой-толғамдары, пікір-байламдары орынды, орнықты көрінеді.

Сыншының шынайы әдебиет жанашыры ретінде осынау сирек таланттарға құрметпен қарап, олардың қаламынан қалған көркем дүниелерге жекелеген еңбектер арнауы немесе олардың таңдамалы жинақтарына алғысөз жазып, талдау мақалаларының арқауына негіз етуі танымдық, тағлымдық мәні зор қадам. Құлбек Ергөбек жазған әдеби сын зерттеулердің бәрі тікелей бір шығармаға айтылған әдеби сын емес, тұтас қазақтың сан жылдық әдеби үрдісін қорытындылаған, талдаған еңбектер деп ойлаймыз. Ал, бұл деңгейге, мұндай өреге алымды-шалымды, аса талғамды, талдай отырып толғай алатын талантты сыншығана бара алады. Жалпы, кітапты оқып шыққаннан

кейін, біздің ойымызша, сыншы қаламына тән басты ерекшелікті ажыратып айту қажет. Ең алдымен, оның сөз етіп отырған объектісіне байланысты қай мәселені көтермесін, соны немқұрайды сөз етпей, шынайы сезіммен теренген толғап, нені айтса да жүрек тұбінен тебіреніп айтуы. Қай тұлғаны танып-талдамасын, ғылыми тұргыда сараламасын, оның қос-қабат өмірдегі тыныс-тіршілігіне де терең үңіліп, ерекшелігін танытатын фактілердің бірде-бірін көзден таса қалдырымайтын алымды-шалымдылығы. Жекелеген тұлғалар өміріне үңілу арқылы жалпы жанр сипаттын байыптаиды. Қ.Ергебектің сыншылық қолтаңбасы материал мәтіннен бірден сезіледі. Оның мақала, естелік, эссе, ғылыми зерттеулері тілге өте жеңіл, тартымды оқылады. Әсіресе, ой-пікірді айшықтап жеткізу, стильтік тұрғыдан шегелей, ширықтыра қайыру мақсатында танымдық аясы кең, еткір сөздер сыншының ой-арнасында жарасым тауып, көздеген нысанасын дәл тауып, тап басуға, пікір байламын түйіндеп ұсынуға жол ашады. Қ.Ергебек өзге жанр секілді, сын жайында жазғанда да дерек, документті оңтайлы пайдаланады. Сондықтан, оның жазғандары әдеби сын мен деректі шығарма шебінде жазылады. Сын мақалаларында фабула бар. Қай еңбегі де көркем тілмен оқырманын ынтықтыра жазылады. Мақалаларының композициялық бітіміне, формасына жіті зер салады. Сондықтан толғаныстары тартымды шығады. Қызығып оқылады. Ойландырады. **Салмақты ой – нақышты сөзбен табиғи жымдастып жатады.** Әр еңбегі Алаш рухымен сабактас өріледі.

Сын – қын жанр. Жазушы көркем ойласа, сыншы силлогизммен ойлайды. Сыншы ойын қорытуы оны философия, лингвистика, тарих дегендегі білім-ғылымның әралуаң саласына алып кетуі де мүмкін. Бұл жағдайда сыншы тұлғасында сан-алуаң ғылым үлгісі бас қосып, ғылыми нәрі тоғысып жатуы мүмкін. Сол сияқты сын бұл орайда әралуаң қоспадан бас құраған кешенді дүние болып шығуы керек. Сынның жүрдек оқыла бермейтіні, тіпті тартымсыз шыға беретіні де жанрдың осындей табиғатынан туындарды. Сынды, тартымсыз дей отырып, сын және сыншы жайында соншалық тың форманы ойнатып, сұлу стильтік нақышпен ынтықтыра, қызықтыра жаза алу – сөз жоқ – Құлбек Ергебектің шеберлігі. Бәлкім танымы да, танытуы да бөлек Г.Бельгердің Құлбек Ергебек туралы: «Ол еліктіреді, қызықтырады, ойландырады, толғандырады, интригаға да апарады... әйтеуір сені бейтарап қалдырымайды. Оқытады...»-дейтіні де осыдан болса керек. Қорыта келгенде, көрнекті әдебиет сыншысы Құлбек Ергебектің «САРАСӨЗ» кітабы – көркем әдебиетті жарлай насихаттай жүріп,

өздері ұмыт қала беретін әдебиеттанушылар еңбегін көрсететін бастамасымен сауапты, байсалды мінезімен жауапты кітап. Сыншылық шеберлігінің шындалуының айқын көрінісі. Бұл күндері Қ.Ергебек білімімен, мәдениетімен, әділдігімен, сынға деген адалдығымен сыншылық шеберліктің шыңында жүрген, бір қазақ әдебиеті ғана емес, күллі түрік дүниесіне танымал көрнекті ғалым. 58 кітап, мындан астам сын мақала жазған сыншы. Оның енбектері күні бүгінге дейін түркіе, өзбек, қыргыз, татар, башқұрт, саха, орыс тілдеріне аударылып жарияланған. Ендігі шығармашылық белестерде де қазақ оқырманы, түрік дүниесі оқырманының қолынан сыншы, көрнекті ғалым, профессор Құлбек Ергебектің тың туындыларын, жаңа кітаптарын көре беретінімізге сеніміміз зор! Қолымыздың «САРАСӨЗ» - қазақ әдеби сынныңдағы өз беті, өз пайымы, өз танымы бар, содан туындастын өзіндік саралау мәнері, талдау мінезі бөлек дара сез!

ТҰЛҒА

А.З.ВАЛИДИ ТОҒАН
ЕСТЕЛІКТЕР

Ибрагим Қасқынбай

Ал, Ибрагимнің өзі осынау башқұрттарға жақсы үлгі бола білді. Таудағы табындарды сұық түскенге дейін баққанымызда салт атпенен 200 шақырым қашықтықты жүріп өтуге тұра келеді. Әкесінің үйретуімен Ибрагим Науайдін, Осман әдебиетінің өкілі Языжы-оғлының «Мұхаммаддия» шығармаларынан үзінділерді, Кемал Умуми диуанының көп жерлерін, парсы тіліндегі Хафиз диуанының бөліктерін, Аттардың өлеңдерін, сондай-ақ Тамерлан заманында аса қадірленетін «Нұзат үл-арухах» атты шығармалардың көптеген жерлерін жатқа айтатын. Кейініректе, 1913 жылы Бұхарага келгенімде бұл кітапты көріп, оны қайта-қайта сан рет оқы отырып, марқұм бол кеткен Ибрагим досымды есіме алдым. Соңан соң бұл шығармалардың суреттері мен берілген кейбір нұсқалары қолыма тұсті. Шамседдин молданың парсы тілінде бернеше жыл жазған құнделік түріндегі жазбалары мен шығармаларының бірнеше дәптерлері бар еді. Олардың мазмұнының қандай екендігін және олардың қайда жоғалып кеткенін іздестіруге ол кезде мұршам жоқ еді. Мереке дастарханы төңірегінде Ибраһим екеуміз қымызды сіміре отырып, өте құрделі және таңдамалы шағатайлық поэтикалық туындыларды оқытын едік. Әйтсе де, қымыз ішіп, ол басқа шапқаннан соң халықтық созылыңқы тамаша әуендерді әуелететін-біз. Ибрагим сансызы әуендерді Қурайда орындастын. Оның қуатты да, тембрлік жағынан өте сұлу, жағымды дауысы бар еді, өзінің дауысының жаңғырығын есту үшін Тақия Сусак тауының биік шоқсыына шығып алғып ән салуды және Қурай тартуды жақсы көретін.

Ибрагимнің ауылында ежелгі түрік ойындары рет-ретімен орындалатын. Мысалы, Карагас Қасқынбай жайлауында аттың үстінде шауып келіп жердегі қамшыны алу бойынша жарыс өткізілетін. Мұның үдесінен шыға алмағандардың арқасына қамшымен «дүре» соғылатын, мұндайда шәрманда болмауы үшін салт аттылы әрі қарай шауып кететін, ал басқалары оған жетеп алғып, тиісті соққыны жаудыратын-ды. Егер бұл олардың қолынан келмесе соққы олардың өздеріне қаратыла берілетін. Осы сияқты жайты Әлішер Науай да сипаттап жазған екен. Ол өзінің Anatологиялық түріктерден шыққан

* Қурай – біздің кәдімгі сыйызғымыз.

досы Сары Туламен ат бәйгесінде жарысқанын айтқан, тау-тасты жерлер, жазық, егістік немесе құм төбелерді басып өтіп, ол маған жеткізбеуге тырысатын, ал мен ышқына қуамын кеп... Ибрагим осы тәріздес мазмұндағы көптен-көп өлеңдерді жатқа айтатын.

Сонымен бірге башқұрттар арасында жігіт пен қызы ойыны да бар болатын. Егер жігіт салт атты қызды қуып жете алмаса, оның арқасына қамшымен осып жібереді, ал егер оның үдесінен шыға алса, ол қыздың бетінен сую құқын алады. Ибрагимнің туысы Оркия осындай қыздардан еді. Ол мұндай ойын-жарыстарға құлшына қатысатын. Ал Ибрагимнің Ақ-келін лақап атымен шақырылатын келіншегі де жасқаншақ емес еді. Менің жас бала кезімде үлкен әпкелерім – Мағия мен Гүлсімнің де жігіттерге есесін жібермейтінін көрген едім. Әйтсе де, ауыл тұрғындарының көшілігін татарлар құраған кезде, біздің әйелдеріміз олардың ынғайымен жүріп-тұратын болды, бетін орамалының ұшымен ғана жартылай жауып жүретін болғандықтан, атты салт міну туралы сөз қозғаудың өзі де мүмкін емес еді. Бұл татарлар арасында мұсылман мәдениеті мен дәстүрлері әлі де мығым еді. Бурзяндық башқұрттарда түріктік әдет-ғұрыптар ұзағырақ сақталынды. Керемет жорғаны мініп шыққан Оркияны қуып жеткен жігітке өзіне сүйгізу қаупі төнетінінен ол қаймықпады, керісінше атын желіктіру үшін бұрынғы башқұрт дастандарының «Қара жорға» («Черный иноходец») өуендерін салатын: «Салт атты көркем қызды сүйіп алуға, аяулы ханымды құшақтауға жол бермеймін». Бұл өлеңдегі башқұртша «бидің қызы», яғни «княз қызы» ұғымының орнына «Күйеуінің қарындасты» сөзі қолданылады. Халық әндереі мен кубаирларында ұғымдардың орнын ауыстырып айту әдеті болған, соған қарамастан ноғай мәдениетінің айқын өсері әбден көрінеді. Мұның бәрін тек едәуір кешірек ұғына бастадым. Мұндай жарыс ойындарда кей-кейде Оркияны қуып жетіп алғып, қолынан шап беріп ұстай алатынмын, бірақ та оны сүйіп алуға дәтім жетпейтін, өйткені біздің ауылда жұрттың көзінше қыз баланың бетінен сую шектен шыққан азғындық саналатын. Мұндай көріністі тамашалаған егде жастағы башқұрттар: «Біз болсақ, сүйіп алар едік, сен де сейтсөнші!» деп айғай салып, күліп, әзіл сөздерін айтатын-ды. Мен жорға мінген қызды қуып жете алмай қалғанымда, олар Ақ-Килен қызға қараты: «Огрей мына татардың арқасын тіліп жіберші» деп айғай салатын. Әңгіме мынада еді: біздің ауылдың татарлары біздерді башқұрттар деп, ал бурзандықтар – татарлар деп билетін.

Қасқынбай отбасында өте жақсы қымыз ішілетін, ал күзде Ызмуға, яғни Агидельдің саласы Алакоян өзенінің жағалауында орналасқан қыстауымыздың қайтқанымында медовуха дайындалып, әсем әндер мен билер биленетін, отырыстар ұйымдастырылатын. Соған қарамастан 5 дүркін намаз оқу міндетті болатын. Рамазан айында ораза ұстамаған адамды елестету қын болар еді.

Халық дастандарына, ұлттық ойындар мен жарыстарға деген құштарлықты әкемнің інісі Уәли молда мен Қасқынбайлар қүшейткен еді. Ибрагимнің анасы да, және оның жас келіншегі де, молдалардың екі қызы да өжет және батыл жандар болып, оқи да және жаза да білетін еді.

Менің басқа достарым

Балалық шағымдағы ең жақын достарым – менің немере ағам Нұрмұхаммет, Макар ауылы имамының ұлы – Фазиз және сол деревнядағы бастауыш орыс мектебінің оқытушысы Мифтахятдиннің ұлы – Әмір Кармыш (Кармышев) еді. Нұрмұхаммет мектепті ерте тастан кеткен, онымен бірге ормандағы жұмыстарға баратын едік, қойларымызды бірге жүріп бағатынбыз, қыстың күні қоян аулайтын едік. Фазиз Троицкідегі медреседе оқыды және сол уақыттың өзінде орыс мектебіне қатынап жүрді, өлең де жазатын-ды. Зайнулла-ишанның медресесінде олар кейінректе танымал болған ақын-жазушылығы бар Мәжит Faуруимен бірге оқыған. Жазғы демалыс айларында олар екеуі бірге қазақ далаларына барып балаларды оқытатын-ды, ал күзге салым үйлеріне қайтатын. Сол кездегі Фазиздің поэтикалық дарыны Faурға қарағанда өлдекайда жарқын болып көрінді, бірақ оның жарық көрген шығармалары жоқ еді. Ал Мәжиттің бірді-екілі поэтикалық жинағы шыққан болатын. 1907 жылы мен ақсандаш жүретін бұл ақынмен кездескен сияқтымын. Кейінректе ол Фазиз екеуі біздікіне келіп жүрді. Екеуі де дауыстап өлеңдерін оқытын және менің ата-аналарым оларға үлкен ілтипатпен қарап, өлеңдерін тындағатын еді. Мәжиттің жинақтан орын алған бір өлеңін оқығаны есімде. Оның мағынасы мынаған саяды: «Башқұрттар Дим мен Агидель анғарларында емін-еркін өмір сүрген халық еді, келімсек жатжұрттықтар келіп алғып оларды тұтқындарына айналдыры». Мәжит менен жеті-сегіз жас үлкен еді, ғазиз – бес жас, ал Әмір менен екі жас кіші еді. Соған қарамастан, ол да Мәжит, Faури мен Фазиздің өлеңдерінің терең мағынасын ұққандай еді, оларды жатқа айтатын. Өмір бар ынтасымен орыс тілін үйреніп, әскери оқу орнына түсті,

офицер атанды, ақырында 1917 жылы біздер үйымдастырған бірінші атты полктың, содан соң – дивизияның қолбасшысы болды.

Әмірдің туған-туысқандары – Карамышевтер оқыған, білімді жандар еді. XVIII-XIX ғасырларда олардың көбісі башқұрт әскерлерінде офицерлер болып қызмет атқарды, түрлі әкімшілік лауазымдарды, оның ішінде кантон бастығы лауазымын иеленді. Жоғарыда атап өткеніміздей, менің немере ағаларым майор Юсуфтің басқаруымен әскери бөлімдерде қызмет атқарды. Карамышевтар да баяғыдан бері көшпелі тұрмыстан баз кешкен-тін, олардың ауылдағы тұрмыстық мәдениеті жоғары деңгейде еді, үйлері әктеліп, айналасында мәуелі ағаштар, негізінен алма ағаштары жайқалып тұратын, әдемі бау-бақшасы бой көтерген. Майор Юсуф орыс тілінде сырдария бойындағы орман-ағаштардың, ауылдардың және қазақтардың қоғамдық тұрмысы жайлы жазылған бірнеше еңбектерін жариялаған. Біздерге және Карамышевтердің Қасқынбайларына ең жақын жүрген адам – жасы ұлғайған Гомер қажы еді. Ертеректе Башкортостанның ішкі өмірі бойынша дербестігі өз қолында болған кезде ол кантон бастығы еді, Түркия мен Хижазда болған, сондай-ақ Зайнулла-ишанның жақын досы еді. Карамышевтардан Ахмет есімді бір кісі император отбасының мүшелеріне қымыз дайындау үшін өзінің әйелімен бірге қатарынан бірнеше жыл Германияға қатынаған. Олар табындарынан арнайы биелерді таңдал өздерімен бірге товар вагондарында апарған. Алайда, бұл отбасынан Әмірдің әкесі – Мифтах Карамышев – орыс тілінің мұғалімі баршаның құрметіне бөлениген еді. Бұл отбасының көптеген мүшелері кейінректе Башкортостанның дербестігі үшін жүргізілген күрес барысында менімен бірге әскерде және мемлекеттік мекемелерде түрлі жауапты міндеттерді атқарған.

Менің басқа жақын достарым бізден онтүстікке қарай жердегі Сайран деревнясынан шыққандар болатын. Ал Арцев ауылынан біздерді жақын тартып жүргендер Бекболат – хазіреттің, Нуримуәдзин мен Ильяс қажының ұлы Усман қажының отбасылары еді. Бұл отбасылардың балалары әкемнің медресесінде оқыды. Олар да 1917 жылдан кейін біздің қозғалысымызға қатысып, әр түрлі қызметтерді атқарды. Олардың бірі Фабдкля – кантон Ильясов еді.

Әкемнің Троицкіге жасаған саяхаты

Әкем тараپынан жыл сайын шілде айында Иремель тауларының сілемдерінде үйымдастырылатын шөп шабу науқаны өте көңілді өтетін. О жаққа біздің руымызыдың Ильчик-Тимеров әулетіне жататын

біздің туысқандарымыздың көпшілігі жиналатын. Бұл өзінідік бір отбасылық мереке болып, көп мал сойылып, мол тамақ желінетін. Шөп шабу науқаны біткеннен соң әкем өзінің «тамырлары» мен шейхтеріне қарай жолға шығатын. Ұзын-сонар саяхаты Троицкідегі өзінің рухани тәлімгері Зайнулла ишанның қолын алудың аяқталатын. Жолшыбай Қыпшақ және Бурзян руларынан шыққан достары мен шейхтарының жайлауларында діни, илаһият, кейде саяси тақырыптар бойынша әңгіме-мәжіліс құратын. Қайтар жолында әкем аңыздық Сурабатырдың ұрпақтары болып табылатын, қазақ-мұсылмандар тұратын Магади және Әмір деревняларына соғатын, жолшыбай Тангауыр, Тұнқатар, Тамъян және Катай рулары қоныстанған жерлерге тоқтайтын, көптеген жолдас-жораларымен кездесіп, сұхбаттасатын. Бұл саяхаттың жыл сайын қайталанып отыратын маршруты әдетте бір жарым айға созылатын. Олардың үшеуінде мен де қатысып жүрдім. Мениң міндетім аттар мен арбаға қарау еді. Бұл саяхаттаудың менің барлық рухани өміріме өте зор әсері болды. 1904 жылғы саяхат орыс-жапон соғысымен тұспа-тұс келді; ал 1905 жылғы саяхат – орыс революциясымен, ал 1906 жылғы жиһанкездік – Орыс Мемлекеттік Думасы төңірегіндегі күреспен байланысты тасқынды оқигалармен қатар келді. Мен діни мистиканы (тылсымды) үнатпайтын едім. Екі жүзді көрінетін шейхтерді кәдімгідей жек көріп, аза бойым қаза болатын. Сонымен бірге менің әкемнің рухани тәлімгері болған Муллакай деревнясынан шыққан Фабдулла хазірет, Құлбахты деревнясының тұрғыны Фабделханнан, Троицкілік Зейнулла-ишан сияқты шейхтерге шексіз құрмет білдіретін едім, өйткені бұлар адамгершілігі және ізгі ниеттілігі, ахлақтығы мол, ең шынайы тұлғалар еді. Бұл үш шейхтан мен кейбір ізгі істерді үйрендім. 1906 жылы біздер Зайнулла-ишанға үшінші рет барғанымызда, ол маған айрықша назар аударды. Мениң жас ерекшелігіме қарамастан, менімен маңызды тақырыптар тұрғысынан әңгімелесті, тұрлі сауалдар қойып, менің жауаптарымды ыждағатпен тыңдады және терең мағыналы кеңестер берді. Оның мені жан-жақты байқамақшы болғаны білініп тұрды. Бір күні таңғы шайда ол тағы да сауалдар бере бастады, мен оларға білгенімше жауап қатып отырдым. Бұдан соң ол жұрттың көзінше «Ала ғой ұлым, мүмкін, өзіңе бірдеңе аларсың», деп жай ғана үн қатты да, он тының алтын монетаны маған қарай үзатты. Бұл ақшага мен татардың «Хезмәт» («Еңбек») деп аталатын кітап дүкенінен Фазалидің теологияны сынға алған шығармасын, оның Мысырда және Стамбулда шыққан ислам философиясы мен әлеуметтануы мәселелерін

қарастырган шығармасын, физика мен астрономия бойынша кітаптарды, Л.Толстойдың «Крейцерова соната» кітабын, орыс романдарының арабша аудармаларын, «Түрікше-французша тілдескішті» сатып алғып, содан соң орыстың кітап дүкеніне бас сұғып, одан мен Л.Толстойдың 1891 жылғы аштық жөнінде жазылған «Голодные годы» шығармасын алдым.

Бірнеше күннен кейін шейх менің ол берген ақшаны қайда жұмсағанымды білгісі келетінін айтты. Алған кітаптарымды бірме-бір санап бердім. Ол менің орыс тілін үйренгенімді, және французшаны да менгөруге ықылас қойғанымда риза болып құптасты. Физика мен математикадан кітаптарды алғанымды мақұлдан, жылы лебізін білдірді. Ашаршылық жылына бағышталып жазылған Толстойдың кітабын алғанымды айрықша тілге алды. Ол: «Сен өте қажетті шығарманы сатып альпсың» деді. Шейх бұл ақшаны маған сынау үшін берген болуы керек. Кейінгі сұхбаттарда ол қандай кітаптарды оқып үлгердің және олардың мазмұны қандай еді, дегендегүрақтарды жаудыртты. Мен Фазалидің «Жалған жолға тұсуден құтқарушы» деген кітабын алғанымды есіне салғанымда шейх бұл кітаптың мағынасын түсіне қою саған қын болар деді. Мен мұндай кітаптарды араб тілін жақсырақ менгеруім үшін алатынымды айтқанымда, шейх арқамнан мақұлдай қағып, тағы да ақша берді. Басқа сұхбаттар кезінде шейх тағы да менің жас екенімे қарамастан өзіңе мақұл келетін, қажет кітаптарды таңдастың деді. Әлбетте, баршамыз тарарапынан құрметтелетін шейхтің мақтауы маған күшті әсер етіп, жан жүрегімді шабыттандыра аларлық күшке толдырды. Егер мұның бірде-біреуі болмағанда, мені шабыттандыра аларлық барлық оқиғалардың күесі болмағанымда, менің өмірім мен тұла бойым ғылымнан ада болып өтер еді. Дәл осындай жайт туралы қазан шайыры Фабдолла Тоқай да жазған екен: «Мениң жетімдік пешенеме жазылған көресінім аз емес еді, бірақ менің дамуымның тура жолын таңдауым үшін халқымның қолпаштап отырғанының маңызы зор болды».

Егер аса құрметті шейх ықыласы мен назарын маған аудармағанда, кім біледі, бәлкім мен де өзімнің он бес жасымда көптеген басқа құрдастарым сияқты бай саудагерлердің кәдімгі жалға берілетін дүкеншісі болар ма едім.

Біздің қазақтар және Сібір (Түмен) татарларымен байланыстарымыз

Бұл саяхаттар бізді Орталық және Шығыс Башкортостанмен гана емес, қазақтармен де байланыстар орнатуға мүмкіндік берді және

олар 1917-1918 жылдары башқұрттың үлттық қозғалысын үйімдастыру кезеңінде пайдасын тигізіп, кәдеге асты. Башкортостан мен Қазақстан арасында орыс губерниясын құру мақсатында патша ұқіметі Жайық өзені жағалауларындағы қазақтардан миллиондаған гектар жерлерін тартып алғып, оларды шығысқа қарай ығыстырган. Бірақ та 1904 және 1905 жылдары қазақ рулары, өсіресе қыпшақ тайпасынан шыққандар башқұрт жерлерімен шектескен далаларда көшпелі мал шаруашылығымен айналысады жалғастыра берді. Біздер оларға дейін барып, әкемнің екі бай достарының үйінде бірнеше күн қонақта болдық, олар – Найза және Нұрпей қажы деген кісілер еді. Нұрпей қажы әкемнің құрдасы болатын, кейінректе олар Мекеге қажылыққа бірге барған. Нұрпейдің тұрағы Троицкінің шығысында, Ерқарағай деген жерде болатын. XVIII ғасырдағы башқұрт көтерілістерінің барысында мұндағы қыпшақтар, патша әскерлері құғындаған башқұрттарға даладағы қазақтар арасында жасырынуына мүмкіндік беріп, патша шенеуніктерінің оларды ұстап беру жөніндегі талаптарын орындаған. Нұрпей-қажы көптеген халық дастандарын білген, өте сирек кездесетін ақын еді. Мениң оның аузынан көптеген өлеңдерді жазып алдым. Советтер қазақтың көрі ақыны Нұрфайыз Байғанин олардың пайдасына қызмет етіп, үгіт-насихат істерін жүргізген-міс деп жазады. Оның кейбір шығармалары тіпті радиодан да берілген. Кейінректе мен бұл ақын Байғанин деп жүргеніміз біздің Нұрпей-қажы екендігін кездейсоқ біліп қалдым. Ол нағыз мұсылман және өз халқына ақырына дейін адал берілген адам еді. Нақ сол адам «Қобыланды» атты ұлы дастаның ен толық және жетілген вариантын білген және жатқа айтатын еді.

Әкеммен бірге саяхаттап жүрген кезімізде тептірлік Ахун ауылынан шыққан Мұса-қажының ұлдарымен, Тамъяндық Чекмагуш деревнясының тұрғындары Фабдел-латиф-хазіреттің, Тунгатарлық башқұрттардан болатын Иса-ахунның балаларымен танысып, достасып кеттім. Олардың бәрі оқыған, ойлы жандар еді. 1917-1918 жылдары, біздің азаттық күресіміз кезінде олардың әрқайсысы жауапты тапсырмаларды орындаған, маңызды қызметті атқарды. Ал Тамъяндық Мұса Мұртазин біздің екінші дивизиямыздың басшысы болды.

1907 жылы әкем және немере ағам Хабибназар поезбен (Уфа-Челябинск) Троицкідегі Зайнулла-ишиңға барған. Мен оларды атпен Давлеканово станциясына дейін апарып салдым, сонда 16 жасымда бірінші рет темір жолды көрдім. Алыстан қаранғыда паровоздың жарықтары көрініп, жақындаған сайын от шаша жарқырай түсті. Аттар

ұркіп, бір орында тұра алмай тыптыршып кетті. Арбамыз бір үйдің қабыргасына барып соқтықты. Тек станцияға аз-ақ қалған жерде ғана мен үріккен аттарды өрең дегендे тоқтата алдыым. Әкем мен немере ағам арбадан секіріп түсіп кеткен еді, сондықтан олардың аман қалғанына құдайға мың да бір шүкіршілік етемін.

Бұл жолы Троицкіден соң әкем әрі қарай Манжил қалашығындағы досы Ныметулла-қажының үйіне тұра тартты, одан Сібір автономиясының атақты жақтаушысы, орхон-енесей түрік жазуын тұңғыш ашқан Ядринцевтің саяси бағытта жазылған «Сибирь как колония» және «Сібірдің бұратана халқының жағдайы» атты екі кітабын маған өкең берді. Әкем тұңғышым орыс тілін біледі деп қалған да, Нығметулла-қажы, бұл екі кітапты маған атап берген екен, мұның өзі менің тағдырым үшін маңызы зор болды. Бұл екі кітапты бар күшімді сала, мүмкіндігімді пайдаланып ретімен әкем мен немере ағама аударып беріп, олардың мағынасын таратса түсіндірдім. Біз өлкедегі бұратаналар жойылуға душар етілген деп санайтындармен ешбір келіспеген едік, бұл халықтардың тағдыры мен жалпы тендікке қол жеткізуге құқының бар екендігін қызу талқыладық. Екі кітап та менің саяси өремнің өсуіне мықтап тұрып өсер етті. Манжилге әкеме дейін-ақ әкемнің інісі – Уәли молда барған еді. Қандай жағдайда болса да біздің ата-бабаларымыздың Батыс Сібірдегі түмендік татарлармен байланыстарымыз ғасырлар тереңіне барып тоғысады.

Әкемнің діни көзқарастары

Жол жүріп келгеннен соң әкем бірден маған: «Фазханға кеттік», деді. Бұл Алақоянбашы ауылындағы Қасқынбаевтардың бірі еді. Мүмкін, оны Фазылулла немесе Фазылхан деп атаған шығар. Ол сақи және қабақ шытуды білмейтін, кеңпейілді тамаша мінезді адам еді. Ол әрдайым «Егер Ахметшах өзінің тәлімгерінен ишан атағын алса, мен оның бірінші мұриді боламын», деп қайта-қайта айтатын. Ақырында, сол жылы Зайнулла-ишан әкеме шейх дәрежесін беріп, тіпті оның дәлелі ретінде жазба куәлігін де табысталды. Алайда әкем: «Басқа заман келді, ендігі жерде мистикаға орын жоқ – ол етіп кетті. Мен ишан болсам да өзіме ешкімді ізбасар-мұрид етіп алмаймын, өзімді ишан деп атауға да жол бермеймін. Тек Фазылханды ғана мұрид етіп аламын, өйткені бұл орайда оған уәде еткен едім», деп мәлімдеді.

Фазхан орта дәүлетті нағыз ауылдың тұрғыны еді. Муллакай-хазіреттің шәкірті болған, парсы тілін менгерген және арабшаны да біледі, бізден жұз шақырымдай қашықтықта тұратын. Оның үйіне

жақындай беріп, мен әкемді аттан тұсіруге жәрдемдеспекші болғанымда, үйден өлдекандай өзгеше айғай естілді, бірақ бізді қарсы алуға ешкім де шықпады. Ақыр аяғында Фазхан көрінді, оның әжептөүір ішіп алғаны білініп тұрды. Әкемді құшақтап аттан тұсірді, содан соң үйге кірдік. Оның тұрағынан медовуханың иісі аңқып тұрды. Әкем жиіркене: «Шошқалардай тойып алыпсындар ғой», деді. Фазхан: «Сіздің келетініңізді сезіп бал кеспегі нар астына жасырынып қалды. Қонақтар да терезеден шығып кетті» деп жауап қатты. Біраздан соң Фазхан кешкі намаз кезінде көзіне жас алды. Олар әкеммен бірге мұсылмандар сүйіп оқитын Ясаудің көптеген сопылышқ өлеңдерін оқыды: «Сырттан қарағанда сен сопыға үқсайсың, бірақ нағыз мұсылман бола алмадың» және т.б. Сондай-ақ олар Муллагұл тарапынан осы мазмұндас парсы тілінде жазылған көптеген өлеңдерді де оқыды. Мәулөна Шамси Тәбризидің қаламынан шыққан деп саналатын өлеңдердің мазмұны мынаған саяды: «ішетін адам сені жылы шыраймен қарсы алады, сенің назынды орындаиды, сен үшін жоқ нәрсенің өзін тауып береді, артықша деп есептелінетін нәрседен сені құтқарады, сен тек оған ғана құлақ аласың, екі қолынның кісендеулі екенін байқамайсың. Әйелдердің көптеген басынды айналдырлық баурап алатын қылышына тап боласың, барлық төрт жағың қыбла боп көрінеді, аспандағы ай сауық-сайранмен өтетін үйқысыз тұндерінің қарауылшына айналады. Бұл сенің жүрегіңе жақын сүйікті адам керек болса да саған қанат бітіреді және қас-қағым сәтте сен тұңғызыққа батасың да кетесің, қозрала да алмай қаласың. Қас-қағым сәтте таң шапағы ләззатын сезінесің және сол кезде тұннің қара тұнегі... Ол сені үрейден құтқара алады. Сен естен адасқан жандай күле беретін боласың және өлік сияқты тас сияқты мұсінге айналасың. Ешқандай қырсық шалмайды деп ойлайсың, өйткені рухың да жоқ қой және тек қана тәнің бар, бескэттылығың жоқ, оның тек көленкесі ғана қалған. Жаман атыңың шығуынан қорықпа – басқалар қорыққан нәрседен қорықпайтын болсан, жарқын жүзді боласың». Мойындауым керек: мұндай ұзыннан ұзақ сопылышқ уағыздарды ұнатпаушы едім және олардың жарық дүниедегінің бәрін ұмытып осындай өлеңдерді оқып елігуі менің ашуымды келтірді. Әкемді нақты өмірге қайтару үшін және шектен тыс сопылышқ поэтикалышқ экстазын өуестенуден олардың көнілін басқа жаққа аудару үшін мен қатты сөйлем кететін едім: «Әке, аттарды суару уақыты келді емес пе?» «Суар» – деді әкем және естен танғанша елігу жақсы емес деп менің оларды тоқтатқаныма риза болды: «Мен өз дінімді сүйемін және өлеңдерді де ұнатамын,

бірақ шамадан тыс сопылықты жақтырмаймын». Сол күні намаздан соң әкем Фазханды мұридтікке қабылдады және өзі де ишандыққа ант берді. Екінші күні Фазхан әкемнің құрметіне бие сойды, қонаққа округтың барлық молдаларын және мәртебелі кісілерін шақырды және жаңа ишаниның құрметіне ас берді. Бұл отырыс Күзен мен Қасқынбай үрпақтарының арасындағы достықтың нығайтылуы мен жалғасуы үшін өткізілді. Кешке қарай мен Ибрағим Қасқынбайдың үйіне бардым. Медовуханы ішіп уақыт өткіздік. Бұл күнөмізді білген әкем оның үйіне келмедин. Қасқынбайдың да қазақтардың қыпшақ руымен жіті байланысы үзілмеген еді. Ибрағим бұрынғыдай маған қазақ ақыны Сайдалиннің өлеңдерін және «Қыз жібек» дастанын оқып берді. Оның марқұм бол кеткен әкесі Троицкіде тұратын жазушы Сайдалинмен достасқан еді. Ибрағим оның қазақ тіліне аударған Пушкин өлеңдерінің көптеген аудармаларын есінде сақтаған еді. Ол өте намысқой жан еді: «Молда шейх болды, ешкімді өзіне мұрид етіп алмады және мені ғана алды». Бұл Муллагұл сияқты тамаша адам еді, қарым-қатынаста өте шынайылық танытатын, көптеген өлеңдер мен халық дастандарын жатқа айтатын. Кей-кейде жолдастарымен бірге жүргенінде хмельдік ішімдіктерді теріс көрмейтін, бірақ ешуақытта намазын қалдырмайтын, сонымен бірге Алланың өзіне де тілі тиіп кететін. Ол Анатолиялық дәруіш (Баба Афдал) сияқты еді, өзінің шарабын құя отырып, басқаларға емес, құдайдың өзіне қарата «құдайым-ай, шынымен сен де массың ба?» деп дағуа айтатын.

Бірде әкем басқа деревнядағы достарына кетті, мен бір жұма бойы Фазханмен бірге болдым. Тамыз айының ыстық күндерінде қурап қалған шөпті жинауга кеткен Фазхан бір күні үйіне қайтпады. Кейінректе менің «кешкі намазды ұмытып кеттіңіз ғой», деген сауалыма ол былай деп жауап қатты: «Намазды шөп сияқты шауып, қораға әкеле алмайсың. Құдай күте тұрады, ал шөп күтпейді. Қаза болған намазды қайтадын оқуға болады, ал шөп мәселесінде мұндай айла-шарғы жасап бағуға болмайды. Мұны мен құдайдан да жақсы білемін». Әкем оның бірден-бір мұридінің аузынан осындағы күпірлік сөздердің шығатынын білер еді, дегенмен де әкем: «башқұрттарды алдаң патшаның жер өлшеусімен болған төбелесте «Фазхан алдыңғы тістерін сындырып алған. Ол бүкіл өмірі бойы мұсылмандарға тек жақсылық жасап жүр, сондықтан құдай оған тіл тигізгендін кешіреді. Ол көргендерімнің ішіндегі ең шын берілген мұсылман, құдайдың ең сүйікті пенделерінің бірі» деді. Бұл ретте әкемнің сопылық пен мұсылмандықтың мәнін қандай түсінгендігі айқын көрінді. Осыдан

соң Фазхан медовуханы ішуден бас тартты. Әкем: «менің ишандығымның жалғыз пайдасы – бұл Фазханды медовухадан құтқару болды» – деп қулана зілсіз әзілдеді. Соңда мен әкемнің қалжыңының өзі қашшалықты әсерлі болғанын көрдім.

Күз мезгіліндегі біздің тұрмысымыз

Күзде мен ормандар және таулардағы омарташылықта бал жинаумен айналысатынмын. Бұл жұмыстарды Күлгін деревнясындағы Махмұт Кафи және Бурзяндық Ибрагим Қасқынбай есімді достарыммен бірге атқаратын едім. Физикамен де шұғылдана бастадым. Троицкіге барғанымда физикалық приборларды әкеліп, әкемнің бір бөлмесіне қойдым. Ол бөлме физикалық лабораторияға айналды да қалды. Біздер электр тогын беретін аспап жасауга және медресе мен үй арасында «морзелік» телеграф байланыс орнатуға кірестік. 1907 жылы Троицкіден глобус әкелдік. Шәкірттерімізге астрономиядан дәріс бере бастадым. Мұнда Фламмарион еңбектерінен пайдаландым. Бұл шәкірттер үшін өте қызықты да тартымды көрінді. Әкеме бұлардың бәрі үнай қоймады. Ол Жердің өз осінен айналатыннына сенбейтін. Жазда бөлмеде қалыш кеткен глобусымызды тышқандар кеміріш тастапты. Әкем күліш «жердің айналатыннына тіпті тышқандар да сенбейді», деп бізді әжуалады. Физикадан орыс тіліндегі оқулықтардан басқа Стамбулда шықкан түрік тіліндегі оқулықтарым да бар еді.

Омарташылыққа бағышталған кітаптарды оқып шықтым. Арапар өте сезімтал жанды мақұлық және оларға зияның тимесе болды, саған тиіспейді.

Күздегі маңызды жұмыстарымыздың бірі қысқы соғымға дайындық еді. Қазы дайындастынбыз. Әрбір қожайын алыс-жақыннан келген туысқандарымен бірге жақадан жасалған өнімнен дәм татқызуды өзінің борышы деп білетін.

Балдан медовуханы да жасай беретінбіз. Бұл сусынды кейір башқұрт имамдары да ішетін-ді. Біздің алдырыақ бір ағайынымыз – Әділ есімді имам діндарлардан бал альш, оны медовуха жасауға пайдаланатын. Діндарлар оны өте жақсы көретін.

Қысқасы, күзде бал жинамай қайтшайтынбыз. Табын-табын жылқыларымыз да қысқа дейін тебіндең жүре беретін. Қар қалың түскенде ғана олар орманда дайындаған қойылған шөпке лап қоятын. Біздер еркін де, асау жүрген жылқыларды ұзын қампымен жуасыттынбыз. Башқұрттарда сол сияқты қыңыр әйелдерді де қампымың астына альш тұра жолға салатын әдеті болған.

Аударған – Сайран Ә.
(Жалғасы. Басы еткен сандарда)

МАЗМУНЫ, CONTENTS

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

Идельбаев М.Х. (Уфа) Idelbayev M.H (Ufa)	Природа и содержание авторской изустной поэзии туркских народов Nature and Content of Author Oral Poetry of the Turkic Peoples	3-11
Агаева Ф.А. (Баку) Agayeva F.A. (Baku)	Абаеведение (История исследования жизненного и творческого пути Абая) Study of Abay's Literary Activity (Abay's Life and Creative Activity Investigation History)	12-18

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Бутанаев В.Я. (Абакан) Butanayev V.J. (Abakan)	Топонимика старого города Ташкента Toponyms of the old city of Tashkent	19-37
Әбүшәріпұлы С. (Түркістан) Abusharipuly (Turkistan)	С. Қожанұлының ұлт және мемлекет туралы көзқарастары S.Khozhanov's opinion about the nation and government	38-57
Зориктуев Б.Р. (Россия) Г.Одбаяр (Монголия) Zoriktuev B.R. (Russia) Odbayar G. (Mongolia)	Некоторые данные о происхождении и ранней истории баргутов Китая Research Data on Origins and Early History of the Bargut People in China	58-66
Салғараулы К. (Астана) Salgarauly K. (Astana)	Ата ізі Африкада да бар There are traces of ancestors in Africa	67-88
Ергөбек Ш. (Алматы) Ergobek Sh. (Almaty)	Бөкей ордасының пайда болуы мен ондағы саяси- құқықтық ойлардың қалыптасуының мәселелері Issues of policy and the emergence of human horde Bokey	89-110
Альжанова Э. Касымбеков А. (Түркістан)	XIX ғасыр жазба дереккөздеріндегі Орта Азиялық түркілердің тарихи-этнографиялық коллекцияларының виртуалды кітапханасы Virtual Library Historical and Ethnographic Collection Central Asian Turks in Written Sources in XIX Century	111-119

СЫН

Досыбаева А. (Шымкент)	Алаш рухы анғарылады... (Сыншы, фалым профессор Құлбек Ергебектің «Сарасөз» аталаатын сын мәселелеріне арналған еңбегі хакында)	120-129
Dosybayeva A. (Shymkent)	I feel the spirit of Alash... (A book dedicated to the critical issues Sarasoz, criticism, research professor Kulbek Ergobek)	

ТҮЛІФА

З.В. Тоган Z.V.Togan	Естеліктер Memoirs	130-140
-------------------------	-----------------------	---------

БАЙЛАНЫС

Түркология ғылыми-зерттеу институты
Түркістан/ҚАЗАҚСТАН
e-mail: turkologi@mail.ru

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Онтустік Қазақстан облысы Түркістан қаласы
Тәуекешан даңғылы № 7
Телефон. 8 (72533) 3-21-17
Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын turkology.iktu.kz сайтынан оқуга болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.